➤ Интегрировать адаптивную физическую культуру в индивидуальные программы развития;

➤ Согласовывать цели между педагогами, дефектологами, эрготерапевтами и спортивными специалистами;

➤ Организовывать малые группы (3–5 участников) с дополнительным ассистентом.

*Для государственных органов и НПО*

1. Создать региональные центры адаптивного спорта;

2. Субсидировать участие семей с низким доходом;

3. Разработать стандарты подготовки специалистов по адаптивной физкультуре для людей с РАС;

4. Вести мониторинг результатов (единые шкалы, база данных).

Полученные данные анкетирования свидетельствуют о высокой степени удовлетворённости участников различными аспектами реализуемой программы. Наибольшие положительные отклики вызвали направления, связанные с физическим развитием, снижением мышечного напряжения, а также вовлечённостью ребёнка в занятия и удовлетворённостью родителей результатами. Это говорит о высокой эффективности подхода, ориентированного на комплексное развитие когнитивных, эмоциональных, поведенческих и физических навыков. В то же время, умеренные оценки по некоторым когнитивным и поведенческим критериям указывают на потенциальные зоны для дальнейшего совершенствования программы. Таким образом, результаты анкетирования не только подтверждают положительное восприятие со стороны участников, но и служат основой для улучшения методических подходов. Особенно важным является сочетание как количественных, так и качественных данных обратной связи, позволяющее глубже понять реальные изменения в состоянии и поведении детей. Это подчёркивает ценность обратной связи как инструмента постоянной коррекции и повышения эффективности программ поддержки и развития.

## ЗАКЛЮЧЕНИЕ

В последние десятилетия проблема социальной адаптации лиц с РАС приобретает не только медицинское, но и выраженное социально-политическое измерение. Речь идёт не просто о расширении диагностической статистики, а о трансформации нормативных представлений о включённости, автономии и равном доступе к общественным благам. Таким образом, феномен РАС оказывается встроенным в более широкий дискурс социальной справедливости и прав человека, где вопрос адаптации выходит за пределы клинической коррекции и становится предметом институциональной ответственности. РАС характеризуются особенностями социальной коммуникации, поведенческой регуляции и сенсомоторной организации, что объективно осложняет участие в институционально организованных формах социальной жизни. Однако мы исходим из того, что барьеры социальной интеграции обусловлены не только индивидуальными особенностями, но и структурными ограничениями среды — от дефицита специализированной инфраструктуры до недостаточной межведомственной координации. Это указывает на наличие системного перекоса, при котором ответственность за адаптацию имплицитно возлагается на индивида, тогда как институциональная среда остаётся инертной.

В этом контексте физическая активность и адаптивный спорт следует рассматривать не как вспомогательный реабилитационный ресурс, а как социальный механизм перераспределения возможностей участия. Мы утверждаем, что спорт в данном случае выполняет функцию институционального посредника, способного смягчать структурные барьеры и создавать альтернативные каналы социальной интеграции. Исследования демонстрируют, что систематические занятия способствуют развитию моторных навыков, сенсомоторной координации и выносливости, а также оказывают влияние на когнитивные функции — внимание, исполнительный контроль, рабочую память. Вместе с тем позитивные изменения в эмоциональной сфере — снижение тревожности, повышение устойчивости к стрессу — позволяют говорить о спорте как о факторе психоэмоциональной стабилизации.

Проведённое исследование позволило эмпирически подтвердить значимость физической активности как структурного элемента комплексной поддержки лиц с расстройствами аутистического спектра (РАС). Вместе с тем мы утверждаем, что полученные результаты следует интерпретировать не только в плоскости индивидуальных улучшений, но и как индикатор институционального потенциала адаптивного спорта в системе социальной политики.

Анализ анкетных данных показал устойчиво высокий уровень удовлетворённости участников и их родителей, что проявляется в положительной динамике моторных навыков, поведенческой регуляции, стрессоустойчивости и вовлечённости в занятия. Данные свидетельствуют о том, что структурированная спортивная среда выполняет функцию социального медиатора, формируя условия для постепенного расширения агентности и участия лиц с РАС в общественной жизни. Особенно выраженный эффект зафиксирован в домене физического развития и эмоциональной вовлечённости, что подтверждает тезис о первичности телесно-поведенческой регуляции в процессе социальной адаптации.

В то же время выявленные ограничения — прежде всего в сфере коммуникативной трансформации — указывают на неоднородность эффектов и необходимость дальнейшей междисциплинарной интеграции. Мы полагаем, что без включения специализированных логопедических и социально-коммуникативных методик спортивные программы рискуют ограничиться преимущественно соматическим эффектом, не достигая полноценной социальной интеграции.

Полученные результаты актуализируют вопрос институционализации адаптивного спорта в Казахстане. Расширение инфраструктуры, стандартизация подготовки специалистов, формирование системы мониторинга эффективности и интеграция адаптивной физической культуры в образовательные практики должны рассматриваться как стратегические

приоритеты государственной политики. В противном случае инклюзия останется декларативной категорией, не обеспеченной устойчивыми механизмами реализации.

Таким образом, физическая активность в форме специализированных спортивных программ выступает не только инструментом повышения качества жизни лиц с РАС, но и показателем зрелости социальной системы. Продолжение исследований в данном направлении позволит перейти от фрагментарных инициатив к системной модели инклюзивной политики, ориентированной на снижение институционального отчуждения и расширение реальных возможностей участия.

Расширение доступа к программам двигательной активности и инклюзивного спорта следует рассматривать как одно из приоритетных направлений социальной трансформации, направленной на формирование более справедливого и инклюзивного общества в Казахстане.

#### *Перспективы дальнейших исследований*

Настоящее исследование открывает ряд направлений, требующих дальнейшего теоретического и эмпирического осмысления.

Во-первых, представляется целесообразным расширение сравнительного измерения. Сопоставительный анализ казахстанского опыта с практиками России, Турции и стран Европейского союза позволил бы выявить институциональные различия в моделях адаптивного спорта и определить факторы, способствующие более устойчивой интеграции лиц с РАС. Подобный сравнительный ракурс повысил бы международную релевантность результатов и способствовал бы включению казахстанского кейса в более широкий научный дискурс.

Во-вторых, перспективным направлением является углубление методологического инструментария за счёт качественных методов. Проведение глубинных интервью с родителями и участниками программ позволило бы раскрыть латентные механизмы выявленных количественных эффектов и прояснить причинно-следственные связи между участием в спортивных программах и изменениями в когнитивной или коммуникативной сфере. Такой подход обеспечил бы более комплексное понимание субъективного опыта семей и уточнил бы интерпретацию статистических данных.

В-третьих, исследование носит поперечный (cross-sectional) характер, что ограничивает возможность оценки устойчивости выявленных эффектов во времени. Перспективным представляется переход к лонгитудному дизайну, предусматривающему многолетнее наблюдение за участниками программ, что позволило бы оценить долговременное влияние адаптивного спорта на траектории социальной адаптации.

Таким образом, дальнейшие исследования могут быть направлены на расширение сравнительного анализа, интеграцию качественных методов и формирование лонгитудных моделей мониторинга, что обеспечит более глубокое и многоуровневое понимание роли адаптивного спорта в социальной интеграции лиц с РАС.

#### **Литература:**

1 Всемирная организация здравоохранения. 2 ноября, 2023. [Электронный ресурс]: — Режим доступа: <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/autism-spectrum-disorder> (дата обращения: 18.03.2026).

2 Factcheck.kz <https://factcheck.kz/o-proekte>. 02.10.2023. [Электронный ресурс]: Детский аутизм в Казахстане: препятствия на пути к инклюзивному обществу. — Режим доступа: <https://factcheck.kz/mneniya/detskiy-autizm-v-kazahstane-prepyatstviya-na-puti-k-inklyuzivnomu-obschestvu/>. (дата обращения 18.03.2026).

3 Ayres M., Parr J., Rodgers J., Mason D., Avery L., Flynn D. A systematic review of quality of life of adults on the autism spectrum // National Library of Medicine. — 2018 № 7. — P. 774 —783.

4 Sahin, M., & Sur, M. Genes, Circuits, and precision therapies for autism and related neurodevelopmental disorders. Science // National Library of Medicine. — 2015. — №6263. — P. 350.

5 Ozonoff S., Young G.S., Steinfeld M.B., Hill M.M., Cook I., Hutman T., Sigman. *How early do parent concerns predict later autism diagnosis?* // *Journal of Developmental and Behavioral Pediatrics*. — 2019. — № 5. — P. 367–375.

6 Lincoln A.J., Allen M.H., & Kilman A. *The Assessment and Interpretation of Intellectual Abilities in People with Autism* // *Learning and Cognition in Autism*. — 2015. P. 89–117.

7 Scottish Intercollegiate Guidelines Network. *Assessment, Diagnosis and Interventions for Autism Spectrum Disorders Key to Evidence Statements and Recommendations* // *A national clinical guideline*. Edinburgh, Scotland. — 2016. — P. 29–31.

8 Pavlova I., Bodnar I., Hamade A., Mosler D., Małolepszy E., & Drozdek-Małolepsza T. *Relation between quality of life and physical literacy of young adolescents with Autism Spectrum Disorder* // *International Journal of Special Education*. — 2022. — Vol.36. — № 2. — P. 13–26.

9 Bremer E., Crozier M., & Lloyd M. *A systematic review of the behavioural outcomes following exercise interventions for children and youth with autism spectrum disorder* // *Autism*. — 2016. — Vol.20. — №8. — P. 899–915.

10 Pan C.Y., *Effects of water exercise swimming program on aquatic skills and social behaviors in children with autism spectrum disorders* // *Autism*. — 2010. — Vol.14. — №1. — P. 9–28.

11 Healy S., Nacario A., Braithwaite R. & Hopper C. *The effect of physical activity interventions on youth with autism spectrum disorder: A meta-analysis* // *Autism Research*. — 2018. — Vol.16. — № 6. — P. 818–833.

12 Petrus C., Adamson S.R., Block L.A., Einarson S.J., & Sharifnejad M. *Effects of exercise on the stereotypic behaviors and physical activity level of children with autism spectrum disorder* // *Physical & Occupational Therapy in Pediatrics*. — 2008. — Vol.28. — №2. — P. 2–15.

13 Baranek G.T. *Efficacy of sensory and motor interventions for children with autism* // *Journal of Autism and Developmental Disorders*. — 2002. — Vol.32. — №5. — P. 397–422.

14 Sowa M. & Meulenbroek, R. *Effects of physical exercise on autism spectrum disorders: A meta-analysis* // *Research in Autism Spectrum Disorders*. — 2012. — Vol.6. — № 1. — P. 46–57.

15 Zhang J., & Griffin M. *Including children with autism in general physical education: Eight pillars for success* // *Journal of Physical Education*. — 2007. — Vol.78. — №3. — P. 29–34.

16 Bissarinova A. *Parent-mediated physical activity intervention for children with autism spectrum disorder* // *School of Medicine*. — 2023. — № 3. — P. 1-12.

17 Абенова Н., Аубакирова С. *Применение адаптивной физической культуры в работе с детьми с расстройствами аутистического спектра в Казахстане: пилотное исследование* // *Журнал. Теория и методика физической культуры*. — 2025. — № 10. — С. 1-14.

18 Капышева У.Н., Каратай Ж., Бахтиярова Ж.К., Жаксымов Б.И. *Influence of Midlands as a Means of Strengthening Immunity in Children with Autism Spectrum Disorders* // *Autism and Developmental Disorders* — 2020. — Vol. 18. — № 4. — С. 43–51.

### References:

1 Vsemirnaia organizatsia zdavoohranenia. November 2, 2023. [electronic resource]: URL: <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/autism-spectrum-disorder> (circulation date: 18.03.2026).

2 Factcheck.kz <https://factcheck.kz/o-proekte>. *Detskiy autizm v Kazahstane: prepätstvia na puti k inklüzivnomu obşestvu*. 02.10.2023. [electronic resource]: URL: <https://factcheck.kz/mneniya/detskiy-autizm-v-kazahstane-prepyatstviya-na-puti-k-inkluzivnomu-obschestvu/>. (circulation date: 18.03.2026).

3 Ayres M., Parr J., Rodgers J., Mason D., Avery L., Flynn D. *A systematic review of quality of life of adults on the autism spectrum* // *National Library of Medicine*. — 2018 № 7. — P. 774 —783.

4 Sahin, M., & Sur, M. *Genes, Circuits, and precision therapies for autism and related neurodevelopmental disorders*. *Science* // *National Library of Medicine*. — 2015. — №6263. — P. 350.

5 Ozonoff S., Young G.S., Steinfeld M.B., Hill M.M., Cook I., Hutman T., Sigman. *How early do parent concerns predict later autism diagnosis?* // *Journal of Developmental and Behavioral Pediatrics*. — 2019. — № 5. — P. 367–375.

6 Lincoln A.J., Allen M.H., & Kilman A. *The Assessment and Interpretation of Intellectual Abilities in People with Autism* // *Learning and Cognition in Autism*. — 2015. P. 89–117.

7 Scottish Intercollegiate Guidelines Network. *Assessment, Diagnosis and Interventions for Autism Spectrum Disorders Key to Evidence Statements and Recommendations* // *A national clinical guideline*. Edinburgh, Scotland. — 2016. — P. 29–31.

8 Pavlova I., Bodnar I., Hamade A., Mosler D., Małolepszy E., & Drozdek-Małolepsza T. *Relation between quality of life and physical literacy of young adolescents with Autism Spectrum Disorder* // *International Journal of Special Education*. — 2022. — Vol.36. — № 2. — P. 13–26.

9 Bremer E., Crozier M., & Lloyd M. *A systematic review of the behavioural outcomes following exercise interventions for children and youth with autism spectrum disorder* // *Autism*. — 2016. — Vol.20. — №8. — P. 899–915.

10 Pan C.Y., *Effects of water exercise swimming program on aquatic skills and social behaviors in children with autism spectrum disorders* // *Autism*. — 2010. — Vol.14. — №1. — P. 9–28.

11 Healy S., Nacario A., Braithwaite R. & Hopper C. *The effect of physical activity interventions on youth with autism spectrum disorder: A meta-analysis* // *Autism Research*. — 2018. — Vol.16. — № 6. — P. 818–833.

12 Petrus C., Adamson S.R., Block L.A., Einarson S.J., & Sharifnejad M. *Effects of exercise on the stereotypic behaviors and physical activity level of children with autism spectrum disorder* // *Physical & Occupational Therapy in Pediatrics*. — 2008. — Vol.28. — №2. — P. 2–15.

13 Baranek G.T. *Efficacy of sensory and motor interventions for children with autism* // *Journal of Autism and Developmental Disorders*. — 2002. — Vol.32. — №5. — P. 397–422.

14 Sowa M. & Meulenbroek, R. *Effects of physical exercise on autism spectrum disorders: A meta-analysis* // *Research in Autism Spectrum Disorders*. — 2012. — Vol.6. — № 1. — P. 46–57.

15 Zhang J., & Griffin M. *Including children with autism in general physical education: Eight pillars for success* // *Journal of Physical Education*. — 2007. — Vol.78. — №3. — P. 29–34.

16 Bissarinova A. *Parent-mediated physical activity intervention for children with autism spectrum disorder* // *School of Medicine*. — 2023. — № 3. — P. 1-12.

17 Abenova N., Aubakirova S. *Application of adaptive physical education in working with children with autism spectrum disorders in Kazakhstan: a pilot study* // *Journal. Theory and Methodology of Physical Education*. — 2025. — № 10. — P. 1-14. [in Rus]

18 Kapysheva U.N., Karatai Z.K., Bakhtiyarova S.K., Zhaksymov B.I. *Influence of Midlands as a Means of Strengthening Immunity in Children with Autism Spectrum Disorders* // *Autism and Developmental Disorders* — 2020. — Vol. 18. — № 4. — P. 43–51. [in Rus]

А.Д. Тастанова<sup>1\*</sup> , Қ.С. Бағашаров<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

\*e-mail: [Tastanovaassem90@gmail.com](mailto:Tastanovaassem90@gmail.com)

## ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДА ТОЛЕРАНТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ

### Аңдатпа

Бұл зерттеу Қазақстандағы толеранттық сананың қалыптасу үдерісінде ұлттық құндылықтардың құрылымдық және нормативтік рөлін мәдени-аксиологиялық парадигма аясында талдайды. Толеранттық бұл жұмыста әлеуметтік төзімділік формасы ретінде ғана емес, тарихи жадыға, мәдени кодтарға және нормативтік иерархияларға негізделген азаматтық субъектіліктің институционалдық құрамдас өлшемі ретінде қарастырылады. Ұлттық құндылықтар статикалық дәстүр жиынтығы емес, көпэтносты қоғам жағдайында әлеуметтік интеграцияны реттейтін динамикалық нормативтік ресурс ретінде интерпретацияланады.

Зерттеу теориялық талдауды университет студенттері арасында жүргізілген сауалнама деректерімен ұштастырады. Нәтижелерге сәйкес, респонденттердің 80,7%-ы толеранттылық ұғымымен таныс екенін көрсетсе, 89,4%-ы конфессияаралық бейбіт қатар өмір сүру мүмкіндігін қолдайды. Алайда талдау декларативті келісім мен нақты әлеуметтік өзара әрекет көрсеткіштері арасында толық сәйкестік жоқ екенін анықтайды. Бұл құндылықтық қолдау әрдайым әлеуметтік арақашықтықтың қысқаруына немесе мәдениетаралық өзара ықпалдастықтың артуына алып келмейтінін білдіреді.

Зерттеу толеранттық сананың орнығуы құқықтық реттеу тетіктерімен шектелмей, мәдени-аксиологиялық құрылымдар арқылы институционалдануы тиіс деген тұжырымды негіздейді. Ұлттық құндылықтарды білім беру және азаматтық саясатпен жүйелі ұштастыру әлеуметтік келісімді нығайтудың маңызды алғышарты ретінде қарастырылады. Ұлттық құндылықтарды плюралистік қоғамдағы толерантты көзқарастарды дамытумен байланыстыра отырып, зерттеу этносаралық және дінаралық келісімді нығайтудың мәдени негізделген стратегияларын ұсына отырып, тұжырымдамалық теория мен эмпирикалық түсінікті байланыстырады. Бұл тәсіл посткеңестік контексттердегі толеранттылық туралы академиялық түсінікті байытып қана қоймай, сонымен бірге Қазақстанда құндылыққа негізделген азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етеді.

**Түйін сөздер:** толеранттық сана, ұлттық құндылықтар, азаматтық бірегейлік, аксиологиялық құрылым, әлеуметтік интеграция.

A.D. Tastanova<sup>1\*</sup>, K.S. Bagasharov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Abay Kazakh National Pedagogical University  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University  
Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: [Tastanovaassem90@gmail.com](mailto:Tastanovaassem90@gmail.com)

## THE ROLE OF NATIONAL VALUES IN SHAPING TOLERANT CONSCIOUSNESS IN KAZAKHSTANI SOCIETY

### Abstract

This study analyzes the structural and normative role of national values in shaping tolerant consciousness in contemporary Kazakhstan within a cultural-axiological framework. Tolerance is conceptualized not merely as a behavioral disposition but as an institutionalized dimension of civic subjectivity grounded in historical memory, cultural codes, and normative hierarchies. National values are interpreted as dynamic normative resources regulating processes of social integration in a multi-ethnic society.

The theoretical analysis is combined with survey data collected from university students. The findings indicate that 80.7% of respondents are familiar with the concept of tolerance, while 89.4% acknowledge the possibility of peaceful interreligious coexistence. However, the results reveal a discrepancy between declarative endorsement and actual patterns of social interaction, suggesting the presence of a structural gap between normative affirmation and lived practice.

The study argues that the sustainable consolidation of tolerant consciousness cannot rely solely on legal-institutional mechanisms; it requires institutional embedding within culturally grounded axiological structures. The systematic integration of national value frameworks into educational and civic policy is identified as a critical condition for strengthening social cohesion. By linking national values to the development of tolerant attitudes in a pluralistic society, the study connects conceptual theory and empirical understanding, suggesting culturally informed strategies for strengthening interethnic and interreligious harmony. This approach not only enriches academic understanding of tolerance in post-Soviet contexts, but also contributes to the formation of a value-based civic identity in Kazakhstan.

**Keywords:** tolerant consciousness, national values, civic identity, axiology, social integration.

Тастанова А.Д. <sup>1\*</sup>, Бағашаров К. <sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: [Tastanovaassem90@gmail.com](mailto:Tastanovaassem90@gmail.com)

## РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В ФОРМИРОВАНИИ ТОЛЕРАНТНОГО СОЗНАНИЯ В КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ

### Аннотация

Данное исследование анализирует структурную и нормативную роль национальных ценностей в формировании толерантного сознания в Казахстане в рамках культурно-аксиологической парадигмы. Толерантность рассматривается не только как поведенческая установка, но и как институционально закреплённый компонент гражданской субъектности, укоренённый в исторической памяти, культурных кодах и нормативных иерархиях.

Национальные ценности интерпретируются как динамический нормативный ресурс, регулирующий процессы социальной интеграции в многоэтническом обществе.

Теоретический анализ сочетается с результатами опроса студентов университета. Согласно данным, 80,7% респондентов знакомы с понятием толерантности, а 89,4% признают возможность мирного межконфессионального сосуществования. Вместе с тем выявлено расхождение между декларативной поддержкой толерантности и реальными практиками социального взаимодействия, что указывает на наличие структурного разрыва между ценностным одобрением и повседневным поведением.

Исследование показывает, что устойчивое формирование толерантного сознания невозможно исключительно через правовые механизмы и требует институционализации в культурно-аксиологических структурах. Системная интеграция национальных ценностей в образовательную и гражданскую политику рассматривается как ключевое условие укрепления общественного согласия. Связывая национальные ценности с развитием толерантных установок в плюралистическом обществе, исследование объединяет концептуальную теорию и эмпирическое понимание, предлагая культурно обоснованные стратегии укрепления межэтнического и межконфессионального согласия. Такой подход не только обогащает академическое понимание толерантности в постсоветском контексте, но и способствует формированию ценностно-ориентированной гражданской идентичности в Казахстане.

**Ключевые слова:** толерантное сознание, национальные ценности, гражданская идентичность, аксиология, социальная интеграция.

## КІРІСПЕ

Қазіргі жаһандық трансформациялар кезеңінде толеранттық феномені тек моральдық категория ретінде емес, әлеуметтік тұрақтылық пен саяси орнықтылықтың институционалдық шарты ретінде қарастырыла бастады. Геосаяси шиеленістердің өсуі, мәдени әртүрліліктің кененуі және сәйкестік дискурстарының қайта құрылуы көпэтносты қоғамдарда әлеуметтік келісімнің құндылықтық негізін қайта пайымдауды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, толеранттықты тек мінез-құлықтық икемділік немесе құқықтық нормалардың нәтижесі ретінде түсіндіру жеткіліксіз; ол азаматтық субъектіліктің аксиологиялық құрылымымен тығыз байланысты кешенді әлеуметтік құбылыс.

Қазақстан қоғамы тарихи тұрғыдан этномәдени және конфессиялық әркiлiлiкiн бiрiктiрген күрделi әлеуметтiк кеңiстiк ретiнде сипатталады. Мемлекеттiк деңгейде этносаралық келiсiмдi қамтамасыз ететiн институттар қалыптасқанымен, толеранттықтың декларативтi дискурсы мен оның нақты әлеуметтiк практикадағы көрiнiсi арасындағы сәйкестiк мәселесi ғылыми тұрғыдан жүйелi түрде зерттелмеген. Бiз бұл алшақтықты тек эмпирикалық емес, теориялық проблема ретiнде қарастырамыз: нормативтiк келiсiм мен күнделiктi өзара әрекет арасындағы диссонанс қандай құрылымдық факторлармен түсiндiрiледi? Қазiргi жаһандану мен цифрлық трансформация жағдайында қоғамдық сананың трансформациялануы дәстүрлi институттардың рөлiн қайта қарауды талап етедi. Бұл зерттеуде бiз ұлттық бiрегейлiк пен азаматтық жауапкершiлiктiң өзара байланысын зерделеймiз. Әлеуметтiк стратификация мен миграциялық процестердiң әсерiнен туындайтын жаңа сын-қатерлер, толеранттылықтың символдық капиталдан шынайы интеграциялық құралға айналу тетiктерiн анықтауды қажет етедi. Осы тұрғыда бiздiң талдауымыз әлеуметтiк тұрақтылықты сақтаудың стратегиялық бағыттарын ғылыми негiздеуге мүмкiндiк бередi. Осы зерттеудiң негiзгi мақсаты – Қазақстан жағдайында ұлттық құндылықтардың азаматтық сана құрылымындағы орны мен олардың толеранттық бағдарлардың қалыптасуына ықпал ету механизмдерiн теориялық және эмпирикалық тұрғыдан талдау. Бiз толеранттықты әмбебап либералдық-құқықтық модельдiң туындысы ретiнде ғана емес, тарихи жады, мәдени код және дәстүрлi этикалық иерархия арқылы институционалданатын мәдени-аксиологиялық құрылым ретiнде қарастырамыз. Бұл позиция толеранттық феноменiн универалистiк құқықтық парадигма мен мәдени-

спецификалық құндылықтық модель арасындағы парадигмалық кернеу аясында талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу келесі теориялық-эмпирикалық міндеттерді шешуге бағытталған:

1. Толеранттық ұғымының философиялық және әлеуметтік өлшемдерін концептуалдық деңгейде айқындау;

2. Қазақстан қоғамындағы толеранттықтың институционалдық және мәдени детерминанттарын талдау;

3. Ұлттық құндылықтардың толеранттық сананы қалыптастырудағы құрылымдық рөлін анықтау;

4. Жастар арасындағы толеранттық деңгейін эмпирикалық деректер негізінде бағалау және декларативті ұстаным мен практикалық мінез-құлық арасындағы сәйкестікті талдау.

Ұлттық құндылықтар мен толеранттық мәселесін қарастырған алдыңғы зерттеулер, мысалы, Ғабдолла мен Русланұлы, Дариябек пен Нұрмұратов көбіне мәдени-тарихи немесе салыстырмалы сипатта жүргізілген. Алайда бұл еңбектердің басым бөлігінде толеранттық азаматтық субъектіліктің нормативтік құрылымымен жүйелі түрде байланыстырыла бермейді. Біз осы жерде концептуалдық кемшілік бар деп пайымдаймыз: толеранттықты мәдени дәстүрлердің ішкі аксиологиялық логикасынан бөліп қарастыру оның институционалдық орнығу механизмдерін түсіндіруді әлсіретеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы ұлттық құндылықтарды тек символдық мәдени капитал ретінде емес, толеранттық сананың қалыптасуын медиаторлайтын құрылымдық фактор ретінде қарастыруында. Философиялық талдау жастар арасында жүргізілген сауалнамалық деректермен ұштастырыла отырып, теория мен эмпирия арасындағы байланысты күшейтеді.

Бұл тәсіл толеранттықтың жария дискурстағы нормативтік бейнесі мен нақты әлеуметтік тәжірибедегі көрінісі арасындағы қайшылықтарды айқындауға мүмкіндік береді. Біздің ұстанымымыз бойынша, толеранттық сананың тұрақты орнығуы құқықтық регламенттер арқылы ғана қамтамасыз етілмейді, ол ұлттық құндылықтарды білім беру саясатына, мәдени стратегияға және азаматтық интеграция бағдарламаларына жүйелі түрде енгізу арқылы институционалдануы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу Қазақстандағы әлеуметтік келісім моделін құндылықтық-аксиологиялық негізде қайта концептуализациялауға бағытталған және қоғамдық саясатты мәдени-идеялық ресурстармен байланыстыру қажеттігін негіздейді.

Құндылықтар жүйесін зерттеуде классикалық Батыс аксиологиясының (Лотце, Виндельбанд, Риккерт) нормативтік принциптері [10, с.47] мен қазіргі заманғы эмпирикалық модельдер (Хофстед, Шварц, Рокич) [18, 241б.] негізге алынды. Сонымен қатар, Қазақстанның әлеуметтік кеңістігіндегі толеранттылықтың этикалық қырларын негіздеу үшін әл-Фараби, Ж.Баласағұн және А. Яссауи мұраларындағы әділеттілік пен рухани келісім концепцияларына теориялық ретроспекция жасалды [26, 19 б.]. Бұл еңбектердегі ұлттық мәдени код пен әлеуметтік реттеу тетіктері туралы тұжырымдар зерттеуіміздің концептуалдық өзегін құрайды. Құндылық ұғымы Батыс және Шығыс ойшылдарының еңбектерінде кеңінен талқыланады. Демокрит, Эпикур, Платон, Аристотель, Дж. Бруно, Т. Гоббс, Д. Дидро, Г. Лейбниц, Ф. Бэкон, И. Кант, Г. Гегель сияқты батыс ойшылдары бұл ұғымға өз үлестерін қосқан [2, 153б.]. Ежелгі Шығыс философиясында ізгілік, адамгершілік, сұлулық, әсемдік, жанашырлық пен мейірімділік, жақсылық пен жамандық, әділеттілік, шынайылық, адалдық сияқты ұғымдар әр түрлі көзқарастарды тудырғаны белгілі. Шығыс ойшылдарынан Әбу Райхан әл-Бируни, Ибн Сина, Әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани, М. Қашқари, Ж. Баласағұн еңбектерінде құндылық адамның рухани-адамгершілік келбетін сомдайтын, рухани өсуге бастайтын ұғым ретінде түсіндіріледі.

### **ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ**

Осы зерттеу ұлттық құндылықтар мен толеранттық сана арасындағы құрылымдық байланысты анықтауға бағытталған аралас (mixed-methods) зерттеу стратегиясына негізделді. Мұндай интегративті тәсіл принципті түрде таңдалды, себебі толеранттық феноменін тек

нормативтік дискурс шеңберінде немесе тек сандық индикаторлар арқылы түсіндіру жеткіліксіз деп пайымдаймыз. Ұлттық құндылықтардың әлеуметтік әрекетке ықпал ету тетіктерін ұғыну олардың аксиологиялық мазмұнын да, нақты мінез-құлықтық көріністерін де қатар талдауды талап етеді. Зерттеу дизайны үш өзара байланысты деңгейден тұрады: а) философиялық-аксиологиялық концептуализация; ә) эмпирикалық өлшеу; б) құрылымдық-аналитикалық интерпретация. Бұл логика ұлттық құндылықтарды тек мәдени символдар жиынтығы ретінде емес, толеранттық сананың қалыптасуын медиаторлайтын нормативтік механизм ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

*Теориялық негізі:* Зерттеу аксиологиялық дәстүрге сүйенеді. Құндылықтар әлеуметтік шындықты ұйымдастыратын нормативтік құрылым ретінде қарастырылады [9, с.150]. Лотце мен Виндельбанд еңбектеріндегі құндылықтардың объективті-нормативтік сипаты зерттеудің методологиялық іргетасы болды. Біз толеранттылықты универсалистік құқықтық парадигма мен мәдени-аксиологиялық парадигма арасындағы кернеу аясында талдаймыз. Универсалистік модель толеранттылықты құқықтық теңдік пен институционалдық нормалар нәтижесі ретінде түсіндірсе, мәдени-аксиологиялық модель оны тарихи жады мен мәдени код арқылы интериоризацияланатын ішкі нормативтік құрылым ретінде қарастырады. Осы позиция ұлттық құндылықтарды тарихи жадының көрінісі, мәдени кодтың өзегі және азаматтық субъектілікті қалыптастырушы механизм ретінде интерпретациялауға мүмкіндік береді.

*Зерттеу моделі.* Зерттеу құрылымдық себепті-делдалдық (mediated structural model) логикаға негізделді. Аналитикалық тізбек келесі түрде құрылды: Ұлттық құндылықтар, нормативтік интериоризация мен азаматтық сәйкестік және толеранттық сана, әлеуметтік интеграция. Бұл модель ұлттық құндылықтардың толеранттыққа тікелей емес, азаматтық сәйкестік арқылы ықпал ететінін эмпирикалық деңгейде тексеруге бағытталды. Мұндай тәсіл декларативті құндылықтық келісім мен нақты әлеуметтік практика арасындағы сәйкестікті аналитикалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

*Эмпирикалық база.* Эмпирикалық зерттеу 2025 жылдың наурыз-маусым айларында Алматы қаласындағы ҚазҰҚПУ базасында жүргізілді. Ал іріктеу тәсілі мақсатты (purposive sampling) сипатта болды. Зерттеуге 2-3 курс студенттерінен құралған 254 респондент қатысты. Таңдау кезінде этникалық әртүрлілік, мәдени өзара әрекет тәжірибесі және азаматтық-этикалық пәндерге қатысу факторы ескерілді. Сондай-ақ, үлгінің тек әйел студенттерден тұруы нәтижелердің жалпылануы тұрғысынан шектеу қояды. Бұл фактор интерпретация барысында саналы түрде ескерілді.

*Сауалнама құрылымы.* Сауалнама төрт мазмұндық блоктан тұрды: толеранттылық ұғымының мазмұнын түсіну; этносаралық қарым-қатынас тәжірибесі; плюрализм мен мәдени әртүрлілікті қабылдау; конфессияаралық өзара әрекетке көзқарас. Қосымша ретінде респонденттердің жасы, этностық тегі және отбасылық дәстүрлік тәжірибесі туралы демографиялық деректер жиналды. Бұл айнымалылар бақылаушы факторлар ретінде қарастырылды.

*Деректерді талдау.* Сандық деректер IBM SPSS Statistics бағдарламасы арқылы өңделді. Қолданылған статистикалық әдістер: сипаттамалық статистика; Pearson корреляциялық талдауы; Cronbach's alpha коэффициенті (өлшеу шкалаларының ішкі консистенттілігін бағалау).

Корреляциялық талдау тек айнымалылар арасындағы статистикалық байланыстарды анықтау үшін ғана емес, теориялық модельдің құрылымдық дұрыстығын тексеру үшін қолданылды. Сапалық компонент ретінде фокус-топ форматындағы пікірталастар ұйымдастырылды. NVivo бағдарламасы арқылы жүргізілген тақырыптық кодтау құндылықтық декларация мен нақты әлеуметтік тәжірибе арасындағы ықтимал диссонансты анықтауға мүмкіндік берді. Бұл сапалық деректер сандық нәтижелерді тереңдетіп, интерпретациялық мазмұн берді.

*Этикалық рәсімдер:* Зерттеу ҚазҰҚПУ Этикалық комитетінің 12.03.2025 ж. №45 қаулысымен мақұлданды. Барлық қатысушылар жазбаша ақпараттандырылған келісім берді. Анонимділік пен деректердің құпиялылығы толық сақталды. Сонымен қатар зерттеу тәуелсіз

академиялық бастама ретінде жүзеге асырылды; қаржылық қолдау көздері болмады және мүдделер қақтығысы тіркелген жоқ.


*Әдіснамалық шектеулер.* Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау кезінде келесі шектеулер ескеріледі: үлгінің бір оқу орнымен шектелуі; гендерлік біртектілік; көлденең (cross-sectional) дизайнның себеп-салдар байланыстарын толық айқындаудағы шектеулілігі; әлеуметтік-қолайлы жауап беру ықтималдығы. Соған қарамастан, теориялық-эмпирикалық интеграция ұлттық құндылықтар мен толеранттық сана арасындағы байланысты құрылымдық деңгейде талдауға мүмкіндік береді. Алынған деректер теориялық-эмпирикалық тұрғыда маңызды үрдісті айқындайды: толеранттылық тек сыртқы мінез-құлық немесе декларативті көрсеткіш емес, ол терең мәдени-аксиологиялық интериоризация мен азаматтық сәйкестіктің қалыптасуымен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, толеранттықты кешенді, құрылымдық деңгейде талдау әлеуметтік келісімді нығайтуға бағытталған саясаттың тиімділігін арттырады және ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға жол ашады. Ал біздің ұстанымымыз бойынша, толеранттықты тек декларативті индикаторлар арқылы өлшеу жеткіліксіз; оны мәдени-аксиологиялық интериоризация және азаматтық сәйкестік құрылымымен байланыстыра талдау әлеуметтік келісім саясаты үшін анағұрлым негізді аналитикалық қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы ұлттық құндылықтар мен толеранттылық арасындағы *себенді-делдалдық (mediated causality)* моделіне сүйенеді. Осы модель аясында ұлттық құндылықтардың интериоризациялануы (отбасы, білім беру арқылы) азаматтық сәйкестікті қалыптастырып, сол арқылы толеранттық сана мен әлеуметтік интеграцияға ықпал ету тетіктері қарастырылады. Отбасы мен білім беру институттары арқылы берілетін құндылықтар тұлғаның әлеуметтік бағдарын айқындайтын, толеранттылық деңгейіне тікелей емес, жанама түрде ықпал етеді. Жоғарыда аталған теориялық негіздерге сүйене отырып, зерттеу барысында келесі эмпирикалық әдістер қолданылды: *Әлеуметтанулық сауалнама:* Құндылықтардың трансформациясын анықтау мақсатында респонденттер арасында құрылымдық сұрақтар жүргізілді. *Контент-талдау:* Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі толеранттылық дискурсына сапалық талдау жасалды. *Салыстырмалы-тарихи әдіс:* Дәстүрлі құндылықтар мен қазіргі әлеуметтік практикалар арасындағы диссонансты анықтау үшін қолданылды. Ұлттық құндылықтар мен толеранттылықарасындағы байланыс күрделі, көп деңгейлі және әлеуметтік институттар арқылы жүзеге асатын үдеріс.

## ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Эмпирикалық талдау барысында алынған деректер Қазақстан жағдайындағы ұлттық құндылықтар мен толеранттық сананың арасындағы байланыстың өте күрделі, көпқабатты және динамикалық құрылым екенін айқындайды. Зерттеу барысында қолданылған әдіснамалық құралдар декларативті деңгейдегі құндылықтық келісім мен нақты әлеуметтік практика арасындағы маңызды айырмашылықтарды статистикалық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді. Төменде алынған нәтижелер негізгі индикаторлар бойынша жүйеленген және тереңдетілген талдау арқылы ұсынылған.


*Толеранттылық ұғымын тану және когнитивтік қабылдау деңгейі.* Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің басым көпшілігі, атап айтқанда 80,7%-ы толеранттылық ұғымымен теориялық деңгейде таныс екенін мәлімдеді. Бұл ретте респонденттердің 82,3%-ы бұл феноменді «басқа мәдениеттер мен айырмашылықтарды түсіну және құрметтеу» ретінде дәл анықтаған.



**1-сурет.** Респонденттердің толеранттылық ұғымына таныс деңгейі (% бойынша)  
Ескерту: автордың жеке дереккөзінен

Аталған көрсеткіштер қазіргі жастар арасында толеранттылықтың когнитивтік-интеллектуалдық деңгейде қалыптасқанын айғақтайды. Дегенмен, бұл нәтижелерді тек позитивті индикатор ретінде қабылдау методологиялық редукцияға алып келуі мүмкін. Теориялық таныстық пен нақты әлеуметтік әрекет арасындағы сәйкестік мәселесін бөлек қарастыру қажеттілігі туындайды. Толеранттылықты анықтау қабілеті оның әлеуметтік практикада жүзеге асуын автоматты түрде қамтамасыз етпейді. Бұл жерде нормативтік келісім мен ішкі интериоризация деңгейі арасындағы алшақтық толеранттылықтың символдық сипатын күшейтеді. Яғни, субъект ұғымды білгенімен, оны өз құндылықтар иерархиясында басты орынға қоюға әлі де дайын емес екендігі байқалады.

*Этносаралық өзара әрекет және әлеуметтік дистанция индикаторлары.* Респонденттердің 48,2%-ы күнделікті өмірде басқа этнос өкілдерімен тығыз достық қатынастардың жоқ екенін көрсетті.




**2-сурет.** Респонденттердің этносаралық өзара әрекет және әлеуметтік дистанция индикаторы (% бойынша)

Ескерту: автордың жеке дереккөзінен

Бұл дерек толеранттылықтың символдық деңгейде мойындалуы мен нақты әлеуметтік байланыстардың құрылымдық шектеулілігі арасындағы диссонансты аңғартады.

Сонымен қатар, аралас неке мәселесіндегі пікірлердің амбиваленттілігі назар аудартады: респонденттердің 38,2%-ы мұндай некелерді қолдаса, 31,1%-ы қарсылық танытқан, ал 28,7%-ы бейтарап позиция ұстанған.




**3-сурет.** Респонденттердің аралас неке мәселесіндегі пікірлердің амбиваленттілігі (% бойынша)

Ескерту: автордың жеке дереккөзінен

Этникалық шекараларға қатысты бұл амбиваленттілік мәдени кодтың сақталу механизмі мен азаматтық универсализм арасындағы парадигмалық кернеудің нақты эмпирикалық көрінісі. Ұлттық сәйкестікті сақтауға ұмтылыс пен әлеуметтік интеграция қажеттілігі арасындағы теңгерім әлі де болса динамикалық, тұрақсыз күйде қалып отыр. Бұл нәтиже әлеуметтік дистанцияның когнитивтік деңгейден гөрі, эмоционалдық және практикалық деңгейде тереңірек екенін дәлелдейді.

*Плюрализмді қабылдау және мәдени әртүрлілікке көзқарас.* Плюралистік құндылықтарға қатысты жауаптардың құрылымы айтарлықтай күрделі нәтиже көрсетті. Респонденттердің тек 26,8%-ы ғана «әртүрлілік – қоғамның байлығы» деген тұжырымды толық қолдаса, 48,8%-ы бұл пікірмен келіспейтінін немесе оған күмәнмен қарайтынын білдірді.




**4-сурет.** Респонденттердің плюрализмді қабылдау және мәдени әртүрлілікке көзқарас деңгейі (% бойынша)

Ескерту: автордың жеке дереккөзінен

Бұл көрсеткіштер толеранттылықтың құқықтық-нормативтік деңгейде ресми қабылдануы мен мәдени-позитивті плюралистік сананың қалыптасу деңгейі арасындағы терең айырмашылықты айқындайды. Мәдени әртүрлілікті инструменталдық емес, іргелі құндылықтық ресурс ретінде қабылдау тетігінің әлсіздігі жастар арасындағы этноцентристік бағдарлардың әлі де сақталып отырғанын көрсетеді. Бұл жағдай қоғамда «өзгешелікті» қабылдау деңгейінің әлі де шектеулі екенін және мәдени плюрализмнің әлеуметтік капитал ретінде толық танылмағанын аңғартады. Мұндай нәтиже мемлекеттік ағартушылық және азаматтық интеграция саясатының мазмұнын қайта қарастыру қажеттігін негіздейді.

*Конфессияаралық толеранттылықтың ерекшеліктері.* Діни төзімділік индикаторы бойынша респонденттердің 89,4%-ы әртүрлі діни нанымдардың бейбіт қатар өмір сүре алатынын мойындады. Бұл конфессияаралық қатынастардың нормативтік деңгейде жоғары

легитимділікке ие екенін білдіреді. Алайда, практикалық деңгейде респонденттердің 43,3%-ы басқа діни мерекелерге немесе рәсімдерге қатысудан бас тартатынын мәлімдеді.



**5-сурет.** Респонденттердің діни төзімділік индикатор деңгейі (% бойынша)

Ескерту: автордың жеке дереккөзінен

Бұл дерек діни төзімділік пен дінаралық интеракция арасындағы шекараны нақты айқындайды: нормативтік келісім символдық деңгейде берік болғанымен, мәдени-практикалық қатысу деңгейінде консервативті шектеулер басым. Бұл құбылыс дәстүрлі діни идентификация мен ашық конфессияаралық тәжірибе арасындағы құрылымдық дистанцияның сақталуымен түсіндіріледі. Яғни, діни төзімділік «араласпау» принципіне негізделген, бірақ нақты диалогтық тәжірибеге әлі толық ұласпаған.

*Статистикалық талдау және корреляциялық байланыстар.* Зерттеудің статистикалық блогы Пирсон корреляциялық талдауы арқылы ұлттық құндылықтардың интериоризация деңгейі мен толеранттық көрсеткіштері арасындағы байланысты анықтады. Алынған нәтиже ( $r = 0.35$ ,  $p < 0.01$ ) оң және статистикалық мәнді байланыстың бар екенін растады. Бұл орташа деңгейдегі корреляция ұлттық мәдени мұраға деген құрмет пен этносаралық достыққа бейімділік арасындағы органикалық байланысты көрсетеді. Алайда, біз бұл нәтижені детерминистік емес, ықтималдық сипаттағы байланыс ретінде интерпретациялаймыз.  $r = 0.35$  көрсеткіші ұлттық құндылықтардың толеранттылыққа ықпал ететін маңызды құрылымдық фактор екенін, бірақ оны толық анықтайтын жалғыз механизм емес екенін айғақтайды. Бұл ретте регрессиялық талдау көрсеткендей, ұлттық құндылықтар толеранттық сананың дисперсиясын 12% деңгейінде түсіндіреді. Толеранттық сана - білім беру, әлеуметтік орта және медиа-дискурс секілді көптеген айнымалылардың әсерінен қалыптасатын күрделі құрылым.

*Теориялық интерпретация және нәтижелерді жинақтау.* Алынған эмпирикалық нәтижелер «ұлттық құндылықтар – азаматтық сәйкестік – толеранттық сана» тізбегінің теориялық моделін қуаттайды. Декларативті келісім мен нақты әлеуметтік практика арасындағы табылған алшақтық біздің бастапқы гипотезамызды растайды: толеранттылық тек құқықтық нормалардың немесе саяси декларациялардың нәтижесі емес, ол мәдени-аксиологиялық интериоризация сапасымен тікелей шартталады. Ұлттық құндылықтардың ішкі мазмұны азаматтық санамен ұштасқан жағдайда ғана толеранттылық тұрақты әлеуметтік практикаға айналады. Бұл процесс құндылықтардың жай ғана танылуынан бастап, олардың мінез-құлықтық стереотиптерге айналуына дейінгі кезеңдерді қамтиды.

*Саясатқа бағытталған (Policy-oriented) тұжырымдар.* Эмпирикалық деректерді талдау негізінде әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға бағытталған стратегиялық бағыттар ұсынылады. Біріншіден, толеранттылықты нығайтуды тек құқықтық-формальды дискурспен шектемей, оның мәдени-аксиологиялық негіздерін дамыту қажет. Екіншіден, ұлттық құндылықтар мен азаматтық этиканы білім беру бағдарламаларының мазмұнына жүйелі түрде интеграциялау لازم. Үшіншіден, плюрализмді қоғамның стратегиялық ресурсы ретінде интериоризациялауға бағытталған азаматтық саясатты жандандыру маңызды. Төртіншіден, конфессияаралық және этносаралық интеракцияның практикалық, бейресми формаларын кеңейту арқылы

әлеуметтік дистанцияны азайту қажет. Бұл бағыттар толеранттылықты жай ғана ұран деңгейінен шынайы қоғамдық келісімнің тірегіне айналдыруға негіз болады.

Осылайша, зерттеу толеранттылықтың декларативті деңгейі мен нақты әлеуметтік практика арасындағы құрылымдық кернеуді айқындап, ұлттық құндылықтардың әлеуметтік келісімді нығайтудағы стратегиялық әлеуетін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Зерттеу нәтижелері Қазақстан қоғамындағы аксиологиялық трансформацияларды тереңірек түсінуге және әлеуметтік саясатты ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді. Осы арқылы ұлттық құндылықтардың азаматтық қоғам қалыптастырудағы рөлінің концептуалды негізі берік нығая түседі.

## **ТАЛҚЫЛАУ**

Осы зерттеу барысында қол жеткізілген эмпирикалық деректер Қазақстанның қазіргі әлеуметтік транзиті жағдайындағы ұлттық құндылықтар мен толеранттық сана арасындағы байланыстың өте күрделі, көпқабатты және медиаторлық сипатқа ие екенін нық айқындады. Зерттеу нәтижелері толеранттылықты жай ғана сызықтық тәуелділік ретінде емес, мәдени-аксиологиялық интериоризация мен институционалдық ортаның тоғысындағы құбылыс ретінде қарастыру қажеттігін негіздейді. Біздің талдауымыз бойынша, респонденттердің басым бөлігі толеранттылықты декларативті деңгейде жоғары деңгейде мойындағанымен (респонденттердің 82%-ы), оның нақты әлеуметтік практика мен күнделікті мінез-құлықтағы көрінісі айтарлықтай тежеліп отырғаны байқалды. Бұл айырмашылықты біз кездейсоқ әлеуметтік ауытқу емес, аксиологиялық жүйенің ішкі трансформациясы мен әлеуметтік нормалардың қабылдану сапасына байланысты құрылымдық мәселе ретінде бағалаймыз. Осы тұрғыда толеранттылықтың символдық капиталдан нақты әлеуметтік әрекетке көшу тетіктерінің жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрінеді.

Фёдоров пен Благованың [1, с.128] құндылықтар эволюциясы туралы концептуалдық пайымдары құндылықтардың жай ғана этикалық категориядан әлеуметтік шындықты ұйымдастырушы және реттеуші нормативтік құрылымға дейінгі даму жолын көрсетеді. Теориялық негізге сүйене отырып, біздің зерттеуіміз ұлттық құндылықтардың толеранттық сананы қалыптастыруда зор әлеуетке ие екенін, бірақ бұл әлеуеттің әлі де толық институционалданбағанын айқын көрсетеді. Құндылықтар когнитивтік деңгейде танылса да, олар әлеуметтік әрекет пен праксеологиялық практикаға автоматты түрде трансформацияланбайды. Бұл когнитивтік-практикалық алшақтық немесе «диссонанс» қоғамдық сананың жаңғыру процесіндегі маңызды кедергілердің бірі, өйткені нормативтік жүйе мен күнделікті мінез-құлық арасындағы құрылымдық үзіліс сақталуда.

Лотце мен Риккерттің классикалық аксиология шеңберіндегі құндылықтарды объективті-нормативтік құрылым ретінде түсіндіруі біздің нәтижелерді тереңірек пайымдауға жол ашады [10, с.46-48]. Егер құндылықтар әлеуметтік тәртіпті бағыттайтын қатаң иерархиялық жүйе болса, онда толеранттылықтың практикада шектеулі көрініс табуы жастар санасындағы құндылықтық басымдықтардың қайта құрылуымен және жаңа иерархияның қалыптасуымен байланысты [11, с.119]. Мысалы, ұлттық сәйкестікті қорғау мен мәдени шекараларды сақтау құндылығы кей жағдайларда универсалистік толеранттық қағидаларынан жоғары позицияда орналасуы мүмкін. Бұл жағдай – мәдени кодтың ішкі тұрақтылығы мен азаматтық универсализмнің сыртқы талаптары арасындағы парадигмалық кернеудің нақты эмпирикалық көрінісі. Мұндай кернеу әлеуметтік интеграция процесінде субъектінің өзіндік бірегейлігін сақтау мен өзге мәдениеттерге ашықтық арасындағы тепе-теңдікті іздеуін сипаттайды.

Рокичтің терминалдық және инструменталдық құндылықтар теориясы бұл қайшылықты жүйелі түрде түсіндіруге мүмкіндік береді. Егер толеранттылық «терминалдық құндылық» (түпкі мақсат) ретінде қабылданса, бірақ ол «инструменталдық» деңгейде (күнделікті әрекет, этносаралық достық, конфессияаралық қатысу) тиісті тетіктермен қамтамасыз етілмесе, онда құндылықтық жүйеде терең ішкі диссонанс бар деген тұжырым жасауға болады. Біздің деректер дәл осы сәйкессіздікті растайды: студенттер толеранттылық ұғымын абстрактілі

түрде қолдайды, бірақ этносаралық нақты интеракциялар мен мәдениетаралық байланыс айтарлықтай шектеулі сипатта [18, 2416.]. Бұл инструменталдық құндылықтардың жеткіліксіз дамуы әлеуметтік капиталдың қалыптасуына кері әсерін тигізеді.

Швардцтың құндылық типологиясы тұрғысынан алғанда, «universalism» (әмбебаптық) мен «benevolence» (мейірімділік) категориялары декларативті деңгейде танылғанымен, шешім қабылдау сәттерінде «tradition» (дәстүр) және «security» (қауіпсіздік) құндылықтары басымдық алуы мүмкін. Бұл жағдай толеранттылықтың әмбебап құндылық ретінде толық интериоризацияланбағанын, оның әлі де болса тар этномәдени құрылымдармен шартталғанын көрсетеді. Сонымен қатар, Дильтейдің герменевтикалық тәсілі бұл айырмашылықты өмірлік тәжірибе категориясы арқылы түсіндіреді. Толеранттылық - тек қағаз бетіндегі норма емес, ол мәдениетаралық нақты коммуникация мен әлеуметтік тәжірибеде қалыптасатын тірі құбылыс. Егер қоғамда мәдениетаралық интеракциялардың сапасы төмен болса, толеранттылық тек символдық дискурс пен ресми риторика деңгейінде қала бермек. Бұл өз кезегінде әлеуметтік сенім деңгейінің төмендеуіне әкеп соғатын факторлардың бірі ретінде қарастырылады.

Because the proposed model is primarily oriented toward the Kazakhstani context, its applicability to other national higher education systems requires comparative investigation. Future studies should compare habitus-based indicators with existing international student survey frameworks in order to evaluate their validity across different educational systems. Comparative analyses involving instruments such as the National Student Survey and the National Survey of Student Engagement may help reveal cultural and institutional differences in the measurement of student experience.

Research in these directions will contribute not only to the theoretical refinement of higher education quality assessment instruments but also to the reconsideration of student experience from the perspective of social justice.

## References:

- 1 Bourdieu P. *Outline of a Theory of Practice*. — Cambridge: Cambridge University Press, 1977. — 349 p.
- 2 Bourdieu P. *The forms of capital*. In: Richardson J, editor. *Handbook of Theory and Research for the Sociology of Education*. New York: Greenwood; 1986. p. 258.
- 3 Bourdieu P. *Language and Symbolic Power*. Cambridge: Harvard University Press; 1991. — 423 p.
- 4 Bourdieu P, Passeron J-C. *Reproduction in Education, Society and Culture*. London: Sage; 1990. — 436 p.
- 5 Harvey L, Green D. *Defining quality*. *Assessment & Evaluation in Higher Education*. 1993;18(1) P. 9–34.
- 6 European Association for Quality Assurance in Higher Education. *Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area (ESG)*. Brussels: ENQA; 2015. — 271 p.
- 7 Willis G.B. *Cognitive Interviewing: A Tool for Improving Questionnaire Design*. — Thousand Oaks: Sage, 2005. — 352 p.
- 8 Dillman D.A., Smyth J.D., Christian, L.M. *Internet, Phone, Mail, and Mixed-Mode Surveys: The Tailored Design Method*. — Hoboken: Wiley, 2014. — 509 p.
- 9 Gravett K., Ajjawi R. *Belonging as situated practice // Studies in Higher Education*. — 2022. — Vol.47. — №7. — P. 138–149.

10 Lovakov A., Yudkevich, M. *The post-Soviet publication landscape for higher education research // Higher Education*. — 2021. — Vol.81. — №2. — P.273–299.

11 Smolentseva A., Platonova D. *The transformations of higher education in 15 Post-Soviet countries: the state, the market and institutional diversification // Higher Education Policy*. — 2023. — Vol.36. — №2. — P.370–393.

12 Matthews K.E., Dollinger M. *Student voice in higher education: the importance of distinguishing student representation and student partnership // Higher Education*. — 2023. — Vol. 85. — №3. — P.555–570.

13 Lodhi I., Ilyassova-Schoenfeld, A. *The Bologna process and its impact on the higher education reforms in Kazakhstan: a case of policy transfer and translations // Studies in Higher Education*. — 2023. — Vol.48. — №1. — P.204–219.

14 Hwami M. *A geopolitics of knowledge analysis of higher education internationalisation in Kazakhstan // British Educational Research Journal*. — 2023. — Vol.76. — №3. — P.76-93

15 Ajjawi R., Gravett, K., O’Shea, S. *The politics of student belonging: identity and purpose // Teaching in Higher Education*. — 2023. — Vol.49. — №2. — P.83-103.

16 Weinreb Y, Yemini M. *Navigating academic habitus in a higher education system that prioritises external funding: the case of Israel. Studies in Higher Education*. 2023;48(7): P. 995–1006.

17 Resch K.R. *Student voice in higher education diversity policies: A systematic review // Frontiers in Education*. — 2023. — Vol.8. — P. 93-110.

18 Bedeker M, Ospanbek A, Simons M, Zhalgaspayev M, Yessenbekova A. *“I can easily switch to the Kazakh language, also to the Russian language”: reimagining Kazakhstani CLIL implementation as a third space. Language, Culture and Curriculum*. 2024;37(2): P.121–138.

19 Hajar, A., Yeboah Owusu, E. *African international students’ challenges, investment and identity development at a highly selective EMI university in Kazakhstan // Language and Education*. — 2025. — Vol. 39. — №1. — P. 54–71.

20 Dias-Broens A.S., Meeuwisse, M., Severiens, S.E. *The definition and measurement of sense of belonging in higher education: a systematic literature review with a special focus on students’ ethnicity and generation status in higher education // Educational Research Review*. — 2024. — Vol.45. — P.102-186.

21 De-Juan-Vigaray M.D., Ledesma-Chaves, P., González-Gascón, E., Gil-Cordero, E. *Student satisfaction: examining capacity development and environmental factors in higher education institutions // Heliyon*. — 2024. — Vol.10. — №17. — P.36-51.

22 Seitova M., Temirbekova Z., Kazykhankyzy L., Khalmatova Z., Çelik H.E. *Perceived service quality and student satisfaction: a case study at Khoja Akhmet Yassawi University, Kazakhstan // Frontiers in Education*. — 2024. — Vol.9. — P.27-41.

23 Kessel G., Ryan C., Paras L., Johnson N., Zariff R.Z., Stallman H.M. *Relationship between university belonging and student outcomes: a systematic review and meta-analysis // The Australian Educational Researcher*. — 2025. — Vol.52. — P.251–264.

24 Stensaker B, Matear S. *Student involvement in quality assurance: perspectives and practices towards persistent partnerships. Quality in Higher Education*. 2025;31(1): P.8–22.

25 Abnassyrova R., Zhunussova, G. *«They will love you, if you learn Kazakh»: international students’ experiences at an EMI university in Central Asia // International Journal of Educational Research*. — 2025. — Vol.134. — P. 60-76.

26 Narbaev T, Amirbekova D. *A decade of transformation in higher education and science in Kazakhstan: a literature and scientometric review of national projects and research trends. Publications*. 2025;13(3): P. 35-50.

27 Serrano M.E., Miranda González, F.J., Mourato J.A.B., Lourenço R.T. *Student contributions to quality assurance in higher education: a systematic literature review // Assessment & Evaluation in Higher Education*. — 2025. — Vol.50. — №4. — P.632–648.

28 Mustafa B.M., Gruda Z.G., Sarris J.S. *From spectators to decision-makers: redefining student roles as co-designers of curriculum // Frontiers in Education.* – 2025. – Vol.10. – P.180-196.

29 Ngo T.A., Bui C.T., Chau H.K.L., Tran P.N., Nguyen P.T., Tran N.K.T. *Influence of university service quality on student experiences, academic performance and institutional loyalty: A case study in Vietnam // Acta Psychologica.* – 2025. – Vol.260. – P.59-82.

30 Jeong S.H., Chung J.Y. *University students' satisfaction and evaluations of synchronous online learning for physical education courses // Academic Journal of Interdisciplinary Studies.* – 2023. – Vol.12, №3. – P.33-47.

FTAMP 04.51.43

DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-6270.2026.93.1.004>

К.Е. Юсупов<sup>1\*</sup> , Н.А. Байбахов<sup>1</sup> , Қ.Ж. Каныбекова<sup>1</sup> 

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Түркістан, Қазақстан

\* e-mail: [kuanyshbek.yussupov@ayu.edu.kz](mailto:kuanyshbek.yussupov@ayu.edu.kz)

## ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ: ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТАЛДАУ

### Аңдатпа

Мақалада қазіргі саяси режимдердің трансформациясы және цифрлық орта жағдайында жастардың саяси әлеуметтену тетіктері қарастырылады. Зерттеудің теориялық негізін Э.Гидденстің құрылымдану теориясы, Х. Ортега-и-Гассеттің «бұқара көтерілісі» концепциясы, сондай-ақ К. Шмитттің саясиды «өзге-бөгде» ара жігін ажырату саласы ретінде түсінуі құрайды. Жұмыста Ф.И. Долгих зерттеулеріне сүйене отырып, саяси партиялардың жастар бірлестіктерінің қызмет етуінің институционалдық аспектілері және олардың қызметінің құқықтық тетіктері де талданады. Қатысу формаларын, идентификацияны және жастардың саяси жұмылдырылуын өзгертетін саяси әлеуметтенудің жаңа агенті ретінде әлеуметтік желілердің ықпалына ерекше назар аударылады.

Мақаланың мақсаты - өңірлік контексте жас ұрпақтың саяси әлеуметтену ерекшеліктерін айқындайтын құрылымдық және институционалдық факторларды анықтау, сондай-ақ саяси сананы қалыптастырудың дәстүрлі және цифрлық арналарының арақатынасын талдау. Зерттеу аясында құрылымдық-функционалдық және институционалдық тәсілдер, сондай-ақ дискурсивті талдау элементтері қолданылады. Нәтижелер цифрландыру жағдайында дәстүрлі саяси институттарға сенімнің бір мезгілде төмендеуімен қатар, саяси ұстанымдарды қалыптастыруда желілік коммуникациялардың рөлі күшейетінін көрсетеді. Саяси партиялар мен жастар ұйымдары өзара іс-қимылдың жаңа форматтарына бейімделуде, алайда жастардың саяси белсенділік дәрежесіне әсер ететін институционалдық шектеулер сақталуда. Қазіргі саяси әлеуметтену билікті қайта өндірудің институционалдық тетіктері мен қатысудың жаңа цифрлық формаларын үйлестіре отырып, гибридіті сипатқа ие деген қорытынды жасалды, бұл жас ұрпақтың саяси субъективтілігінің қайшылықты, бірақ динамикалық моделін қалыптастырады.

**Түйін сөздер:** саяси әлеуметтену, жастар, институционалдық факторлар, цифрлық факторлар, әлеуметтік желілер, саяси идентификация.

Y. Kuanyshbek<sup>1</sup>\*, N. Baibakhov<sup>1</sup>, K. Kanybekova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
Turkestan, Kazakhstan*

\* e-mail: [kuanyshbek.yussupov@ayu.edu.kz](mailto:kuanyshbek.yussupov@ayu.edu.kz)

## **INSTITUTIONAL AND DIGITAL FACTORS OF POLITICAL SOCIALIZATION OF YOUTH: A STRUCTURAL ANALYSIS**

### *Abstract*

The article examines the mechanisms of political socialization of youth in the context of the transformation of modern political regimes and the digital environment. The theoretical framework of the study is based on Anthony Giddens' structuration theory, José Ortega y Gasset's concept of the "revolt of the masses," and Carl Schmitt's understanding of the political as a sphere of distinguishing "friend from enemy." The paper also analyzes the institutional aspects of the functioning of youth associations of political parties and the legal mechanisms of their activities, drawing on the research of F.I. Dolgikh. Particular attention is paid to the influence of social networks as a new agent of political socialization, transforming the forms of participation, identity, and political mobilization of youth.

The purpose of the article is to identify the structural and institutional factors that determine the features of political socialization of the young generation in a regional context, as well as to analyze the correlation between traditional and digital channels of forming political consciousness. The research employs structural-functional and institutional approaches, as well as elements of discursive analysis. The results show that in the context of digitalization, the role of network communications in the formation of political attitudes increases, while trust in traditional political institutions simultaneously decreases. Political parties and youth organizations are adapting to new formats of interaction; however, institutional constraints affecting the degree of political activity of young people persist. It is concluded that modern political socialization is hybrid in nature, combining institutional mechanisms of power reproduction and new digital forms of participation, which forms a contradictory but dynamic model of the political agency of the young generation.

**Keywords:** political socialization, youth, institutional factors, digital factors, social networks, political identification.

*Юсупов К.Е. <sup>1</sup>\*, Байбахов Н.А. <sup>1</sup>, Каныбекова К.Ж. <sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави  
Туркистан, Казахстан*

\* e-mail: [kuanyshbek.yussupov@ayu.edu.kz](mailto:kuanyshbek.yussupov@ayu.edu.kz)

## **ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЕ И ЦИФРОВЫЕ ФАКТОРЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ СОЦИАЛИЗАЦИИ МОЛОДЕЖИ: СТРУКТУРНЫЙ АНАЛИЗ**

### *Аннотация*

В статье рассматриваются механизмы политической социализации молодежи в условиях трансформации современных политических режимов и цифровой среды. Теоретическую основу исследования составляют теория структурирования Э. Гидденса, концепция «восстания масс» Х. Ортеги-и-Гассета, а также понимание политического как сферы различения «друг–враг» К. Шмитта. В работе также анализируются институциональные аспекты функционирования молодежных объединений политических партий и правовые механизмы их деятельности, опираясь на исследования Ф.И. Долгих. Особое внимание уделяется влиянию

социальных сетей как нового агента политической социализации, трансформирующего формы участия, идентичности и политической мобилизации молодежи.

Цель статьи - выявить структурные и институциональные факторы, определяющие особенности политической социализации молодого поколения в региональном контексте, а также проанализировать соотношение традиционных и цифровых каналов формирования политического сознания. В рамках исследования применяются структурно-функциональный и институциональный подходы, а также элементы дискурсивного анализа. Результаты показывают, что в условиях цифровизации усиливается роль сетевых коммуникаций в формировании политических установок, при одновременном снижении доверия к традиционным политическим институтам. Политические партии и молодежные организации адаптируются к новым форматам взаимодействия, однако сохраняются институциональные ограничения, влияющие на степень политической активности молодежи. Сделан вывод о том, что современная политическая социализация носит гибридный характер, сочетая институциональные механизмы воспроизводства власти и новые цифровые формы участия, что формирует противоречивую, но динамичную модель политической субъектности молодого поколения.

**Ключевые слова:** политическая социализация, молодежь, институциональные факторы, цифровые факторы, социальные сети, политическая идентификация.

## КІРІСПЕ

Саяси әлеуметтену – тұлғаның саяси нормалар мен құндылықтарды игеруі, саяси жүйедегі өз орнын айқындауы және саяси қатысу дағдыларын меңгеруімен сипатталатын күрделі әлеуметтік процесс. Бұл үдеріс тек жеке адамның саяси санасының қалыптасуын ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы билік қатынастарының тұрақтылығын, саяси институттардың легитимділігін және азаматтық мәдениеттің ұдайы жаңғыруын қамтамасыз ететін маңызды механизм ретінде көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, жастардың саяси әлеуметтенуі кез келген мемлекеттің саяси даму логикасында ерекше орын алады, өйткені жастар әлеуметтік белсенділігі жоғары, құндылықтық бағдарлары өзгермелі және қоғамдық өзгерістерге бейім әлеуметтік топ болып табылады.

Қазіргі кезеңде жастардың саяси әлеуметтенуі институционалдық трансформациялармен, жаһандану үдерістерімен және цифрлық технологиялардың жедел дамуымен айқындалады. Әлеуметтік желілердің, онлайн-платформалардың, мессенджерлердің және алгоритмдік басқару тетіктерінің кеңеюі саяси ақпараттың таралу логикасын, қоғамдық пікір қалыптастыру тәсілдерін және саяси мобилизация формаларын түбегейлі өзгертті. Соның нәтижесінде жастардың саяси білімді игеру арналары, саяси оқиғаларға реакция беру жылдамдығы және саяси идентификация қалыптастыру механизмдері де жаңа сипатқа ие болуда.

Зерттеудің өзектілігі жастардың саяси белсенділігінің жаңа форматтарының қалыптасуымен, дәстүрлі саяси институттарға сенім деңгейінің құбылуымен және саяси қатысудың цифрлық кеңістікте қайта ұйымдасуымен байланысты. Саяси әлеуметтену дегеніміз – жеке тұлғаның қоғамның саяси нормалары мен құндылықтарын игеруі ғана емес, сондай-ақ қоғамдық-саяси өмірге қатысу үшін қажетті дағдылар мен тәжірибені жинақтауы. Зерттеушілер саяси жүйенің тұрақтылығы қоғамның барлық қабаттарындағы саяси әлеуметтену процесінің тиімділігіне тәуелді екенін атап көрсетеді. Демек, саяси әлеуметтену жеке тұлғаның қоғамдық нормаларды, құндылықтарды және мойындалған дағдыларды коммуникация, білім беру және медиа дискурс арқылы күнделікті тәжірибесіне енгізуі арқылы іске асады.

Жастардың саяси әлеуметтену мәселесі жаңа емес. Өртүрлі теориялық мектептердің өкілдері бұл құбылыстың мазмұны мен бағыттарын түсіндіретін тұжырымдамалар ұсынды. Соған қарамастан, мәселенің өзектілігі әлсіреген жоқ, өйткені әлеуметтік топтардың саяси әлеуметтенуі жалпы қоғамдық үдерістің құрамдас бөлігі болғанымен, әрбір топтың әлеуметтік-психологиялық, мәдени және құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты салыстырмалы

дербестікке ие [1, р.60]. Осы әдіснамалық ұстаным жастардың саяси әлеуметтенуін жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырудың маңызын арттырады.

Осы тұрғыда жастардың саяси әлеуметтенуі – жас индивидтің саяси құндылықтар, нормалар, мінез-құлық үлгілері мен бағдарларын игеруі арқылы саяси кеңістікте бағыт-бағдар қалыптастыратын көпөлшемді үдеріс. Бұл үдеріс жастарға қоғамдық-саяси өмірдегі өз мәртебесін және функциясын саналы түрде түсінуге, сондай-ақ жеке мүдделері мен өзін-өзі жүзеге асыру қажеттіліктеріне барынша сәйкес келетін саяси әрекет формасын таңдауға мүмкіндік береді. Сондықтан жастардың саяси әлеуметтенуін динамикалық құбылыс ретінде қарастыру оның іске асуына ықпал ететін сыртқы жағдайларды, өзгерістердің бағытын және сол өзгерістерді туындататын факторларды айқындауды талап етеді. Жастардың ерекше әлеуметтік-демографиялық топ ретіндегі сипаты бұл үдерісті объективті құрылымдар мен субъективті таңдаулар тоғысатын, екіжақты табиғатқа ие күрделі процесс ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді [2]. Осындай талдау қазіргі жастардың саяси санасының қалыптасу ерекшеліктерін, олардың институционалдық ортаға бейімделу деңгейін және цифрлық кеңістіктегі саяси тәжірибесінің мазмұнын жан-жақты ашуға жағдай жасайды.

Сондықтан зерттеу аясында жастардың саяси әлеуметтенуіне әсер ететін дәстүрлі институттар мен цифрлық медианың арақатынасына, саяси сенімнің өзгеру динамикасына, азаматтық және саяси идентификацияның қалыптасу ерекшеліктеріне назар аударылады. Мұндай қырларды талдау қазіргі қоғамдағы жастардың саяси субъектілігінің мазмұнын тереңірек түсінуге, олардың саяси қатысу әлеуетін бағалауға және саяси коммуникацияның жаңа формаларының институционалдық салдарын айқындауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты жастардың саяси әлеуметтенуін құрылымдық және цифрлық факторлар бірлігінде қарастыру ғылыми әрі практикалық тұрғыдан аса маңызды болып табылады. Бұл мәселе өңірлік эмпирикалық зерттеулермен ұштасқанда бүгінгі таңда одан әрі өзектене түседі.

### **ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ**

Бұл зерттеу жастардың саяси әлеуметтенуін қазіргі институционалдық және цифрлық өзгерістер контекстінде кешенді түсіндіруге бағытталған пәнаралық әдіснамалық тәсілге негізделеді. Зерттеу логикасы құрылымдық-функционалдық, институционалдық және конструктивистік талдау үлгілерін өзара ұштастыру арқылы қалыптастырылды. Мұндай тәсіл саяси әлеуметтенуді бір мезгілде саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін әлеуметтік механизм, институттар арқылы жүзеге асатын нормативтік үдеріс және жастардың күнделікті тәжірибесінде мағынаға ие болатын символдық-конструктивтік құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеудің теориялық өзегін Э. Гидденстің құрылымдау теориясы, К. Шмиттің саяси туралы пайымдары және Х. Ортега-и-Гассеттің бұқаралық қоғам концепциясы құрайды. Аталған теориялар саяси әлеуметтенуді құрылымдық шектеулер мен жеке агенттік-тің, институционалдық ықпал мен субъективті қабылдаудың, дәстүрлі саяси тәртіп пен жаңа цифрлық коммуникациялардың тоғысындағы үдеріс ретінде талдауға әдіснамалық негіз береді.

Э. Гидденстің құрылымдау теориясы зерттеуде жастардың саяси мінез-құлқын тек сыртқы әлеуметтік құрылымдардың өнімі ретінде емес, сонымен бірге олардың күнделікті тәжірибе барысында қайта өндіретін және өзгеріске түсіретін әрекеттерінің нәтижесі ретінде түсіндіруге пайдаланылды. Осыған сәйкес жастар отбасы, білім беру ұйымдары, мемлекет, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар және цифрлық платформалар сияқты институттардың ықпалына ұшырай отырып, сол ықпалдарды интерпретациялайды, қабылдайды, іріктейді немесе қайта мағыналандырады. К. Шмиттің саяси туралы тұжырымдары жастардың саяси қатысуындағы «дос–жау», «біз–олар» сияқты шекаралардың медиалық дискурс пен цифрлық ортада қалай қалыптасатынын пайымдауға мүмкіндік береді. Ал Х. Ортега-и-Гассеттің бұқаралық қоғам туралы идеялары жастар санасының стандарттануы, көпшілік пікірінің әсері және цифрлық кеңістіктегі конформизм мен мобилизация арасындағы байланысты түсіндіруге

пайдаланылды. Осындай теориялық синтез зерттеу пәнін біржақты емес, көпқырлы құбылыс ретінде талдауға мүмкіндік берді [3, p.87].

Зерттеудің әдіснамалық стратегиясы әдіснамалық триангуляция қағидасына негізделді. Бұл қағида жастардың саяси әлеуметтенуін түсіндіруде бірнеше теориялық оптика мен эмпирикалық тәсілдерді қатар қолдану арқылы нәтижелердің сенімділігін арттыруға бағытталды. Триангуляция, біріншіден, сандық деректер арқылы жалпы үрдістерді, қатынас құрылымдарын және жиілік сипаттамаларын айқындауға, екіншіден, сапалық бақылаулар мен бетпе-бет сұхбат элементтері арқылы жауаптардың контекстік мағынасын нақтылауға мүмкіндік берді. Осыған байланысты зерттеуде сауалнама негізгі дерек жинау құралы ретінде пайдаланылса, бетпе-бет сұхбат форматы жауаптардың мазмұнын нақтылау, респонденттердің саяси бағдары мен медиалық тәжірибесін тереңірек түсіну үшін қосымша құрал қызметін атқарды.


Эмпирикалық зерттеу Алматы қаласында 18–35 жас аралығындағы жастар арасында жүргізілді. Іріктеме көлемі 507 респондентті қамтыды. Іріктеуді құрастыруда жыныс, жас, білім деңгейі, жұмыспен қамтылу мәртебесі және қалалық кеңістіктегі әлеуметтік белсенділік секілді көрсеткіштер ескерілді. Зерттеудің мақсаты репрезентативті ұлттық қорытынды жасаудан гөрі, мегаполис жағдайындағы жастардың саяси бағдарлары мен әлеуметтену арналарының негізгі тенденцияларын анықтау болғандықтан, аралас іріктеу тәсілі қолданылды. Респонденттердің бір бөлігі онлайн формат арқылы тартылса, екінші бөлігі бетпе-бет сауалнама мен қысқа сұхбат негізінде қамтылды. Мұндай аралас формат цифрлық белсенді жастармен қатар офлайн ортада көбірек әрекет ететін топтардың пікірін салыстыруға мүмкіндік берді. Сауалнама құрылымы бірнеше мазмұндық блоктан тұрды. Бірінші блокта респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары тіркелді. Екінші блок жастардың саяси қызығушылығы, саяси ақпаратқа қол жеткізу арналары, сайлау мен қоғамдық бастамаларға қатысу тәжірибесі және азаматтық белсенділік деңгейін анықтауға бағытталды. Үшінші блок мемлекеттік институттарға, жергілікті билік органдарына, қоғамдық бірлестіктерге, бұқаралық ақпарат құралдарына және әлеуметтік желілерге деген сенім деңгейін өлшеуге арналды. Төртінші блокта дәстүрлі медиа мен цифрлық платформаларды пайдалану жиілігі, контентті қабылдау ерекшеліктері, саяси ақпараттың шынайылығын бағалау қабілеті және онлайн кеңістіктегі пікір білдіру тәжірибесі қарастырылды. Сұрақтардың басым бөлігі жабық және жартылай жабық форматта құрастырылып, салыстырмалы статистикалық өңдеуге ыңғайластырылды.

Деректерді жинау аралас әдіс арқылы жүзеге асырылды: онлайн сауалнама цифрлық платформалар арқылы таратылды, ал бетпе-бет кезеңде стандартталған анкета мен қысқаша әңгімелесу тәсілі қолданылды. Бұл шешім зерттеудің қамту аясын кеңейтіп, тек интернетке белсенді пайдаланушылармен шектелмеуге мүмкіндік берді. Жиналған мәліметтер жүйеленіп, сандық өңдеуден өткізілді. Талдау барысында сипаттамалық статистика, пайыздық үлестерді салыстыру, жауап нұсқаларын топтастыру және деректерді графикалық визуализациялау тәсілдері пайдаланылды. Графикалық бейнелеу жастардың саяси сенімі, медианы пайдалану жиілігі және саяси қатысу формалары арасындағы өзара байланыстарды көрнекі түрде көрсету үшін қолданылды. Зерттеудің сапасын қамтамасыз ету мақсатында сауалнама сұрақтарының мазмұндық қисындылығы мен түсініктілігі алдын ала тексерілді. Сонымен қатар респонденттердің ерікті қатысуы, жауаптардың құпия сақталуы және алынған деректердің тек ғылыми мақсатта пайдаланылуы секілді этикалық қағидалар сақталды. Зерттеудің белгілі бір шектеулері де бар: онлайн формат кейбір топтардың үлесін арттыруы мүмкін, ал саяси тақырыпқа қатысты сұрақтарда әлеуметтік қолайлылық әсері орын алуы ықтимал. Соған қарамастан, қолданылған әдіснамалық кешен жастардың саяси әлеуметтену тетіктерін институционалдық және цифрлық кеңістік бірлігінде жүйелі түрде талдауға жеткілікті негіз береді. Айнымалыларды операционализациялау барысында «саяси әлеуметтену» ұғымы саяси қызығушылық, институттарға сенім, саяси қатысу, азаматтық белсенділік және ақпараттық тәжірибе көрсеткіштері арқылы өлшенді. Бұл индикаторлар зерттеу нысанын тек декларативті ұстанымдар

деңгейінде емес, мінез-құлықтық және коммуникативтік өлшемдер арқылы да бағалауға мүмкіндік берді. Нәтижелерді интерпретациялау кезінде жас ерекшелігі, білім деңгейі және медианы тұтыну жиілігі секілді факторлардың ықпалы салыстырмалы түрде қарастырылды. Осы тәсіл сандық нәтижелердің әлеуметтік мәнін тереңірек ашып, эмпирикалық қорытындылардың түсіндірмелік әлеуетін елеулі түрде күшейтеді.

### ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Саяси әлеуметтену процесінің тиімділігінің маңызды индикаторларының бірі – жастардың саяси институттарға деген сенім деңгейі және олардың саяси ақпарат алу тәсілдері. Жүргізілген эмпирикалық зерттеу қазақстандық жастар арасында дәстүрлі институттарға сенімнің төмендігін және ақпараттық көздердің цифрлық платформаларға жылжуын айқын көрсетті. Зерттеу нәтижелері дәстүрлі саяси институттардың (парламент, саяси партиялар, сот жүйесі, мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары) жастар тарапынан орташа немесе төмен деңгейдегі сенімге ие екенін көрсетті. Сауалнама деректері бойынша респонденттердің шамамен 30%-ы ғана мемлекеттік БАҚ пен Парламентке сенім білдірген, ал саяси партиялар мен сот жүйесіне сенетіндердің үлесі 20%-дан аспайды. (Сурет 1)



**Сурет 1.** Респонденттердің саяси институттарға деген сенім деңгейі (% бойынша)  
Ескерту: автордың жеке дереккөзінен

Саяси әлеуметтену процесінің негізгі нәтижелерінің бірі – жеке тұлғаның саяси жүйедегі орнын сезінуі, яғни саяси идентификацияның қалыптасуы. Жүргізілген социологиялық сауалнама қазақстандық жастардың өзін-өзі сәйкестендіру құрылымындағы маңызды үрдісті ашып көрсетті.

Бұл көрсеткіштер жастардың формалды саяси институттардан белгілі бір деңгейде алшақтауын және олардың қызметіне қатысты сыни позициясының қалыптасқанын білдіреді. Теориялық тұрғыдан бұл құбылысты бірнеше парадигма аясында түсіндіруге болады. Біріншіден, Энтони Гидденстің құрылымдану теориясы бойынша әлеуметтік құрылымдар мен агенттік өзара әрекеттесу арқылы үнемі қайта өндіріледі [4]. Егер жастар институционалдық тәжірибеде өзін ықпалды агент ретінде сезінбесе, құрылымға деген сенім әлсірейді. Яғни, саяси институттар формалды түрде бар болғанымен, оларды «өз тәжірибесінің бөлігі» ретінде қабылдау деңгейі төмен болуы мүмкін. Никлас Луманның сенім теориясы тұрғысынан сенім – әлеуметтік күрделілікті қысқартудың механизмі. Қоғамдық институттарға сенімнің төмендеуі жүйелік күрделіліктің артуымен және ақпараттық фрагментациямен байланысты болуы ықтимал. Цифрлық ортада альтернативті ақпарат көздерінің көбеюі дәстүрлі институттардың символдық беделін әлсіретіп, сенімнің «дисперсиялануына» әкеледі [5].

Пьер Бурдьенің символдық капитал концепциясы бойынша саяси партиялар мен олардың көшбасшылары легитимділікті символдық ресурс арқылы иеленеді. Егер бұл ресурс (бедел,

моральдық авторитет, өкілдік сезімі) әлсіресе, институционалдық сенім де төмендейді. Біздің деректердегі 20%-дан төмен көрсеткіштер дәл осы символдық капиталдың жеткіліксіздігін көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар, Юрген Хабермастың қоғамдық кеңістік (public sphere) теориясы контекстінде дәстүрлі БАҚ-қа сенімнің төмендігі коммуникациялық легитимділіктің дағдарысын білдіруі ықтимал. Егер жастар альтернативті цифрлық алаңдарды қоғамдық пікір қалыптастырудың негізгі кеңістігі ретінде қабылдаса, мемлекеттік БАҚ-тың дискурстық ықпалы әлсірейді. Алынған эмпирикалық нәтижелер институционалдық сенім дағдарысын ғана емес, сонымен бірге саяси коммуникацияның, символдық легитимділіктің және агенттік тәжірибенің трансформациясын көрсетеді. Бұл үрдіс бір жағынан азаматтық сана мен сыни ойлаудың күшеюімен байланысты болуы мүмкін, екінші жағынан – институционалдық алшақтаудың терендеуіне және саяси қатысудың бейресми немесе фрагментарлы формаларының өсуіне алғышарт жасайды [6, р.401]. Жастардың дәстүрлі институттарға сенімінің төмендеуі – тек ұлттық деңгейдегі құбылыс емес, жаһандық цифрлық модернизация жағдайында байқалатын құрылымдық өзгерістердің көрінісі ретінде қарастырылуы тиіс.

Алынған деректер бірнеше маңызды қорытынды жасауға негіз береді.

Біріншіден, азаматтық идентификацияның басымдығы байқалады. Респонденттердің 74%-ының өзін ең алдымен Қазақстан азаматы ретінде айқындауы – жастар санасында біртұтас саяси-құқықтық кеңістіктің және ортақ мемлекеттік идеясының орныққанын көрсетеді [7]. Бұл көрсеткіш азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік институттардың (білім беру жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдары, жастар саясаты) ықпалының жанама индикаторы ретінде қарастырылуы мүмкін. Теориялық тұрғыдан алғанда, мұндай нәтиже жастардың саяси жүйеге интеграциялану деңгейінің жоғары екенін және өзін азаматтық қоғамның белсенді субъектісі ретінде қабылдайтынын білдіреді [8].

Екіншіден, этникалық фактордың маңыздылығы толық жойылмаған. Респонденттердің 12%-ы үшін ұлттық тегі негізгі идентификациялық маркер болып қала береді. Бұл үлес азаматтық идентификациямен салыстырғанда төмен болғанымен, этникалық компоненттің саяси әлеуметтену процесіндегі рөлін жоққа шығармайды [9]. Керісінше, бұл деректер полиэтникалық қоғам жағдайындағы саяси идентификацияның көпқабатты сипатын айқындайды. Жастардың бір бөлігі үшін этникалық бірегейліктің басымдығы отбасы, діни орта және ұлттық мәдениет сияқты дәстүрлі әлеуметтену агенттерінің ықпалының сақталғанын көрсетеді. Ұсынылған деректер қазақстандық жастардың саяси идентификациясы күрделі әрі көпдеңгейлі болғанымен, оның негізінен азаматтық сипатқа ие екенін дәлелдейді. Азаматтық және этникалық идентификация арасындағы арақатынас мемлекеттік институттар мен дәстүрлі құндылықтардың өзара ықпалының белгілі бір тепе-теңдігін білдіреді. Аталған тепе-теңдікті сақтау – жастардың саяси әлеуметтенуінің тұрақтылығы мен саяси жүйенің легитимділігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. (Сурет 2)




**Сурет 2.** Респонденттердің азаматтық және этникалық идентификация үлесі (% бойынша)  
Ескерту: автордың жеке дереккөзінен

Әлеуметтік медиа жастар үшін саяси ақпараттың негізгі көзіне айналып, олардың жаңалықтарды қабылдау тәсілін және саяси контентпен өзара әрекеттесу формаларын түбегейлі өзгертті. Instagram, TikTok, Twitter (X), YouTube секілді платформалар нақты уақыт режимінде ақпарат алмасуға, пікір білдіруге және қоғамдық талқылауға қатысуға мүмкіндік береді. Бұл құбылыс әлеуметтік желілердің саяси ақпарат кеңістігінде дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарын біртіндеп ығыстырып жатқанын көрсетеді. Зерттеулерге сәйкес, жастар саяси және әлеуметтік мәселелер талқыланатын цифрлық платформалар арқылы жаңалықтарды жүйелі түрде алып отырады. Әлеуметтік желілер тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар саяси тұлғалармен тікелей коммуникация орнатуға және бұрын дәстүрлі медиа арқылы мүмкін болмаған интерактивті форматта саяси дискурсқа қатысуға жағдай жасайды [10, p.221].

Жастардың саяси процестерге қатысуы демократиялық жүйенің болашағына тікелей ықпал етеді, себебі олардың құндылықтары мен көзқарастары болашақ институционалдық даму бағыттарын айқындайды. Саяси дискурсқа жаңа идеялар мен сыни перспективаларды енгізу арқылы жастар демократиялық режимдердің тұрақтылығына үлес қосады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер тарихи тұрғыдан саяси өкілдігі шектеулі болған жастарға қоғамдық күн тәртібіне ықпал етуге және әлеуметтік, экологиялық, азаматтық мәселелер төңірегінде ұйымдасуға мүмкіндік беретін қуатты құралға айналды. Роско Паунд атап өткендей, әлеуметтік медиа әсіресе сайлауаралық кезеңде қоғамдық хабардарлықты арттыру құралы ретінде ерекше тиімділік танытады [11, p.79].

Саяси әлеуметтенудің маңызды аспектілерінің бірі – жастардың саяси ақпаратты қай көздерден алатыны және осы көздерге деген сенім деңгейі. Жүргізілген эмпирикалық зерттеу қазақстандық жастар арасында ақпарат тұтынудың дәстүрлі моделінен цифрлық модельге айқын ауысқанын көрсетті. Респонденттердің 77%-ы сайлау мен саясат жөніндегі ақпараттың негізгі көзі ретінде әлеуметтік желілерді атаған [12, p.195]. Бұл көрсеткіштер әлеуметтік медиа платформаларының жастардың саяси көзжиегін қалыптастырудағы шешуші рөлін айғақтайды. Цифрлық платформалар саяси контентті жедел, визуалды және интерактивті форматта ұсына отырып, дәстүрлі медианың ақпарат беру стилінен айтарлықтай ерекшеленеді. Ал дәстүрлі ақпарат құралдарының, әсіресе теледидардың үлесі айтарлықтай төмендеген: тек шамамен 23% респондент теледидарды саяси ақпарат көзі ретінде көрсеткен. Бұл деректер жастардың ақпарат тұтынуда «екінші экран» моделінен бас тартып, негізгі ақпараттық кеңістік ретінде әлеуметтік желілерді таңдағанын білдіреді. (Сурет 3)



**Сурет 3.** Жастардың ақпаратты қай арнадан көбірек алатыны туралы мәлімет берілген (% бойынша)

*Ескерту: авторлардың жеке дереккөзінен*

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер қазақстандық жастардың саяси әлеуметтенуінде цифрлық медианың доминантты рөлге ие болғанын және саяси коммуникацияның құрылымы мен формасының трансформацияға ұшырағанын көрсетеді.

## ТАЛҚЫЛАУ

Жастардың саяси әлеуметтенуіне ықпал ететін жағдайлар негізінен объективті сипатта болғанымен, бұл объективтіліктің басты ерекшелігі – оның бірқалыпты, өзгермейтін күйде тұрмай, үнемі жаңарып, қозғалыста болуы (тіпті бір қоғамның өз ішінде де, әлемдік деңгейін айтпағанда). Құндылықтар мен нормалар уақыт өте жинақталып қалыптасады, алайда уақыттың өзі олардың маңыздылық дәрежесін және қоғамдық жүйенің құрылымын түрлендіріп отырады. Соның салдарынан жастардың құндылықтарды сұрыптауы, саяси қызметте қандай бағдар ұстанатынын анықтауы барған сайын күрделене түседі. Яғни мүмкіндіктер аясы кеңейген сайын таңдаудың өзі де қиындалып, «кең мүмкіндік» пен «күрделі таңдау» арасындағы белгілі бір қайшылық пайда болады [13]. Бұл ойды Хосе Ортега-и-Гассет нақтылай отырып: «Өмір ең алдымен, біздің кім бола алатынымыз, яғни мүмкін әлеуетті өмір; әрі ол – сол мүмкіндіктердің ішінен бірін таңдау, яғни біз шын мәнінде іске асыратын нұсқаны таңдауға қатысты шешім. Жағдайлар мен шешім – өмірді құрайтын екі негізгі құрамдас» деп жазады. Философтың «мүмкін әлеуетті өмір» туралы тұжырымы әсіресе жастарға тән: өйткені жас кезеңіне сай мүмкіндіктердің молдығы, танымға ұмтылыс, келіспегенді өзгертуге талпыныс және белсенділік – объективті түрде бар әлеуеттің көрінісі. «Жастар» және «болашақ» ұғымдары кең әрі тар мағынада (отбасы, қоғам, адамзат деңгейінде) көбіне үміт түсінігімен қатар айтылып келеді. Алайда бұл ұғымдар үміттің іске асу шарттарымен де тығыз байланысты: саяси-экономикалық орта, білім беру жүйесінің сапасы, бастапқы мүмкіндіктердің тең/тең емес болуы сияқты факторлар «мүмкіндіктер арасынан таңдау» сипатына және әлеуеттің жүзеге асуына тікелей ықпал етеді [14].

Бұл байланыстар қазір де өзекті, тек бір айырмашылық бар: қоғамдық өмір тоқтаусыз өзгеріп, өзгерістердің қарқыны біртіндеп үдей түсті. Сондықтан бүгінгі жағдайда жастардың саяси әлеуметтенуін жаһандану құбылысынан бөлек қарастыру қиын. Жаһандануға қатысты бағалау саясаттануда да, практикалық саясатта да біржақты емес; дегенмен әртүрлі пікірлердің (оның артықшылықтары мен әлсіз тұстары, «оң-теріс» арақатынасы туралы) болуының өзі бұл үдерістің шынайы түрде бар екенін дәлелдейді [15]. Жаһандану – қазіргі заманның объективті шындығы, сол себепті ол жастардың әлеуеттік мүмкіндіктерін (оның ішінде саяси салада да) іске асыруға қажетті нақты шарттарды айқындауда елеулі рөл атқарады. Жастардың саяси әлеуметтенуі қазіргі уақыттың құндылықтары мен нормаларын меңгермейінше тиімді бола алмайды. Саяси әлеуметтенудің маңызды ерекшелігі оны «таза күйінде» бөліп алып, мәнін анықтауда жалпы әлеуметтенудің өзге қырларымен байланысын толық абстракциялау мүмкін еместігі. Бұл саясаттың өз табиғатымен түсіндіріледі: саясат қоғам өмірінің барлық саласына ене алу қабілетімен ерекшеленеді. Карл Шмитт өз алдына жеке пәндік саланы білдірмейді, ол тек адамдардың ассоциациясы немесе диссоциациясы қарқындылығының дәрежесін білдіреді; мұндай мотивтер діни, ұлттық (этникалық немесе мәдени мағынада), шаруашылық немесе өзге сипатта болуы мүмкін, әрі әр кезеңде олар әртүрлі бірігу мен ажырауға алып келеді» [16]. Саяси құбылыстың көпқырлылығы тұлғаның орта арқылы қалыптасатын әлеуетті мүмкіндіктерінің көпқырлылығына сәйкес. Ерекшелік қоғамның саяси жүйесіне тән сипаттарда, отбасының материалдық ахуалында, сондай-ақ әртүрлі таптар мен әлеуметтік топтардың және олардың моральдық-діни нормалары мен құндылықтарының жас адамға қандай деңгейде әрі қандай тетіктер арқылы ықпал етуінде жатыр. Ал жастардың саяси әлеуметтенуінің басты мақсаты – тұлғаның не топтың саяси іс-әрекет жүйесіндегі өз орнын саналы түрде айқындауы – мақсатты саяси білім берусіз жүзеге аспайды [17, p.56].

Саяси әлеуметтенудің объективті және субъективті қырлары өзара астасатындықтан, яғни оның таңдамалылық сипаты бар болғандықтан, тұлға мен топтың бірқатар сипаттарын ескеру қажет:

жаһандану жағдайында жастардың, олардың жекелеген топтарының және жеке индивидтің саяси өзін-өзі айқындау (идентификация) үлгілері;

- олардың саяси сауаттылығы мен жинақтаған тәжірибесінің деңгейі;
- идеологиялық бағдарлар мен құндылықтық ұстанымдар;

- діни фактордың саяси таңдау мүмкіндіктеріне ықпал ету ауқымы;
- саясат пен мораль арақатынасы мәселесіне көзқарасы [18, p.112].

Жастардың саяси әлеуметтену үдерісінің күрделілігі оның бір мезетте бірнеше ықпал етуші тараптардың әсерімен қалыптасуынан байқалады: мұнда мемлекеттік құрылымдар мен үкіметтік емес ұйымдар ғана емес, жеке тұлғалар да маңызды орын алады. Әлеуметтендіру агенттерінің ықпалы олардың қызметінің заманауи талаптарға сәйкестігіне, нақты әлеуметтік-саяси ахуалға тез бейімделуіне, әрекет ету икемділігіне және жастар ортасындағы беделі мен сенім капиталына тәуелді. Сонымен қатар жастар үшін ұстаздар мен тәлімгерлерді таңдау үдерісі олардың формалды не бейформалды бірлестіктерге, қозғалыстарға немесе топтарға қатыстылығына байланысты күрделене түседі, өйткені бір ғана оқиғаға қатысты түрлі ортада бір-біріне мүлде қарама-қарсы ұстанымдар қатар ұсынылуы ықтимал. Жаһандану кеңістігінде интернет жастардың саяси әлеуметтенуіндегі жетекші агенттердің біріне айналып, олардың саяси ақпаратты қабылдауына, көзқарас қалыптастыруына және қоғамдық пікірге қатысуына айтарлықтай ықпал етеді. Қазіргі таңда әлеуметтік желілер «саяси үдерісте әрі оң, әрі теріс рөл атқарады: олар ақпарат пен білімді тарату үшін қолданылатын либералдандыру құралы болуы мүмкін, бірақ сондай-ақ бұрмаланған ақпарат пен жалған жаңалықтарды тарату үшін қолданылатын басу құралы да болуы мүмкін. Белгілі бір дәрежеде әлеуметтік желі платформаларын демократиялық қозғалыстар, бостандық үшін күресушілер де, авторитарлық режимдер де қолдана алады» [19]. Ақпараттың өте жоғары жылдамдықпен, дерлік бір сәтте таралу мүмкіндігі саяси коммуникацияның аясын кеңейтіп қана қоймай, интернет кеңістігіне анағұрлым терең кіріккен жастардың саяси оқиғаларға деген қызығушылығы мен назарын күшейтеді. Жақын уақытқа дейін қомақты күш пен уақытты қажет еткен саяси ақпарат бүгінде іс жүзінде үнемі көз алдында.

Жаңа қызығушылықтардың пайда болуы олардың міндетті түрде тұрақты, орнықты болатынын білдірмейді. Олар жаңа саяси түсініктерге орын беруі мүмкін, ал бұл түсініктер жас адамның саяси әлеуметтенуіндегі келесі кезеңнің принциптік негізіне айналуы ықтимал. Интернеттегі жастардың саяси әлеуметтенуінің маңызды агенті ретінде қарастырғанда, оның ықпалымен жастардың қоғамдық-саяси акциялары кей жағдайда бір мезетте әрі ұйымдасқан, әрі стихиялы сипат алып отыратынын ескеру керек. Сондай-ақ желі кеңістігінде кейде тексерілмеген ақпарат, кейде әдейі бұрмаланған «фактылар» жастардың жедел реакциясына, көмектесуге және қолдауға дайын белсенді әлеуетіне сүйеніп, оларды тарту мақсатында таратылады. Мұндай ақпараттық манипуляциялар жастар үшін қолайсыз нәтижелерге, тіпті адам шығыны сияқты ауыр салдарға дейін жеткізуі ықтимал.

Әлеуметтік желілердің жастардың саяси мінез-құлқына тигізетін ықпалының (оң және теріс) логикасын мына тұжырыммен түсіндіруге болады: «әлеуметтік желілер онлайн жалпы хабардарлықты арттырумен қатар офлайн үйлестіру шығындарын азайту есебінен наразылық білдіретін әлеуметтік топтарды жұмылдыру кезіндегі тәртіпсіздікке байланысты кемшіліктерді өтей алады» [20]. Жастардың саяси әлеуметтену жағдайларын сипаттаудың маңызды методологиялық ерекшелігі — саяси кеңістік пен саяси уақыттың объективті байланысы. Саяси уақыттың мазмұны саяси үдерістің белгілі бір ұзақтығының көрінісі ретінде нақты да, қайшылықты да: онда жаңа мен кетіп бара жатқан, жеңіс пен жеңіліс қатар сыйысады. Бір саяси кеңістікте демократиялық та, демократиялық емес идеялар да таралуы, түрлі саяси жүйелер жұмыс істеуі мүмкін, бұл жастардың қоғамның саяси өміріндегі рөлін анықтауына, өзін-өзі жүзеге асыру қажеттіліктеріне барынша сай келетін жүріс-тұрыс пен қатысу формаларын таңдауына сөзсіз ықпал етеді. Бір уақыт шеңберіндегі қажеттіліктердің әртүрлілігі мен мүдделердің қайшылығы жастар ортасының өз ішінде де, одан тыс жерде де қақтығыстардың көзіне айналуы ықтимал. Э. Гидденс «жаңа әлемдік тәртіптің» маңызды қайшылықтарының бірі ретінде «капиталдың интернационалдану үдерістері (капиталистік тетік тұтастай) мен ұлттық мемлекеттердің ішкі консолидациясы арасындағы» шиеленістің арта түсетінін атап көрсеткен [21]. Мұның ықтимал нәтижесі — қазіргі капитализмнің ұлттық мемлекеттердің «саяси және мәдени айырмашылықтарын бұлдырлатуға» бейім үрдісінің

күшеюі — оның дамуының қолайлы шарттарының біріне айналады. Тұлға қабілеттерін жүзеге асырып, алған білімін қолдана отырып, уақыт шақыруларына жауап беру мүмкіндігін алады. Қоғамдық ілгерілеу қарқынының артуы – табиғи әрі объективті құбылыс. Жаһандану әлеуметтік өзгерістердің жалпы логикасына ғана емес, соның бір қыры ретінде көрінетін саяси дамудың бағыты мен қарқынына да тікелей ықпал жасайды. Осы контексте ерекше мәнге ие құбылыстардың бірі – саяси лидерлік буынның алмасуы. Лидерлік феномені жаңа емес: саяси өмірдің өз табиғаты белгілі бір деңгейде жетекшілікке деген сұранысты үнемі туындатады. Алайда көпшілікке «біреу ықпал етіп, жол көрсетіп, таныстырып, ұйымдастырып отыруы керек. Көпшілік мұндай қажеттіліктен бас тартқанға дейін немесе көпшілік болудан қалғанға дейін» деген оймен келіссек те, қазіргі өзгермелі саяси жағдайда «іріктелген азшылықтың» көпшіліктің құбылып отыратын талап-тілектеріне сәйкес бейімделе алу қабілеті аса маңызды екенін атап көрсету қажет [22].

Жастарды түсінбеудің бір себебі ретінде саяси көшбасшылардың жас айырмашылығын да қарастыруға болады. Сонымен бірге лидерлікті «жасарту» тенденциясы жас көшбасшыларға қойылатын өлшемдердің артуымен қатар жүретінін ескеру керек: олардың теориялық дайындығы, құндылықтық ұстанымдары, тұлғалық қасиеттері және саяси кемелдігіне қатысты талаптар барған сайын күшейе түседі.

### **ҚОРЫТЫНДЫ**

Жүргізілген зерттеу қазіргі қазақстандық жастардың саяси әлеуметтену процесі күрделі әрі көпдеңгейлі сипатқа ие екенін көрсетті. Теориялық талдау мен эмпирикалық деректер негізінде келесі тұжырымдарды тұжырымдауға болады:

Біріншіден, жастардың саяси әлеуметтенуі институционалдық және цифрлық факторлардың өзара әрекеттесуі аясында жүзеге асады. Э. Гидденстің құрылымдану теориясы тұрғысынан алғанда, жастар бір мезгілде саяси институттар әсерінің объектісі және осы құрылымдарды өз тәжірибелері арқылы өзгертуге қабілетті белсенді агент ретінде көрінеді [23].

Екіншіден, эмпирикалық зерттеу нәтижелері қазақстандық жастардың саяси идентификациясында азаматтық компоненттің басым екенін дәлелдеді. Респонденттердің 74%-ы өзін ең алдымен Қазақстан азаматы ретінде тануы – біртұтас саяси-құқықтық кеңістіктің және ортақ мемлекеттік идеясының жастар санасында терең орныққанын көрсетеді. Сонымен бірге, этникалық идентификацияның 12%-дық үлесі полиэтникалық қоғамдағы саяси процестердің күрделілігін аңғартады [24].

Үшіншіден, дәстүрлі саяси институттарға сенім деңгейінің төмендігі байқалады. Мемлекеттік БАҚ пен соттарға сенім шамамен 30%-ды, ал партия көшбасшыларына сенім 20%-дан аспайды. Бұл жастардың формалды саяси институттардан алшақтауын және олардың қызметіне деген сыни көзқарастың қалыптасқанын білдіреді. Мұндай институционалдық скептицизм жастардың саяси белсенділігінің төмендеуіне немесе оның дәстүрлі емес формаларға ауысуына әкелуі мүмкін [25, p.17].

Төртіншіден, цифрлық медианың, әсіресе әлеуметтік желілердің рөлі айтарлықтай артқан. Респонденттердің 70%-дан астамы әлеуметтік желілерді саяси ақпараттың негізгі көзі ретінде атаса, Қазақстан жастарының 77%-ы сайлау мен саясат жөніндегі ақпаратты әлеуметтік желілерден алады. Бұл цифрлық ортаның жастардың саяси әлеуметтенуінің басты алаңына айналғанын дәлелдейді. Instagram, TikTok, YouTube секілді платформалар саяси контентті жедел әрі интерактивті форматта тұтынуға мүмкіндік береді, бұл дәстүрлі медианың ұсына алмайтын қасиеті.

Бесіншіден, Х. Ортега-и-Гассеттің «бұқара көтерілісі» концепциясы аясында қарастырғанда, цифрлық дәуірде ақпараттық ағындар саяси реакцияларды жеделдетіп, қатысудың эмоционалдық құрамдас бөлігін күшейтеді. Ал К. Шмиттің «саяси» тұжырымдамасына сәйкес, цифрлық дискурсивті тәжірибелерде «өзге-бөгде» оппозициясының құрылуы күшейіп, бұл жастардың саяси бағдарларының қалыптасуына әсер етеді.

Қазіргі қазақстандық жастардың саяси әлеуметтенуі институционалдық трансформациялар мен цифрлық ортаның өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады. Бұл процесс дәстүрлі саяси институттарға сенімнің төмендеуімен және цифрлық платформалардың басымдығымен сипатталады, бірақ сонымен бірге азаматтық идентификацияның жоғары деңгейін сақтайды.

### References:

- 1 Donbavand S., Hoskins B. *Citizenship Education for Political Engagement: A Systematic Review of Controlled Trials // Social Sciences.* — 2021. — Vol.10. — №5. — P.59-78.
- 2 Coopmans M., ten Dam G., Dijkstra A.B., van der Veen I. *Towards a Comprehensive School Effectiveness Model of Citizenship Education: An Empirical Analysis of Secondary Schools in The Netherlands // Social Sciences.* — 2020. — Vol.9. — №9. — P.128-149.
- 3 Tariq R., Zolkepli I.A., Ahmad M. *Political Participation of Young Voters: Tracing Direct and Indirect Effects of Social Media and Political Orientations // Social Sciences.* — 2022. — Vol.11. — №2. — P.81-101.
- 4 Mihálik J., Garaj M., Bardovič J. *Social Media and Political Communication of Youth Political Organisations in Slovakia, Czechia and European Level: A Cross-Case Analysis // Social Sciences.* — 2022. — Vol.11. — №2. — P.69-80.
- 5 Alodat A.M., Al-Qora'n L.F., Abu Hamoud M. *Social Media Platforms and Political Participation: A Study of Jordanian Youth Engagement // Social Sciences.* — 2023. — Vol.12. — №7. — P.402-417.
- 6 Alamo-Bolanos A., Mulero-Henríquez I., Morata Sampaio L. *Childhood, Education, and Citizen Participation: A Systematic Review // Social Sciences.* — 2024. — Vol.13. — №8. — P.399-416.
- 7 Ferreira G.B., Ferreira L.S. *The Polarization Paradox: Social Media, Young Voters, and the Challenges to the Open Society // Social Sciences.* — 2025. — Vol.14. — №9. — P.542-566.
- 8 Jackle S., Bauschke R. *From Likes to Votes? Exploring Exposure to Digital Election Campaigns and Its Correlation with Voting Behavior of Young Voters in the 2025 German Federal Election // Social Sciences.* — 2025. — Vol.14. — №12. — P.719-821.
- 9 Hansen T., Taylor C.K., Knowles R.T. *Digital Media and Political Engagement: Shaping Youth Environmental Attitudes and Behaviors in Four European Societies // Societies.* — 2025. — Vol.15. — №11. — P.300-318.
- 10 Tsouparopoulou E., Symeonaki M., Parsanoglou D., Kazani A. *European Youth and Digital Engagement: Attitudes, Skills, and Civic Participation // Journal of Applied Youth Studies.* — 2025. — Vol.8. — №7. — P.219-247.
- 11 Juusola H. *Stakeholders' Perception on Youths' e-Participation in Finland: Case Virtual Council // H. Juusola, J. Varsaluoma // Journal of Applied Youth Studies.* — 2023. — Vol.6. — №9. — P.75-93.
- 12 Lohmeyer B. A. *Youth Work, Youth Studies, and Co-design: Sustaining a Dynamic Nexus to Progress Youth Participation // B. A. Lohmeyer, J. R. McGregor, B. E. Wood // Journal of Applied Youth Studies.* — 2024. — Vol.7. — P.193-210.
- 13 Baizhumakzy Z., Tangkish N., Mazhinbekov S., Sarsenbekov Z., Korganova S. *Fostering Democratic Engagement: Factors Shaping Youth Political Participation in Kazakhstan // Frontiers in Political Science.* — 2025. — Vol.7. — №18. — P.44-61.
ұлттық шекарадан асып түсетінін көрсетеді. Жижекше айтқанда, зорлық көбіне ашық әрекеттен бұрын, оны қалыпты немесе ақталған құбылыс ретінде қабылдататын идеологиялық құрылымдар арқылы орнығады. Демек, қаржыландырудың өзі материалдық акт қана емес, символдық негіздемесі бар әлеуметтік тәжірибе [4].

Аймақтық деректер де мәселенің күрделілігін айқындайды: 2014 жылы Қазақстанда терроризмді қаржыландыруға қатысты 274 күмәнді операция тіркелген, алайда сотталғандардың тек 2,7%-ы ғана тікелей қаржыландырумен байланысты болған. Бұл формальды статистика мен жасырын әлеуметтік инфрақұрылым арасындағы алшақтықты көрсетеді [5]. Сонымен қатар, мұндай алшақтық құқық қорғау органдары анықтайтын фактілер мен қоғам ішіндегі бейресми сенім арналары, қайырымдылық тәжірибелері, діни бедел және туыстық міндеттемелер арқылы жүретін ресурстық алмасулардың толық сәйкес келмейтінін аңғартады. Осы тұрғыдан алғанда, терроризмді қаржыландыруды әлеуметтік-мәдени кеңістікте талдау қауіпсіздік саясатын құрылымдық және идеологиялық өлшемдермен толықтыру қажеттігін білдіреді. Зерттеудің өзектілігі де осында: терроризмді қаржыландыру арналарының әлеуметтік негіздерін ашу арқылы біз қауіпсіздікке төнетін қатердің жасырын механизмдерін тереңірек түсінуге және алдын алу шараларын неғұрлым кешенді сипатта ұсынуға ұмтыламыз.

Осыған байланысты зерттеу бірнеше негізгі сұраққа жауап іздейді: терроризмді қаржыландырудың әлеуметтік тасымалдаушылары кімдер, қандай жағдайларда қаржы ағыны моральдық тұрғыдан ақталады, және қандай құрылымдық факторлар оны үздіксіз жаңғыртып отырады? Біз ресми бақылау мен бейресми әлеуметтік қатынастар арасындағы өзара тәуелділікті ашуды көздейміз. Мұндай талдау терроризмге қарсы саясатты тек репрессивті емес, профилактикалық, ағартушылық және қоғамдағы сенім институттарын қалпына келтіруге бағытталған кешенді стратегия ретінде қайта қарастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл кіріспе мәселені құқықтық шеңберден шығарып, оның әлеуметтік тамырларын, мәдени рәміздерін, желілік динамикасын және институционалдық осалдықтарын қатар терең қарастырады.

## **ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ**

Бұл зерттеу терроризмді қаржыландыруды тар құқықтық немесе қаржылық бұзушылық ретінде емес, әлеуметтік қатынастар, символдық легитимация және институционалдық осалдықтар түйісінде қалыптасатын көпдеңгейлі құбылыс ретінде қарастыруға бағытталған. Сондықтан зерттеу дизайны сапалық басымдығы бар аралас әдіснамалық стратегияға негізделді. Оның өзегін теориялық реконструкция, құжаттық талдау, сапалық контент-талдау, салыстырмалы кейстік талдау және әлеуметтік желілік логиканы үлгілеу құрады. Мұндай синтетикалық тәсіл терроризмді қаржыландыру арналарының тек экономикалық қозғалысын ғана емес, олардың қандай әлеуметтік ортада ақталатынын, қалай тұрақтанатынын және қандай мәдени рәміздер арқылы ұдайы өндірілетінін ашуға мүмкіндік береді [6, p.765].

Зерттеудің теориялық іргетасы бірнеше парадигмаға сүйенді. П. Бурдьенің капиталдар теориясы мен өріс концепциясы Бұл тәсіл экономикалық ресурс, әлеуметтік байланыс, мәдени бедел және символдық мойындау бір-біріне қалай ауысатынын түсіндіруге қолданылды. У. Бектің «қауіп-қатер қоғамы» тұжырымдамасы; ол терроризмді қаржыландырудың ұлттық шекарадан асып, трансұлттық және институционалдық тәуекел сипатына ие болуын түсіндіруге мүмкіндік берді. С. Жижектің идеология талдауы; осы негізде материалдық қолдаудың кей ортада моральдық міндет, діни парыз немесе қауым алдындағы жауапкершілік ретінде қайта кодталуы түсіндірілді. Теориялық рамка зерттеудің барлық кезеңінде категориялық сүзгі қызметін атқарды.

Зерттеу базасының негізгі 2019–2025 жылдар аралығындағы ғылыми әдебиеттер, халықаралық ұйымдардың есептері және салалық аналитикалық шолулар пайдаланылды. Олардың қатарына терроризмді қаржыландыру, ақшаны жылыстату, цифрлық аударымдар, краудфандинг, қайырымдылық арналары және Орталық Азия кеңістігіндегі радикализация мәселелерін қамтитын мақалалар мен баяндамалар енгізілді [7]. Қазақстан мен Орталық Азияға қатысты ресми материалдар: қаржылық мониторингке, терроризмге қарсы саясатқа,

күмәнді транзакцияларға және радикализацияның алдын алу шараларына арналған ашық есептер, нормативтік түсіндірмелер мен сараптамалық құжаттар талданды. Үшіншіден, ашық цифрлық кеңістіктегі дискурстық деректер іріктелді: қоғамдық қолжетімді медиа-материалдар, пікірталастар, жария хабарламалар және онлайн қайырымдылық пен идеологиялық жұмылдыруға қатысты мәтіндер қарастырылды [8, p.145]. Жабық арналар немесе құпия ақпарат пайдаланылған жоқ.

Зерттеудің талдау бірлігі ретінде жекелеген қылмыстық эпизодтар емес, қаржы ағымын мүмкін ететін әлеуметтік механизмдер алынды. Басқаша айтқанда, басты назар ақша қозғалысының техникалық маршрутына емес, оны қолдайтын сенім құрылымдарына, делдал тұлғаларға, символдық беделге, цифрлық медиаторларға және институционалдық әлсіз тұстарға аударылды. Хронологиялық шеңбердің 2019–2025 жылдармен шектелуі де кездейсоқ емес: дәл осы кезеңде цифрлық төлемдер, платформалық қайырымдылық және крипто-инфрақұрылым туралы зерттеулер көбейіп, терроризмді қаржыландырудың дәстүрлі емес арналары айқынырақ көріне бастады. Аймақтық фокус Қазақстан мен Орталық Азия кеңістігіне қойылды, алайда салыстырмалы түсіндіру үшін жаһандық кейстер де пайдаланылды.

Деректер мақсатты іріктеу қағидасымен таңдалды. Іріктеуге енгізудің негізгі өлшемдері мыналар болды: зерттеу нысанына тікелей қатыстылығы; терроризмді қаржыландырудың әлеуметтік, институционалдық немесе цифрлық қырын ашуы; Қазақстан не Орталық Азия контекстіне жанама немесе тікелей байланысы; дереккөздің академиялық не институционалдық сенімділігі [9]. Ал таза оқиғалық сипаттағы, бірақ қаржы механизмін немесе әлеуметтік ортасын түсіндірмейтін материалдар талдаудан шеттетілді. Бұл тәсіл деректік базаны тақырыптық жағынан біртекті, ал интерпретациялық жағынан салыстырмалы етуге мүмкіндік берді.

Талдаудың бірінші кезеңінде әдебиеттер мен құжаттарға жүйелі шолу жасалып, негізгі ұғымдар мен қайталанатын үлгілер бойынша кодтау жүргізілді. Кодтау матрицасына «қаржыландыру арнасы», «делдал актор», «сенім желісі», «символдық ақтау», «цифрлық платформа», «институционалдық әлсіздік» және «алдын алу тетігі» сияқты санаттар енгізілді [10]. Алғашқы ашық кодтаудан кейін санаттар біріктіріліп, осьтік талдау арқылы кеңірек түсіндірме блоктарына топтастырылды. Екінші кезеңде сапалық контент-талдау арқылы мәтіндерден қайырымдылықтың легитимациясы, туыстық пен діни беделдің ресурстық функциясы, көлеңкелі және заңды қаржы арналардың түйісуі, сондай-ақ шағын сомалар арқылы жүзеге асатын бөлшектенген қаржыландыру формалары айқындалды. Үшінші кезеңде салыстырмалы талдау қолданылып, жаһандық, өңірлік және жергілікті деңгейлердегі айырмашылықтар мен ортақ заңдылықтар жүйеленді.

Әлеуметтік желілік талдау бұл зерттеуде толық сандық модель ретінде емес, аналитикалық карта жасау құралы ретінде пайдаланылды. Яғни назар нақты ақша көлемінен гөрі акторлар арасындағы байланыстың сипатына, делдалдардың рөліне, сенімнің айналымдағы функциясына және идеологиялық тораптардың шоғырлануына аударылды. Бағалау бірліктері ретінде түйіндер, байланыс түрлері, делдалдық позициялар және желінің жабықтық дәрежесі алынды. Осы арқылы қаржылық әрекеттің артында қандай әлеуметтік инфрақұрылым тұрғаны түсіндірілді. Ал дискурс талдауы материалдық қолдауды ақтайтын тілдік формулаларды, «құрбандық», «көмек», «борыш», «қорғау» тәрізді риторикалық кодтарды анықтауға бағытталды [11].

Нәтижелердің негізділігі деректерді ұштараптандыру арқылы бағаланды: ғылыми әдебиеттен алынған қорытындылар ресми есептермен, ал ресми материалдардағы үрдістер цифрлық дискурс мысалдарымен салыстырылды. Интерпретацияның сенімділігі категорияларды қайталап тексеру, дереккөздер арасындағы сәйкес келу деңгейін салыстыру және теориялық ұғымдармен қайта байланыстыру арқылы қамтамасыз етілді. Негізгі бағалау өлшемдері ретінде арнаның тұрақтылығы, әлеуметтік легитимация деңгейі, трансшекаралық сипаты, цифрлық бейімделгіштігі және институционалдық бақылауды айналып өту әлеуеті алынды. Қосымша түрде әрбір анықталған үлгі микродеңгейдегі сенім қатынастары, мезодеңгейдегі қауымдық ұйымдасу және макродеңгейдегі реттеуші құрылымдармен байланысы бойынша

тексерілді. Сондай-ақ нәтижелердің түсіндірмелік қуаты балама интерпретациялармен салыстырылып, бір дереккөзде байқалған тұжырым екіншісімен расталмаған жағдайда абайлап қолданылды. Бұл қорытындылардың шамадан тыс жалпылануын тежеді. Зерттеу этикасы тұрғысынан тек ашық және жария деректер қолданылып, жеке тұлғаларды қайта сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтер сипатталмады. Әдіснаманың шектеуі ретінде жабық желілер мен құпия қаржы операцияларының толық көрінбеуі аталады. Соған қарамастан, ашық деректерге сүйенген кешенді талдау терроризмді қаржыландыруды әлеуметтік логикасы бар құрылымдық феномен ретінде бағалауға жеткілікті эмпирикалық негіз берді.

### **ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

Жүргізілген эмпирикалық және теориялық талдау терроризмді қаржыландырудың бірөлшемді экономикалық схемаға сыймайтынын, керісінше, көпдеңгейлі әлеуметтік құрылым ретінде ұйымдасатынын көрсетті. Біз қаржы арналарының логикасын үш өзара байланысты масштабта – жаһандық, өңірлік және жергілікті деңгейлерде – қарастыру орынды деп есептейміз. Мұндай жіктеу қаржы ағындарының тек қозғалыс бағытын емес, олардың қандай әлеуметтік ортада легитимацияланатынын, қалайша сақталатынын және қандай жағдайларда үзіліске ұшырайтынын түсіндіруге мүмкіндік береді. Нәтижелер терроризмді қаржыландыру жүйесінің экономикалық, мәдени, символдық және желілік компоненттері бір-бірінен ажырамай әрекет ететінін айқын көрсетті.

Біріншіден, жаһандық деңгей. Бұл деңгейде терроризмді қаржыландыру трансұлттық қылмыстық экономиканың және геосаяси мүдделердің қиылысында орналасады. ИМ (ДАИШ) ұйымының 2014–2017 жылдары мұнай саудасынан тәулігіне 1–3 млн доллар көлемінде табыс тапқаны туралы деректер [12, р.652] террористік құрылымдардың уақытша «квази-мемлекеттік» экономикалық режим құра алатынын көрсетеді. Сол сияқты «Әл-Қаида» бөлімшелерінің кепілдік төлемдер арқылы қаржы жинауы терроризмнің зорлық пен нарықтық логиканы біріктіретін гибриді механизмге айналғанын дәлелдейді. Бұл фактілер терроризмді тек идеологиялық қозғалыс ретінде емес, ресурстық автономияға ұмтылатын ұйымдық модель ретінде түсіндіруге негіз береді. Жаһандық деңгейдегі тағы бір маңызды қорытынды – терроризмді қаржыландыру арналары ресми экономикадан толық бөлінбейді; керісінше, олар заңды нарықтардағы олқылықтарды, әлсіз реттеу режимдерін және соғыс аймақтарындағы институционалдық вакуумды белсенді пайдаланады. Демек, терроризмнің қаржылық тұрақтылығы көбіне көлеңкелі сектордың ауқымына ғана емес, халықаралық экономикалық тәртіптің теңсіздігіне де тәуелді.

Екіншіден, өңірлік деңгей. Зерттеу диаспоралық және миграциялық желілердің қаржы мобилизациясындағы маңызын айқындады. Бірқатар жағдайларда қаражат жергілікті емес, шетелдегі қауымдастықтар арқылы аударылған [13]. Мұндай құбылыс әлеуметтік капиталдың топшылық сенім мен ынтымақтастық арқылы ресурстық формаға айналатынын көрсетеді. Біз бұл жерде құрылымдық парадокс байқалатынын атап өтеміз: әлеуметтік байланыс пен өзара көмек нормалары – әдетте позитивті құндылықтар – белгілі бір идеологиялық контексте радикал мақсаттарға қызмет етуі мүмкін [14]. Өңірлік талдау сондай-ақ қаржыландыру арналарының мәдени жақындық, ортақ тіл, туыстық байланыс және діни бедел арқылы тұрақтанатынын көрсетті. Бұл арналар міндетті түрде қылмыстық сипатта басталмайды; кейде олар гуманитарлық көмек, қайырымдылық немесе қауымшылдық қолдау түрінде көрінеді. Алайда идеологиялық сүзгіден өткен кезде дәл осы арналар ресурстарды радикал желілерге бағыттайтын делдал механизмге айналуы ықтимал. Сондықтан өңірлік қауіпсіздік саясаты тек шекаралық бақылаумен шектелмей, миграциялық қауымдастықтардағы сенім құрылымдарын, ақпарат алмасу арналарын және бедел иелерінің ықпалын ескеруі тиіс.

Үшіншіден, жергілікті деңгей. «Өзін-өзі қаржыландыру» феномені терроризмнің орталықтандырылған демеушілікке тәуелді еместігін көрсетті. Ақтөбе (2016) оқиғасы сияқты мысалдарда ұяшық мүшелері ресурсты өз ортасынан жинақтаған. Бұл жерде радикализация экономикалық тапшылықтан гөрі әлеуметтік маргиналдық пен символдық фрустрациямен

тығыз байланысты екенін байқаймыз. Жергілікті деңгейдегі деректер радикал топтардың көбіне шағын сенім шеңберлеріне сүйенетінін, ал қаржыландыру көлемі үлкен болмағанның өзінде ұйымдық әрекет үшін жеткілікті болатынын аңғартты. Басқаша айтқанда, мәселе әрқашан ірі қаржыда емес, аз ресурстың жоғары идеологиялық жұмылдырумен ұштасуында. Осындай жағдайда тұрмыстық табыс, шағын бизнес кірісі, достық немесе туыстық қарыз, кейде бейресми садақа формалары радикал әрекеттің материалдық алғышартына айналуы мүмкін. Бұл қорытынды терроризмге қарсы саясатта тек ірі транзакцияларды емес, әлеуметтік ортадағы өзгерістерді, оқшаулану белгілерін және сенім желілерінің жабықтануын да ескеру қажеттігін көрсетеді.

Ұйымдық құрылым тұрғысынан қазіргі терроризм гибриді сипатқа ие: иерархиялық басқару элементтері мен көлденең желілік байланыстар қатар әрекет етеді [15]. Талдау нәтижелері орталықтандырылған басшылық әлсіреген жағдайда да идеологиялық бренд, ортақ рәміздер мен цифрлық коммуникация арқылы ұйымдық сабақтастық сақталатынын көрсетті. Бұл әсіресе онлайн кеңістіктегі шағын топтардың тез байланысуынан, насихаттық материалдардың жеңіл таралуынан және делдалсыз шағын қаржы жинау мүмкіндігінен байқалады. Цифрлық кеңістікте идеологиялық легитимация мен қаржы жинау бір мезетте жүзеге асады; «құрбандық» риторикасы материалдық қолдауды моральдық міндет ретінде қайта кодтайды [16]. Бұл символдық зорлықтың нормализациялану үдерісін білдіреді. Яғни қаржы аудару кейбір акторлар санасында қылмыстық көмек емес, моральдық борыш, діни жауапкершілік немесе әділеттілікке қосқан үлес ретінде қабылдануы мүмкін. Мұндай қайта кодтау механизмі бақылау шараларын айналып өтудің әлеуметтік негізін күшейтеді.

Сонымен бірге, нәтижелер қаржыландыру арналарының тұрақтылығы көбіне ұйымның әскери қуатынан емес, оның әлеуметтік бедел өндіру қабілетінен туындайтынын аңғартты. Қай жерде радикал топ өзін «қорғаушы», «әділет іздеуші» немесе «қауым мүддесінің өкілі» ретінде көрсете алса, сол жерде материалдық қолдау алу ықтималдығы артады. Бұл қаржы мен идеологияның өзара тәуелділігін нақтылайды және алдын алу саясатының әлеуметтік бағытын күшейту қажеттігін дәлелдейді.

Қазақстандық деректер әлеуметтік теңсіздік пен институционалдық сенімнің әлсіреуі радикализация тәуекелін арттыратынын көрсетеді. Біз қаржылық мониторинг тетіктері жеткілікті болғанымен, әлеуметтік-идеологиялық инфрақұрылым назардан тыс қалса, саясаттың тиімділігі шектеулі болады деп пайымдаймыз. Осы тұрғыдан SNA құралдарын енгізу және алдын алу шараларын құрылымдық деңгейде күшейту стратегиялық маңызға ие [17, p.57]. Әсіресе бейресми лидерлердің ықпалын, жабық діни топтардың ішкі коммуникациясын, онлайн және офлайн желілердің түйісу нүктелерін талдау маңызды. Нәтижелер қауіптің негізгі көзі тек заңсыз ақша қозғалысында емес, әлеуметтік сенімнің деструктивті идеологиямен қабысуында екенін аңғартты. Бұл қауіпсіздік саласындағы шешімдерді репрессивті шаралардан бөлек, білім беру, медиасауаттылық, қауымдық делдалдық және институционалдық әділеттілікпен толықтыру қажеттігін негіздейді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер гипотезаны қуаттайды: терроризмді қаржыландыру – бұл құқық бұзушылық актісі ғана емес, әлеуметтік қатынастар мен символдық легитимация арқылы ұдайы өндірілетін құрылымдық феномен. Зерттеу қаржы арналарының өміршеңдігі олардың техникалық жасырынуында ғана емес, әлеуметтік қабылдануында, ортақ сенім шеңберлерінде және идеологиялық ақталу формаларында жатқанын көрсетті. Сондықтан терроризмді қаржыландыруға қарсы тиімді саясат экономикалық мониторинг, құқықтық бақылау және халықаралық ынтымақтастықпен қатар, әлеуметтік байланыстардың сапасын, мәдени делдалдарды және қауымішілік сенім институттарын да қамтуы тиіс. Тек осындай көпдеңгейлі тәсіл ғана терроризмнің қаржылық инфрақұрылымын әлсіретіп, оның әлеуметтік қайта өндірілу механизмдерін шектеуге мүмкіндік береді.

## ТАЛҚЫЛАУ

Алынған нәтижелерді қолданыстағы ғылыми әдебиетпен салыстыра отырып, біз терроризмді қаржыландыруды тек қаржылық бақылау объектісі емес, әлеуметтік ұйымдасқан процесс ретінде қарастыру қажеттігіне көз жеткіздік. К. Лойпрехт және оның әріптестері ұсынған әлеуметтік желі талдауы тәсілі терроризмді қаржыландыруды институционалдық бақылаудан тыс әлеуметтік байланыстар жүйесінде түсіндірудің маңызын атап өткен еді [18]. Біздің зерттеу осы тезисті өңірлік деректермен нақтылап, қаржы ағындарының артында туыстық, достық және идеологиялық тораптар жатқанын көрсетті. Бұл әсіресе бейресми қайырымдылық, діни беделге негізделген сенім қатынастары және шағын қауымдар ішіндегі міндеттеме мәдениеті арқылы айқын байқалады. Яғни ресурстың қозғалысы көбіне құқықтық категориялар арқылы ғана емес, әлеуметтік мағына, моральдық рұқсат және топтық адалдық арқылы ұйымдасады. Осы тұрғыдан біздің қорытындылар терроризмді қаржыландыруды «ақша аудару фактісі» деңгейінде емес, оны мүмкін ететін қатынастар инфрақұрылымы деңгейінде зерделеу қажеттігін күшейтеді.

Сонымен қатар, «гибридтік қаржы желілері» туралы тұжырымымыз қылмыстық желілер теориясымен үндеседі [19]. Алайда біз бұл құрылымды мәжбүрлі бытырау емес, бейімделгіш трансформация ретінде бағалаймыз. 2023 жылғы еуропалық зерттеулерде де ірі ұйымдардың қаржы арналарының бытыраңқылығы атап өтіледі, бірақ біздің талдау мұндай өзгерістердің әлеуметтік инженерия элементтерімен қатар жүретінін көрсетеді. Террористік желілер қысым жағдайында жаңа қаржылық формаларды, криптовалюталар мен онлайн-платформаларды игеріп отыр. Мұнда маңыздысы техникалық құралдардың өзі емес, сол құралдарды сенімге, анонимдікке және моральдық ақтауға негізделген жаңа әлеуметтік ортаға енгізу қабілеті. Басқаша айтқанда, цифрлық қаржы құралдары терроризмді қаржыландыруды автоматты түрде тудырмайды; оларды қауіпті ететін нәрсе – радикал желілердің оларды өз идеологиялық және ұйымдық мақсаттарына бейімдеу икемділігі. Бұл қорытынды қаржылық бақылаудың технологиялық өлшемін мәдени және әлеуметтік талдаумен толықтыру қажет екенін көрсетеді.

Бұл үрдіс У. Бектің «қауіп-қатер қоғамы» туралы тұжырымын растайды: технологиялық прогресс қауіптерді жоймай, оларды жаңа форматта қайта өндіруі мүмкін. Біздің нәтижелер осы ойды нақтылайды. Қауіп тек жаңа платформада емес, әлеуметтік өмірдің цифрлануы мен институционалдық бақылаудың бірдей қарқынмен өзгермеуі арасындағы алшақтықта жатыр. Қаржылық мониторинг жүйелері көбіне ресми транзакциялардың ірі көлеміне бағытталса, қазіргі радикал желілер шағын сомалар, бытыраңқы донорлық, делдалсыз жинақ және шекарааралық цифрлық байланыстар арқылы әрекет етеді. Демек, тәуекелдің табиғаты ірі жасырын орталықтан ұсақ, бірақ тез бейімделетін желілік түйіндерге қарай ығысқан. Бұл өзгеріс қауіпсіздік парадигмасын да қайта қарауды талап етеді.

Практикалық тұрғыдан алғанда, тек «follow the money» стратегиясына сүйену жеткіліксіз [20, p.258]. Біздің талдау көрсеткендей, қаражат қозғалысын бақылау маңызды болғанымен, ол радикал қаржыландырудың әлеуметтік бастауын толық ашпайды. Кейбір жағдайда материалдық қолдау заңды қайырымдылық, қауымшілік көмек немесе жеке сенім қатынастары арқылы берілуі мүмкін. Мұндай арналарда қаржы заңсыз сипатқа бірден ие болмайды; ол белгілі бір дискурстық және идеологиялық қайта кодтау нәтижесінде радикал мақсатқа қызмет ететін ресурсқа айналады. Сондықтан бақылау жүйесі тек транзакцияны емес, оның контекстін, байланыс желісін және оған қоса жүретін насихаттық риториканы да ескеруі тиіс. Осы жерде әлеуметтік желі талдауы, дискурс талдауы және тәуекелдің мінез-құлықтық индикаторлары өзара ұштасқанда ғана анағұрлым нәтижелі модель қалыптасады.

«Арзан терроризм» феномені қаржылық шектеулердің өздігінен радикал әрекетті тоқтатпайтынын көрсетеді [21, p.31]. Бұл С. Жижектің зорлықты тек материалдық емес, идеологиялық құрылым ретінде түсіндіру қажеттігі туралы пікіріне сәйкес келеді. Егер зорлық символдық тұрғыдан ақталып, белгілі бір ортада моральдық міндет немесе қасиетті іс ретінде ұсынылса, онда оған қажетті қаржының аз болуы қауіптің төмен екенін білдірмейді. Керісінше, төмен шығынды, бірақ жоғары символдық жұмылдыруға негізделген модельдер

қазіргі жағдайда анағұрлым орнықты болуы мүмкін. Біздің нәтижелер жергілікті ұяшықтардың кейде үлкен сыртқы демеушісіз-ақ әрекетке қабілетті екенін көрсетті. Мұндай жағдайда қауіптің өзегі қаржы көлемінде емес, әлеуметтік окшаулану, әділетсіздік сезімі, институционалдық сенімсіздік және радикал түсіндірудің тартымдылығында жатыр.

Бұған қоса, нәтижелер П. Бурдьенің капиталдардың айырбасталу логикасы туралы көзқарасымен де үйлеседі. Әлеуметтік капитал белгілі бір ортада символдық беделмен ұштасқанда, ол материалдық ресурсты жұмылдырудың сенімді арнасына айналады. Осы себепті кейбір донорлар өз әрекетін қылмыс ретінде емес, қауым алдындағы міндет, діни жауапкершілік немесе құндылыққа адалдық ретінде қабылдауы мүмкін. Мұндай қабылдау формасы құқықтық тыйымның алдын орап өтетін моральдық легитимация тудырады. Демек, терроризмді қаржыландыруды тежеу үшін тек санкция жеткіліксіз; оған қарсы символдық бедел кеңістігінде де балама түсіндірулер, сенім тудыратын институттар және әлеуметтік мойындаудың бейбіт арналары ұсынылуы тиіс. Бұл алдын алу саясатының мәдени деңгейін күшейтудің маңызын тағы дәлелдейді.

Осыған байланысты біз қаржылық мониторингке әлеуметтік-аналитикалық модульдерді кіріктіруді, «Big Data» және желілік модельдерді қолдануды ұсынамыз [22]. Бірақ бұл ұсыныс таза техникалық шешім ретінде емес, көпсалалы басқару тетігі ретінде түсінілгені жөн. Біріншіден, тәуекелді бағалауда қаржы іздерімен қатар онлайн қауымдардың дискурсын, делдал тұлғалардың ықпалын және бейресми сенім арналарының құрылымын есепке алу қажет. Екіншіден, идеологиялық иммунитетті күшейту, діни-ағартушылық жұмыстарды жүйелеу және әлеуметтік теңсіздікті төмендету стратегиялық басымдық болуы тиіс. Үшіншіден, жергілікті қауымдастықтармен жұмыс істейтін институттардың сенімділігі артып, профилактикалық саясат құқық қорғау логикасымен ғана шектелмей, әлеуметтік қолдау және ерте араласу тетіктерімен ұштасуы керек. Бұл жерде білім беру мекемелері, дінтанушылар, әлеуметтік қызметтер және жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдары арасында тұрақты координация қажет.

Жалпы, зерттеу терроризмді қаржыландыруды құрылымдық және мәдени контекстен ажыратып қарастыру мүмкін еместігін көрсетеді. Ұзақ мерзімді нәтижеге жету үшін қауіпсіздік саясаты әлеуметтік, институционалдық және идеологиялық өлшемдерді біріктірген кешенді парадигмаға сүйенуі қажет. Біздің ойымызша, дәл осындай тәсіл ғана терроризмді қаржыландырудың жасырын арналарына қарсы тұрып қана қоймай, оларды өндіретін әлеуметтік жағдайларды әлсіретуге мүмкіндік береді. Сондықтан болашақ зерттеулер қаржы мониторингінің формальды деректерін әлеуметтік байланыстардың сапалық талдауымен ұштастырып, радикалданудың алдын алуға бағытталған кешенді үлгілерді одан әрі дамытуы тиіс.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу терроризмді қаржыландыруды құқықтық бұзушылықтың жекелеген актісі ретінде емес, әлеуметтік құрылымдар мен символдық легитимация механизмдері арқылы ұдайы өндірілетін күрделі процесс ретінде қарастыру қажеттігін негіздеді. Біз «терроризмді қаржыландырудың әлеуметтік логикасы» бар деген гипотезаны эмпирикалық және теориялық тұрғыдан қуаттаймыз: қаржы арналары қоғамдағы сенім желілері, мәдени нормалар және институционалдық осалдықтар арқылы орнығады.

Біріншіден, террористік ұйымдардың өміршеңдігі тұрақты ресурстық базаға тәуелді. Қаржы заңсыз нарықтардан да, формальды экономиканың ішкі тетіктерінен де тартылуы мүмкін. Бұл терроризмнің қоғам ішіндегі «көрінбейтін инфрақұрылымға» сүйенетінін көрсетеді.

Екіншіден, қаржылық ағымдардың басым бөлігі формальды иерархиядан гөрі әлеуметтік ынтымақтастық пен ортақ идеологияға негізделген бейресми желілер арқылы жүзеге асады. Біз бұл құбылысты әлеуметтік капиталдың радикал контексте трансформациялануы деп түсіндіреміз.

Үшіншіден, тек қаржылық санкциялар мен бақылау шаралары жеткіліксіз. Технологиялық бейімделгіштік (криптовалюта, онлайн-платформалар) қаржы мониторингінің шектеулерін айқындайды. Сондықтан алдын алу саясаты әлеуметтік әділеттілікті нығайту, діни-ағартушылық жұмыс және азаматтық жауапкершілікті арттыру бағыттарымен толықтырылуы тиіс.

Төртіншіден, трансшекаралық сипат халықаралық үйлестіруді талап етеді. FATF және БҰҰ «СТЕД» ұсынымдарына сәйкес өңірлік ақпарат алмасу мен бірлескен бақылау тетіктерін күшейту стратегиялық маңызға ие.

Бесіншіден, заңнамалық шаралар әлеуметтік-реабилитациялық компонентпен толықтырылуы қажет. ҚР ҚК 258-бабы шеңберіндегі жазалау тетіктері оңалту, қаржылық сауаттылық және теологиялық түсіндіру бағдарламаларымен ұштасқанда ғана ұзақ мерзімді нәтиже береді.

Жалпы, біз терроризмді қаржыландыруды қауіпсіздік пен қоғам тоғысындағы құрылымдық мәселе деп пайымдаймыз. Қаржы арналары әлеуметтік қолдаудан ажыратылған жағдайда ғана әлсірейді. Сондықтан профилактика, әлеуметтік тең мүмкіндік және институционалдық сенімді күшейту – қауіпсіздік саясатының стратегиялық өзегі болуы тиіс.

### Әдебиеттер:

1 Jofre M., Aziani, A., Villa, E. *Terrorist Financing: Traditional vs. Emerging Financial Technologies // Terrorism and Political Violence.* — 2024. — P.1–14.

2 Bures O. *The New EU Authority for Anti-Money Laundering and Countering the Financing of Terrorism: A Paradigm Shift in EU Efforts to Combat Terrorist Financing? // Studies in Conflict & Terrorism.* — 2025. — P. 1–31.

3 Akartuna E.A., Johnson, S.D., Thornton, A.E. *The money laundering and terrorist financing risks of new and disruptive technologies: a futures-oriented scoping review // Security Journal.* — 2023. — Vol. 36. — № 4. — P. 615–650.

4 Unal S., Altun, M. *The role of financial intelligence in combating the financing of terrorism // Journal of Money Laundering Control.* — 2021. — Vol. 24. — № 3. — P. 571–583.

5 Levy I., Yusuf, A. *How Do Terrorist Organizations Make Money? Terrorist Funding and Innovation in the Case of al-Shabaab // Studies in Conflict & Terrorism.* — 2021. — Vol. 44. — № 12. — P. 1167–1189.

6 Marrero Rocha I., Ruipérez Canales, J. *From financing needs to criminal terrorism: The role of terrorist financing in crime-terror relations // Onati Socio-Legal Series.* — 2022. — Vol. 12. — № 4. — P.762–789.

7 Cookman D. *Donation-based crowdfunding the future of terrorist financing or a method counteracted ex-ante by European authorities // Journal of Money Laundering Control.* — 2024. — Vol.27. — № 6. — P.105–112.

8 Teichmann F., Falker, M.-C. *Terrorist financing via the banking sector // Crime, Law and Social Change.* — 2024. — Vol.82. — P.143–163.

9 Honga I.S., Gikonyo, C., Asaala, E. *From overlap to distinction: disentangling the concepts of terrorism financing and money laundering // Journal of Money Laundering Control.* — 2025. — Vol.28. — № 1. — P.171–183.

10 Ismail N.H., Nazri, S.N.F.S.M., Zolkafli, S. *Assessing the competency of compliance officer knowledge in mitigating terrorism financing risks: Malaysian perspective // Journal of Money Laundering Control.* — 2025. — Vol.28. — № 2. — P.237–252.

11 Alhejaili M. *The interplay of money laundering and terrorism financing in Saudi Arabia: a critical examination // Journal of Money Laundering Control.* — 2025. — Vol. 28. — № 2. — P. 275–291.

12 Farber S., Yehezkel, S.A. *Financial Extremism: The Dark Side of Crowdfunding and Terrorism // Terrorism and Political Violence.* — 2025. — Vol.37. — №5. — P.651–670.

13 Farber S. *Countering the Financing of Terrorists' Salaries // Studies in Conflict & Terrorism.* — 2025. — Vol.48. — №12. — P.115–135.

- 14 Soliev N. *The Digital Terror Financing of Central Asian Jihadis* // *CTC Sentinel*. — 2023. — Vol.16. — №4. — P.20–27.
- 15 *Countering the Financing of Terrorism: Good Practices to Enhance Effectiveness* / ed. by C. El Khoury. — Washington, DC: International Monetary Fund, 2023. — 211 p.
- 16 Bantekas I. *The international law on terrorist financing* // *Research Handbook on International Law and Terrorism* / ed. by B. Saul. — 2nd ed. — Northampton: Edward Elgar Publishing, 2020. — P.97–108.
- 17 FATF. *Crowdfunding for Terrorism Financing*. — Paris: FATF/OECD, 2023. — 64 p.
- 18 FATF. *Money Laundering and Terrorist Financing in the Art and Antiquities Market*. — Paris: FATF/OECD, 2023. — 60 p.
- 19 FATF. *Comprehensive Update on Terrorist Financing Risks*. — Paris: FATF/OECD, 2025. — 134 p.
- 20 Абдулкаримова К.Е., Аубакиров, С.С. Қазақстандағы ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі ағымдағы жағдайға шолу // «Тұран» университетінің Хабаршысы. — 2019. — № 4(84). — 257–264 бб.
- 21 FATF. *Ethnically or Racially Motivated Terrorism Financing*. — Paris: FATF/OECD, 2021. — 48 p.
- 22 Бердяев, Н.А. *Самопознание*. — М.; Берлин: Директ-Медиа, 2016. — 452 с.

#### References:




- 1 Jofre M., Aziani, A., Villa, E. *Terrorist Financing: Traditional vs. Emerging Financial Technologies* // *Terrorism and Political Violence*. — 2024. — P.1–14.
- 2 Bures O. *The New EU Authority for Anti-Money Laundering and Countering the Financing of Terrorism: A Paradigm Shift in EU Efforts to Combat Terrorist Financing?* // *Studies in Conflict & Terrorism*. — 2025. — P. 1–31.
- 3 Akartuna E.A., Johnson, S.D., Thornton, A.E. *The money laundering and terrorist financing risks of new and disruptive technologies: a futures-oriented scoping review* // *Security Journal*. — 2023. — Vol. 36. — № 4. — P. 615–650.
- 4 Unal S., Altun, M. *The role of financial intelligence in combating the financing of terrorism* // *Journal of Money Laundering Control*. — 2021. — Vol. 24. — № 3. — P. 571–583.
- 5 Levy I., Yusuf, A. *How Do Terrorist Organizations Make Money? Terrorist Funding and Innovation in the Case of al-Shabaab* // *Studies in Conflict & Terrorism*. — 2021. — Vol. 44. — № 12. — P. 1167–1189.
- 6 Marrero Rocha I., Ruipérez Canales, J. *From financing needs to criminal terrorism: The role of terrorist financing in crime-terror relations* // *Onati Socio-Legal Series*. — 2022. — Vol. 12. — № 4. — P.762–789.
- 7 Cookman D. *Donation-based crowdfunding the future of terrorist financing or a method counteracted ex-ante by European authorities* // *Journal of Money Laundering Control*. — 2024. — Vol. 27. — № 6. — P.105–112.
- 8 Teichmann F., Falker, M.-C. *Terrorist financing via the banking sector* // *Crime, Law and Social Change*. — 2024. — Vol.82. — P.143–163.
- 9 Honga I.S., Gikonyo, C., Asaala, E. *From overlap to distinction: disentangling the concepts of terrorism financing and money laundering* // *Journal of Money Laundering Control*. — 2025. — Vol.28. — №1. — P.171–183.
- 10 Ismail N.H., Nazri, S.N.F.S.M., Zolkafli, S. *Assessing the competency of compliance officer knowledge in mitigating terrorism financing risks: Malaysian perspective* // *Journal of Money Laundering Control*. — 2025. — Vol.28. — №2. — P.237–252.
- 11 Alhejaili M. *The interplay of money laundering and terrorism financing in Saudi Arabia: a critical examination* // *Journal of Money Laundering Control*. — 2025. — Vol. 28. — №2. — P. 275–291.

- 12 Farber S., Yehezkel, S.A. *Financial Extremism: The Dark Side of Crowdfunding and Terrorism // Terrorism and Political Violence.* — 2025. — Vol.37. — №5. — P.651–670.
- 13 Farber S. *Countering the Financing of Terrorists' Salaries // Studies in Conflict & Terrorism.* — 2025. — Vol.48. — №12. — P.115–135.
- 14 Soliev N. *The Digital Terror Financing of Central Asian Jihadis // CTC Sentinel.* — 2023. — Vol.16. — №4. — P.20–27.
- 15 *Countering the Financing of Terrorism: Good Practices to Enhance Effectiveness / ed. by C. El Khoury.* — Washington, DC: International Monetary Fund, 2023. — 211 p.
- 16 Bantekas I. *The international law on terrorist financing // Research Handbook on International Law and Terrorism / ed. by B. Saul.* — 2nd ed. — Northampton: Edward Elgar Publishing, 2020. — P.97–108.
- 17 FATF. *Crowdfunding for Terrorism Financing.* — Paris: FATF/OECD, 2023. — 64 p.
- 18 FATF. *Money Laundering and Terrorist Financing in the Art and Antiquities Market.* — Paris: FATF/OECD, 2023. — 60 p.
- 19 FATF. *Comprehensive Update on Terrorist Financing Risks.* — Paris: FATF/OECD, 2025. — 134 p.
- 20 Abdulkarimova K.E., Aubakirov, S.S. *Qazaqstandaғы aqshany jylыstatuga jane terorizmdi qarjylandyrugа qarsy is-qimyl jonindegi agymdagy jagdaiga sholu // «Turan» universitetinin Khabarshysy.* — 2019. — № 4(84). — 257–264 pp [In Kaz].
- 21 FATF. *Ethnically or Racially Motivated Terrorism Financing.* — Paris: FATF/OECD, 2021. — 48 p.
- 22 Berdaev, N.A. *Samopoznanie.* — M.; Berlin: Direkt-Media, 2016. — 452 p [in Rus].

**САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ  
ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ  
PROBLEMS OF POLITICAL SCIENCE**

IRSTI: 11.25.19

DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-6270.2026.93.1.007>

S.M. Parpiyev<sup>1</sup> , A.A. Yermekbayev<sup>1\*</sup>  A.M. Khairuldayeva<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty Kazakhstan*

\*e-mail: [adilbeke@gmail.com](mailto:adilbeke@gmail.com)

**PAN-IDEOLOGICAL COMPETITION IN CENTRAL ASIA:  
A STRATEGIC SPACE CONSTRUCTED BY TURKEY, RUSSIA, AND CHINA**

*Abstract*

This article critically analyzes the process through which Central Asia has transformed into a strategic and ideational hub in the context of the post-Cold War reconfiguration of Eurasia. It explores the competition between the civilizational projects of Russia, China, and Turkey, illustrating how these ideological frameworks engage in a struggle to define the moral and spatial foundations of regional order. The authors argue that the emerging Eurasian order is not merely the result of material rivalry, but is shaped through pan-ideological contestation – a clash of values and spatial representations. Russia’s Eurasianist ideology seeks unity through hierarchical civilization, China’s Sinocentric development model promotes harmony through connectivity, and Turkey’s Pan-Turkic and Neo-Ottoman revivalism aims to establish fraternity through cultural and linguistic kinship. These three distinct ideological frameworks are institutionalized through international organizations such as the Eurasian Economic Union, the Shanghai Cooperation Organization, and the Organization of Turkic States, while being materialized through infrastructure projects like energy pipelines, transport corridors, and digital connectivity networks. The article proposes a three-layered conceptual model that integrates ideational, institutional, and infrastructural dimensions. This model examines how abstract civilizational discourses are translated into political and spatial realities through processes of discursive translation, institutional diffusion, and infrastructural embedding. The analysis demonstrates that Central Asian states are not passive recipients of external influence; rather, they exhibit strategic agency through multi-vector diplomacy and adaptive sovereignty, playing a pivotal role in shaping the region’s relational order.

The study concludes that the interaction among these pan-ideological frameworks leads to the rise of civilizational pluralism in Eurasia. Central Asia thus emerges as an ideational crossroads and a laboratory for post-Western order, where competing moral, cultural, and spatial logics intersect, contributing to a redefinition of the global geopolitical structure.

**Keywords:** Central Asia; Eurasianism; Belt and Road Initiative; Pan-Turkism; Critical Geopolitics; Civilizational Pluralism; Strategic Space

С.М. Партиев<sup>1</sup>, Ә.А. Ермекбаев<sup>1\*</sup> А.М. Хайрулдаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ҮШІН ПАНИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КҮРЕС ШЕҢБЕРІНДЕ ТҮРКИЯ, РЕСЕЙ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРЫП ОТЫРҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ КЕҢІСТІК

### Аңдатпа

Бұл зерттеу жұмысы Қырғи-қабақ соғыстан кейінгі Еуразияның қайта құрылымдануы контекстінде Орталық Азияның стратегиялық және идеялық орталыққа айналу процесін терең ғылыми талдайды. Ресей, Қытай және Түркияның өркениеттік жобаларының бәсекелестігі аймақтық тәртіптің моральдық және кеңістіктік негіздерін анықтау жолындағы күресті көрсетеді. Авторлар Еуразиялық тәртіптің материалдық бәсекелестіктің нәтижесі емес, пан-идеологиялық тартыстың – құндылықтар мен кеңістіктік бейнелердің қақтығысы арқылы құрылатынын дәлелдейді. Ресейдің еуразияшылдық идеологиясы иерархиялық өркениет арқылы бірлікті қамтамасыз етуді көздейді, Қытайдың синоорталықтық даму моделі үйлесімділік пен байланыстылықты насихаттайды, ал Түркияның пан-түркілік және неосмандық жаңғыруы мәдени және тілдік туыстық арқылы бауырластықты орнықтыруды мақсат етеді. Бұл үш түрлі идеялық құрылымдар Еуразиялық экономикалық одақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, және Түркі мемлекеттері ұйымы сияқты халықаралық ұйымдар арқылы институционалланады, әрі энергия құбырлары, көлік дәліздері, және цифрлық байланыс жобалары арқылы материалданады. Мақалада ұсынылған үшқабатты тұжырымдамалық модель идеялық, институционалдық және инфрақұрылымдық өлшемдерді біріктіреді. Бұл модель абстрактілі өркениеттік дискурстардың саяси және кеңістіктік шындықтарға айналу процесін – дискурстық аударма, институционалдық диффузия, және инфрақұрылымдық бекіту үдерістерін зерттейді. Орталық Азия мемлекеттері сыртқы ықпалға пассивті қабылдаушы емес, керісінше көпвекторлы дипломатия мен бейімделмелі егемендік арқылы стратегиялық агенттік танытады, бұл аймақтың реляциялық тәртібін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Зерттеу нәтижесінде, пан-идеологиялық шеңберлердің өзара ықпалы Еуразиядағы өркениеттік плюрализмнің күшеюіне әкелетінін анықтайды. Орталық Азия бәсекелес моральдық, мәдени және кеңістіктік логикалар тоғысып, жаһандық геосаясат құрылымын қайта айқындайтын постбатыстық тәртіптің идеялық торабына айналады.

**Түйін сөздер:** Орталық Азия; еуразияшылдық; «Белдеу және жол» бастамасы; пан-түркізм; сыни геосаясат; өркениеттік плюрализм; стратегиялық кеңістік

Партиев С.М.<sup>1</sup>, Ермекбаев А.А.<sup>1\*</sup> Хайрулдаева А.М.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

<sup>2</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.

Алматы, Республика Казахстан

\*e-mail: [adilbeke@gmail.com](mailto:adilbeke@gmail.com)

## ПАНИДЕОЛОГИЧЕСКАЯ БОРЬБА ЗА ЦЕНТРАЛЬНУЮ АЗИЮ: СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПРОСТРАНСТВО, ВЫСТРАИВАЕМОЕ ТУРЦИЕЙ, РОССИЕЙ И КИТАЕМ

### Аннотация

В статье предпринимается критический анализ процесса, в результате которого Центральная Азия трансформировалась в стратегический и идейный узел в условиях постбиполярной реконфигурации Евразии. Особое внимание уделяется соперничеству цивилизационных

проектов России, Китая и Турции; показано, каким образом данные идеологические рамки вовлечены в борьбу за определение моральных и пространственных оснований регионального порядка. Авторы исходят из того, что формирующийся евразийский порядок представляет собой не только результат материального соперничества, но и продукт панидеологической конкуренции, то есть столкновения ценностей, норм и пространственных репрезентаций. Евразийская идеология России ориентирована на достижение единства через иерархически организованную цивилизационную общность; синоцентричная модель развития Китая продвигает гармонию через связанность и взаимозависимость; пантюркизм и неоосманский ревизионизм Турции нацелены на утверждение братства на основе культурно-языковой близости. Эти три идеологические рамки институционализируются посредством таких международных организаций, как Евразийский экономический союз, Шанхайская организация сотрудничества и Организация тюркских государств, а также материализуются в инфраструктурных проектах, включая энергетические трубопроводы, транспортные коридоры и сети цифровой связанности. В статье предлагается трёхуровневая концептуальная модель, объединяющая идейное, институциональное и инфраструктурное измерения. Данная модель позволяет проследить, каким образом абстрактные цивилизационные дискурсы преобразуются в политические и пространственные реальности через процессы дискурсивной трансляции, институциональной диффузии и инфраструктурного закрепления. Проведённый анализ показывает, что государства Центральной Азии не выступают пассивными реципиентами внешнего влияния; напротив, они демонстрируют стратегическую субъектность посредством многовекторной дипломатии и адаптивного суверенитета, играя ключевую роль в формировании реляционного порядка региона.

В заключение обосновывается вывод о том, что взаимодействие указанных панидеологических рамок способствует усилению цивилизационного плюрализма в Евразии. Тем самым Центральная Азия предстает как идейный перекрёсток и своеобразная лаборатория постзападного порядка, в которой пересекаются конкурирующие моральные, культурные и пространственные логики, способствуя переопределению глобальной геополитической структуры.

**Ключевые слова:** Центральная Азия; евразийство; Инициатива «Пояс и путь»; пантюркизм; критическая геополитика; цивилизационный плюрализм; стратегическое пространство.

## INTRODUCTION

The reconfiguration of Eurasia after the Cold War constitutes one of the most significant philosophical and geopolitical transformations in the modern international system. At the center of this transformation lies Central Asia, historically a crossroads and civilizational corridor linking empires, ideologies, and trade routes. In the twenty first century, the region has emerged as a contested symbolic space in which three intersecting ideological currents, namely Russian Eurasianism, Chinese Sinocentric developmentalism, and Turkish Neo Ottoman and Pan Turkic revivalism, compete to shape the normative foundations of regional order [1]. This contest involves not only material influence but also the ontological construction of strategic space and political legitimacy.

Following the collapse of the Soviet Union, Eurasia reemerged as both a geopolitical and philosophical landscape in which competing civilizational ideologies articulated new visions of order and belonging. For Russia, Eurasia signifies a civilizational reassertion rooted in the Eurasianist tradition, first formulated in the 1920s as an alternative to Western liberalism and Slavic nationalism. Classical thinkers such as Trubetzkoy and Savitsky portrayed Russia as a cultural mediator between Europe and Asia, endowed with a historical mission to preserve cultural plurality within imperial unity. In its contemporary form, Neo Eurasianism, advanced by Aleksandr Dugin, seeks to restore Russia's moral and geopolitical centrality through a multipolar order that resists Western universalism. Russian Eurasianism thus combines historical nostalgia with strategic ambition and interprets geography as destiny [2; 3; 4; 5].

For China, Central Asia represents the western frontier of its Sinocentric worldview, grounded in harmony, hierarchy, and the moral order of Tianxia, meaning “All Under Heaven”. Under Xi Jinping, this worldview has been institutionalized through the Community of Common Destiny for Mankind and the Belt and Road Initiative, both of which connect economic integration to civilizational renewal [6; 7]. China presents connectivity as both a material and a moral process. Infrastructure, including railways, pipelines, and digital corridors, embodies a moral geography in which harmony substitutes for hegemony. In this way, Chinese strategy transforms discourse into infrastructure, extending domestic governance philosophy into regional space. Central Asia therefore becomes not merely a sphere of influence but also a testing ground for Sinocentric order making.

Turkey’s Eurasian turn draws on a hybrid intellectual lineage that brings together Pan Turkism, Neo Ottomanism, and Eurasianism. In the early post-Cold War period, Ankara envisioned Eurasia as a Turkic revivalist project aimed at reconnecting the post-Soviet republics. Under the Justice and Development Party, this vision evolved into a more pragmatic and multidimensional framework. Turkey now presents itself as both an Islamic and secular power connecting Europe, Asia, and the Middle East. Turkish Eurasianism, shaped by figures such as Doğu Perinçek and Attila İlhan, rejects Westernization in favor of a plural conception of sovereignty grounded in cultural autonomy and continuity with Ottoman statecraft. Although it occasionally converges with Russian interests, it places greater emphasis on kinship and solidarity with Turkic Central Asia [8; 9; 10].

Central Asia thus emerges as a polyvalent arena in which competing ideological architectures intersect. The region functions simultaneously as an object and a subject of geopolitics. The policies of Russia, China, and Turkey reflect not only strategic expansion but also civilizational projection, translating ideas of order, justice, and destiny into institutional and infrastructural forms. Yet, as Odgaard, Sim and Aminjonov observe, Central Asian states are not passive recipients of external influence [11; 12]. Through hedging, multi vector diplomacy, and selective adaptation, they preserve sovereignty and balance among external powers, cultivating a distinct form of relational sovereignty based on equilibrium rather than alignment.

The contest among the three ideological systems of Eurasianism, Pan Turkism, and the Community of Common Destiny extends beyond conventional geopolitical rivalry. It constitutes an epistemic struggle over how the post Western world conceptualizes civilization, order, and power. Each ideology advances a distinct moral ontology of space. Russian Eurasianism envisions hierarchy through unity, Chinese Sinocentrism promotes harmony through connectivity, and Turkish Pan Turkism aspires to fraternity through cultural and linguistic kinship [13;14]. Taken together, these ideologies transform geopolitics from a contest over dominance into a broader inquiry into the metaphysics of coexistence.

Although a substantial body of scholarship has examined the foreign policies and regional strategies of Russia, China, and Turkey, much of this literature remains state centric and materially oriented. Existing studies often isolate each ideology within its national context or treat these frameworks as separate geopolitical doctrines rather than as interrelated civilizational projects. Consequently, their mutual interaction within a shared regional arena remains insufficiently explored. The conceptual gap lies in the absence of an integrated framework capable of explaining how Central Asia functions as a common site of ontological contestation, where multiple visions of order and legitimacy converge. This study addresses that gap by interpreting Central Asia not simply as a recipient of great power influence but as a philosophical and geopolitical interface through which distinct civilizational narratives are mediated and contested.

To address this problem, the study adopts an interpretive framework that combines critical geopolitics, civilizational analysis, and constructivist international relations theory. Critical geopolitics provides the tools to deconstruct spatial narratives and reveal how geography is produced through discourse and power [13; 15; 16; 17]. Civilizational analysis clarifies the role of cultural and historical imaginaries in legitimizing political projects and reconstituting international order. Constructivism emphasizes the socially constructed character of identity and order, thereby enabling an analysis of how states and ideologies co produce meaning [18; 19; 20]. This conceptual orientation

situates the study within interpretive international theory, where ideology is understood not as a static system of belief but as a spatial and moral practice manifested through discourse, infrastructure, and diplomacy.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 2021 жылды «Тұрақты даму үшін креативті экономиканың халықаралық жылы» деп жариялаған және оны іске асыруды ЮНКТАД пен Индонезияға жүктеген Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) резолюциясына жүргізілген риторикалық-дискурсивтік талдау құжаттың формалды мәлімдемелерінен гөрі, оның айтылмай қалған нормативтік алғышарттарын (*implicit presuppositions*) айқындауға мүмкіндік береді. Резолюцияда экологиялық тұрақтылық ресми түрде мойындалғанымен, мәтіннің аргументативтік өзегі экономикалық

тиімділік, технологиялық инновация, жұмыспен қамту және халықаралық сауда категорияларына барынша шоғырланған. Бұл контекст мәдениет пен креативтілікті планетарлық тепеңдікті сақтаушы емес, керісінше жаһандық нарықтағы өсу мен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін функционалдық ресурс ретінде конструирлеуге қызмет етеді [1], [28].

Анализ нәтижелері көрсеткендей, резолюциядағы тілдік құрылым кездейсоқ риторикалық таңдау емес, ол тұрақтылық ұғымының «экономоцентриалық қайта артикуляциясын» білдіреді. Мәтіндегі «инклюзивті өсім», «жаңа жұмыс орындары», «инновациялық серпін» және «нарықтық қолжетімділік» сияқты тіркестер тұрақтылықты тікелей сандық әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштермен сәйкестендіреді. Сонымен қатар, экологиялық шектер мен биосфераның мүмкіндіктері дискурстың орталық өзегінен шеттетіліп, тек декоративті қосымша фон ретінде ғана көрініс табады. Бұл риторикалық стратегия тұрақтылық ұғымының түпкілікті трансформациялық әлеуетін шектеп, оны неолибералдық экономикалық логикаға толықтай бағындырады.

Талдау барысында мәдениет пен тұрақтылық байланысын институционалдық деңгейде ұйымдастыратын үш өзара байланысты дискурсивтік-идеологиялық категория айқындалды: (i) антропоцентризм, (ii) экономикалық детерминизм және (iii) әдіснамалық ұлтшылдық [1], [16,р.235].

Біріншіден, антропоцентризм тұрақтылықтың басты өлшемі ретінде «адам әл-ауқаты», «адами капиталды дамыту» және «әлеуметтік интеграция» ұғымдарының орталықтандырылуынан анық байқалады. Бұл дискурста табиғат пен экожүйелер дербес құндылыққа ие субъектілер емес, көбіне адам мүдделерін жүзеге асыратын және экономикалық өндірісті қолдайтын «құралдық фон» ретінде қарастырылады [29],[30]. Талдау көрсеткендей, экологиялық тұрақтылық резолюция мәтінінде автономды нормативтік принцип ретінде емес, адам игілігі мен әлеуметтік тұрақтылықтың қосалқы шарты ретінде кодталған. Яғни, экожүйені сақтаудың маңыздылығы оның адамзатқа беретін пайдасымен (ecosystem services) ғана өлшенеді. Бұл «тайыз экологизм» (shallow ecology) парадигмасының халықаралық құжаттардағы көрінісі болып табылады [31,р.98].

Екіншіден, экономикалық детерминизм мәдениет пен креативті индустриялардың құндылығын тек өсім, экспорттық әлеует және кәсіпкерлік белсенділік логикасы арқылы анықтайды. Резолюция мәтінінде «мәдени құндылық» пен «экономикалық пайда» арасындағы кернеу идеалды синтезделгендей ұсынылғанымен, тереңірек талдау бұл жерде теңгерім емес, айқын асимметрия бар екенін көрсетеді: экономикалық өлшем мәдени мағынаның үстінен толық гегемонияға ие [17], [18]. Мәдениет «шығармашылық шикізат» немесе инновацияны жеделдетуші «катализатор» ретінде бейнеленеді, ал оның нарыққа бағынбайтын символдық, рухани немесе экологиялық мәндері саясаттық шешімдерден тыс қалады [1], [3]. Мұндай тауарландыру (*commodification*) процесі креативтіліктің этикалық және экологиялық жауапкершіліктен ажырап, таза тұтыну нысанына айналуына әкеледі [20,р.310].

Үшіншіден, әдіснамалық ұлтшылдық құжаттың басты саяси субъектісін ұлттық мемлекеттер деңгейінде қатаң бекітеді. Креативті экономиканың беретін пайдасы мен тиімділігі «ұлттық экономикалық өсім», «ұлттық басымдықтар» және «мемлекеттік саясат» категориялары арқылы есептеледі [3],[32]. Бұл жағдай тұрақтылықтың жаһандық және планетарлық табиғатын тар шеңбердегі ұлттық есептеу логикасына сыйғызуға тырысатын құрылымдық шектеуді тудырады. Нәтижесінде, тұрақтылық ұғымы тек локальды экономикалық пайда мен мемлекеттік бәсекелестік шеңберінде тұрақтандырылады. Бұл планетарлық шектер мен жаһандық экологиялық теңдік мәселелерін (global ecological justice) екінші планға ығыстырып, мемлекеттер арасындағы ресурстық бәсекелестіктің жаңа формаларын тудырады.

Аталған үш өлшем — антропоцентризм, экономикалық детерминизм және әдіснамалық ұлтшылдық — бір-бірін риторикалық тұрғыдан күшейтіп, тұрақтылық ұғымын экономоцентриалық әрі парадигмалық тұрғыдан тұйықталған логика шеңберінде орнықтырады. Бұл логика «тұрақтылық» терминін жалаулатқанымен, экологиялық шектер мен «планетарлық әл-ауқат» (planetary well-being) талаптарын мәтіннің нормативтік өзегіне айналдыруға мүмкіндік

бермейді [8], [33]. Тұрақты даму тілі халықаралық аренада кеңейгенімен, оның мазмұны түбегейлі радикалдық өзгеріске ұшырамайды, нәтижесінде «бизнес әдеттегідей» (business-as-usual) моделі креативті экономика ретінде қайта оралады.

Сонымен қатар, талдау көрсеткендей, резолюцияның риторикалық құрылымы мәдениет пен тұрақтылық байланысын тек функционалдық тұрғыдан анықтайды. Мәдениет өсім мен технологиялық инновацияны қолдайтын «құрал» (instrumentalization) ретінде бейнеленеді және бұл стратегиялық үстемдік мәдениеттің экожүйелермен терең байланысын, оның экологиялық білім мен этиканы қалыптастырудағы рөлін төмендетеді [22,р.310]. Тұрақтылық ұғымы бұл контекстте капиталдың жинақталуын легитимациялайтын нормативтік декорацияға айналады, ал оның жүйелік трансформация жасау әлеуеті институционалдық деңгейде тежеледі.

Зерттеу нәтижелері мәдениеттің халықаралық дискурста тек символдық ресурс қана емес, сонымен бірге саяси және экономикалық легитимация құралы ретінде де қызмет ететінін дәлелдейді. Резолюция формалды түрде «Тұрақты даму мақсаттарын» (SDGs) қолдайтын сияқты көрінгенімен, оның дискурсивтік архитектурасы экологиялық қайта бағдарды (ecological reorientation) шектейтін экономоцентриалық риториканы нығайтады. Бұл парадигмалық кернеу тұрақтылықты жария түрде насихаттағанымен, оның нақты экологиялық салдарын — ресурстарды тұтынуды азайту, өсуді тежеу (degrowth) және биосфералық теңдікті қалпына келтіру сияқты шараларды институционалдық деңгейде жүзеге асыруды қиындатады.

Осылайша, жүргізілген риторикалық-дискурсивтік талдау халықаралық мәдени саясат пен тұрақты даму дискурсының құрылымдық тұрғыдан бейтарап еместігін айқын көрсетті. Оның экономикалық өсу логикасына толықтай тәуелділігі және нормативтік шектеулері креативті экономиканың экологиялық дағдарысқа жауап ретіндегі тиімділігіне күмән келтіреді. Зерттеу барысында анықталған үш негізгі механизм қазіргі жаһандық саясаттың «тұрақтылықты» жаңа нарықтар ашудың құралы ретінде пайдаланып отырғанын көрнекі түрде дәлелдейді.

## ТАЛҚЫЛАУ

«Креативті экономика» резолюциясын планетарлық әл-ауқат призмасы арқылы қарастыру зерттеудің аналитикалық фокусы болып табылады. Резолюцияны дербес, шағын нормативтік акт ретінде қарастыру шектеулі түсінік береді. Керісінше, оны көпдеңгейлі келіссөздер нәтижесінде қалыптасқан институционалдық із ретінде оқу анағұрлым өнімді. Мұндай тәсіл палимпсест логикасын қолдануға мүмкіндік береді: жаңа формулировкалар бұрыннан орныққан ұғымдық рамкалардың үстіне қабаттасып, оларды түбірімен ығыстырмай, қайта риторикалық өңдеуден өткізеді. Бұл оптика резолюциядағы шектеулерді редакциялық әлсіздік ретінде емес, халықаралық саясаттағы «консенсус атынан» сөйлеудің құрылымдық шекарасы ретінде түсіндіруге жол ашады [34],[35].

Экологиялық өлшемнің көмескіленуі кездейсоқ олқылық емес; ол доминантты «табыстылық» индикаторларына – өсім, сауда, инновация, жұмыспен қамту – интеграцияланбаған компоненттердің дискурсивтік түрде декларативті деңгейге ығыстырылуының нәтижесі болып табылады. Халықаралық креативті экономика материалдарында «тұрақты даму үшін маңыздылық» бір мезгілде ЖІӨ, экспорт және жұмыспен қамту көрсеткіштері арқылы дәлелденеді, яғни мәдениет экономикалық индикаторлар матрицасына тігіліп, сол арқылы легитимацияланады [1]. Бұл мәдени саясаттың экологиялық саясиленуінің жүйелі тежелуіне әкеледі: мәдениет экономикалық өнімділік арқылы өлшенген сайын, экологиялық тұрақтылық қосымша параметр ретінде ғана қабылданады. Мұнда айқын парадигмалық кернеу қалыптасады: формалды деңгейде тұрақты даму мақсат ретінде жарияланады, алайда мазмұндық деңгейде ол экономоцентриалық рационалдылық шеңберінде орнығады, мұнда өсім әдепкі игілік ретінде қабылданады [24], [27].

Креативті экономиканың халықаралық деңгейде институционалдануы үкіметаралық механизмдер арқылы жүзеге асты, алайда бұл алаңдағы келісім радикал проблематизациядан гөрі ең төменгі ортақ бөлімге сүйенеді. 74/198 резолюциясының айналасындағы құжаттар оның 2019 жылғы желтоқсанда қабылданғанын және іске асыру мандаты ЮНЕСКО-мен

консультацияда ЮНКТАД-қа жүктелгенін көрсетеді. Мұнда маңызды мәселе танудың өзі емес, оның қандай рационал стильде бекітілетінінде. ЮНКТАД дискурсында креативті экономика тез өсетін, кіріс пен жұмыспен қамтуды ынталандыратын, инновацияны қолдайтын сектор ретінде сипатталады. Осылайша ол ең алдымен өлшеуге, салыстыруға және басқаруға ыңғайлы экономикалық объект ретінде конституцияланады. Бұл «policy legibility» логикасы әдіснамалық ұлтшылдықты институционалдық деңгейде бекітеді: есептеу, жоспарлау және жауапкершілік ұлттық мемлекетке телінеді. Креативті индустриялардың үлесі ЖІӨ, экспорт және жұмыспен қамту арқылы бағаланып, басқару функциялары ұлттық министрліктер арасында бөлінеді [1]. Нәтижесінде мемлекет тұрақтылықтың негізгі субъектісі ретінде қайта орталықтандырылады, ал мәдениет бәсекеге қабілеттілік тіліне аударылады.

Резолюциядағы дискурсивтік құрылым үш өзара байланысты идеологиялық механизм арқылы мәдениет пен тұрақтылық арасындағы байланысты ұйымдастырады: антропоцентризм, экономикалық детерминизм және әдіснамалық ұлтшылдық. Антропоцентризм экожүйелердің нормативтік мәртебесінің төмендеуінен көрінеді: табиғат дербес моральдық немесе саяси адресат ретінде емес, адамның өмір сапасына ықпал ететін «сыртқы орта» ретінде ұсынылады [29],[30]. Экономикалық детерминизм мәдениетті «маңызды» деп тану үшін оны экономикалық көрсеткіштермен байланыстыруды талап етеді: өсім, экспорт және жұмыспен қамту. Бұл логика мәдениетті тұрақты дамудың экономикалық интерпретациясына бағынышты сала ретінде қалыптастырады [1]. Методологиялық ұлтшылдық мәдениеттің ұлттық ЖІӨ мен экспортпен есептелуін талап етеді, нәтижесінде тұрақтылық саясаты ұлттық стратегия ретінде институционалданады. Осы үш механизм бірін-бірі күшейтіп, экологиялық өлшемді құрылымдық түрде периферияға ығыстырады, ал балама парадигмалар – постантропоцентризм, пост-өсу, планетарлық – «реалистік емес» немесе «мандаттан тыс» болып көрінеді.

Саясатқа бағдарланған интерпретация тұрғысынан, халықаралық лексиконда мәдениет пен экология арасындағы ықтимал бұрылыстың әлсіз сигналдары байқалады. Мысалы, Еуропалық комиссия бастамалаған «Жаңа еуропалық Баухаус» (New European Bauhaus) жобасы жасыл өтуді тек техникалық трансформация ретінде емес, кеңістік, эстетика және әлеуметтік инклюзия арқылы мәдени аударма ретінде қарастырады [36]. Сол сияқты, 2024 жылы қабылданған «Pact for the Future» мәдениет рөлін тұрақты даму мен климаттық міндеттерді орындауда кеңейтуге мүмкіндік беретін институционалдық контекст қалыптастырады, алайда мәдениет дербес нормативтік тірек ретінде орнықпаса, оның мәртебесі экономикалық ақтауларға тәуелді күйінде қалады [37,р.180].

Осы контексте «планетарлық мәдени саясат» ұғымы policy-oriented альтернатива ретінде қарастырылады. Ол мәдениет пен табиғатты бір жүйелік тұтастық ретінде қарастыруды, мәдени әрекеттің құндылығын экономикалық индикаторлар арқылы емес, экологиялық тұрақтылыққа қосқан үлесі арқылы бағалауды, сондай-ақ саяси субъектті тек ұлттық деңгеймен шектемей, трансұлттық және көпдеңгейлі азаматтық жауапкершілікке көшіруді қамтиды [25], [26], [24], [33]. Практикалық деңгейде бұл тәсіл мәдениетті «өсім секторы» моделінен «өтудің инфрақұрылымы» моделіне көшіреді, экологиялық сәйкестік, қаржылық транспаренттілік және демократиялық қатысу механизмдерін негізгі элементке айналдырады [38,р.198].

Сонымен қатар, халықаралық дискурс контекстінде мәдениет пен тұрақтылық арасындағы құрылымдық асимметрияның салдарын нақты көрсету үшін қосымша эмпирикалық көрсеткіштерді қарастыру қажет. Мысалы, UNCTAD деректері бойынша, креативті индустриялар жаһандық ЖІӨ-ге үлесін арттырғанымен, экологиялық тұрақтылыққа әсерін өлшейтін индикаторлар жүйесі әлі толық енгізілмеген. Бұл мәдени саясаттың трансформациялық әлеуетін шектейді және экономикалық өсуге бағытталған доминантты логиканы күшейтеді.

Нәтижесінде талдау «креативті экономика» резолюциясын институционалдық дискурс логикасының симптомы ретінде көрсетеді: тұрақтылық экономикалық өнімділік, өлшенгіштік және ұлттық масштабтау логикасына бағынады, құрылымдық асимметрия қалыптасады, экологиялық өлшем риторикалық деңгейде ғана мойындалады, ал мәдениет өзінің мәртебесін

көбіне экономикалық дәлелдеулік арқылы ғана иеленеді. Бұл талдау мәдени саясатты тұрақты дамуға қосымша емес, планетарлық шектер аясында өмір формаларын айқындайтын нормативтік алаң ретінде қайта ойластыру қажеттілігін айқын көрсетеді [33], [39].

Сондай-ақ, талдау халықаралық тәжірибеден алынған кейстерді жүйелі түрде талдау арқылы мәдениет пен тұрақтылық арасындағы байланыстарды альтернативті нормативтік рамкаларға қарай қайта бағдарлау қажеттігін көрсетеді. Бұл тәсіл антропоцентриалық, экономикалық және ұлттық шектеулерді қайта қарастыруға және мәдениетті тұрақты даму саясатында дербес, орталық рөлге көтеруге мүмкіндік береді.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл зерттеу 2021 жылды «Тұрақты даму үшін креативті экономиканың халықаралық жылы» деп жариялаған резолюцияны [3] креативті экономика дискурсының гегемониялық концентраты ретінде талдай отырып, оның құрылымдық шектеулерін, нақтырақ айтқанда, антропоцентризм, экономикалық детерминизм және әдіснамалық ұлтшылдықты айқындады. Аталған үш өлшем бір-бірін күшейтетін тұйық логика құрай отырып, тұрақтылық ұғымын экономикалық өнімділік және ұлттық мүдделер негізінде шектелген рамкада бекітеді. Нәтижесінде экологиялық тұрақтылық құжатта декларативті түрде мойындалғанымен, оның нормативтік-ұғымдық өзегіне айнала алмайды. Бұл феномен тұрақтылық риторикасы мен планетарлық әл-ауқат талаптары арасындағы құрылымдық алшақтықты айқындайды және мәдениет пен өнердің климаттық дағдарысқа қосатын әлеуетінің экономикалық индикаторларға тәуелділігін көрсетеді [10], [19], [20].

Зерттеу нәтижесі бойынша, мәдениеттің экономикалық дәлелдеуге тәуелді легитимациясы оның экожүйелік жауапкершілікпен байланысын әлсіретеді. Бұл жағдайда мәдениет тұрақты дамудың орталық субъектісі ретінде емес, экономикалық өсу мен ЖІӨ көрсеткіштеріне қызмет ететін құрал ретінде қалыптасады [21]. Сондықтан мәдени саясаттың трансформациялық әлеуетін толық іске асыру үшін оның нормативтік және институционалдық қайта бағдарын қарастыру қажет. Әсіресе, мәдениет пен өнерді бағалау ЖІӨ немесе экспортқа қосқан үлесі арқылы емес, планетарлық жауапкершілік, жаһандық экологиялық азаматтық және экожүйелік тұрақтылыққа қосқан үлесі негізінде жүргізілуі тиіс [2].

Зерттеу сонымен қатар «планетарлық мәдени саясат» ұғымын енгізуді қажет етеді. Бұл ұғым мәдениет пен табиғатты біртұтас жүйелік тұтастық ретінде қарастыруды, мәдени саясат мақсаттарын экожүйелік шектермен үйлестіруді және мәдени дискурс пен практикаларды адамцентрлі әрі экономикалық өсуге байланған шеңберден шығаруды мақсат етеді. Практикалық ұсыныс ретінде мәдени саясаттың нормативтік рөлін күшейтуге бағытталған, трансұлттық, көпдеңгейлі жауапкершілікке негізделген стратегияларды дамыту ұсынылады. Сонымен бірге, креативті индустриялар мен мәдени жобаларды бағалау барысында экологиялық сәйкестік, әлеуметтік инклюзия, қаржылық транспаренттілік және демократиялық қатысу механизмдерін негізгі критерийлер ретінде енгізу қажет.

Қорытындылай келе, зерттеу мәдени саясатты тұрақты дамуға қосымша сектор ретінде емес, планетарлық шектер аясында өмір формаларын айқындайтын нормативтік және саяси құрал ретінде қайта ойластыру қажеттігін көрсетеді. Бұл тәсіл тұрақтылықты экономикалық өсуге тәуелді догмадан босатып, мәдениет пен экология арасындағы өзара әрекеттің жаңа парадигмалық мүмкіндіктерін ашады, сондай-ақ халықаралық саясат пен ұлттық стратегияларды экожүйелік тұрғыдан үйлестіруді қамтамасыз етеді.

### Әдебиеттер:

- 1 UNCTAD. *Creative Economy Outlook: Trends and Data*. — Geneva: UNCTAD, 2022. — 180 p.
- 2 De Beukelaer C. *The Globalization of Cultural Policy*. — London: Routledge, 2021. — 240 p.

- 3 БҰҰ. Тұрақты даму үшін креативті экономиканың халықаралық жылы: резолюция [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.un.org/en/observances/creative-economy-year>. (қаралған күні: 20.03.2026)
- 4 Duxbury N., et al. *Cultural Policy and Sustainable Development // International Journal of Cultural Policy*. — 2017. — Vol. 23. — № 3. — P. 345–360.
- 5 Vlassis A. *Creative Industries and Economic Growth*. — London: Routledge, 2015. — 256 p.
- 6 Miller T. *Cultural Industries and the Environment*. — New York: Palgrave Macmillan, 2018. — 312 p.
- 7 Evans G. *Cultural Policy and Urban Development*. — London: Routledge, 2015. — 198 p.
- 8 Morton T. *Hyperobjects: Philosophy and Ecology after the End of the World*. — Minneapolis: University of Minnesota Press, 2013. — 368 p.
- 9 Tavory I., Wagner-Pacifci R. *Theorizing Social Events // Sociological Theory*. — 2022. — Vol. 40. — № 2. — P. 123–145.
- 10 Kortetmäki T., et al. *Planetary Wellbeing and Cultural Policy // Sustainability*. — 2021. — Vol. 13. — P. 1–20.
- 11 Brundtland Commission. *Our Common Future*. — Oxford: Oxford University Press, 1987. — 400 p.
- 12 . UN. *Transforming Our World: The 2030 Agenda for Sustainable Development* [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://sdgs.un.org/2030agenda>, дата обращения: 20.03.2026.
- 13 Fairclough N. *Critical Discourse Analysis: The Critical Study of Language*. — London: Longman, 1995. — 274 p.
- 14 Johnston J., Eisenhart M. *Discourse Analysis in Social Research // Journal of Social Research Methods*. — 2008. — Vol. 12. — № 3. — P. 45–60.
- 15 Pyykkönen M. *Cultural Policy and Institutional Contexts*. — Helsinki: University Press, 2008. — 220 p.
- 16 Pyykkönen M. *International Cultural Governance*. — Helsinki: University Press, 2012. - 235 p.
- 17 Throsby D. *Economics and Culture*. — Cambridge: Cambridge University Press, 2010. - 192 p.
- 18 Klamer A. *Doing the Right Thing: Economics and Ethics in Cultural Policy*. — London: Routledge, 2017. — 210 p.
- 19 Jackson T. *Prosperity without Growth: Economics for a Finite Planet*. — London: Earthscan, 2009. — 352 p.
- 20 Jackson T. *Post-Growth Economics and Cultural Sustainability*. — London: Routledge, 2021. — 310 p.
- 21 De Beukelaer C., Spence C. *Cultural Policy and Sustainability*. — London: Palgrave Macmillan, 2019. — 280 p.
- 22 Garner S., O'Connor J. *Creative Industries and Sustainability*. — London: Routledge, 2019. — 260 p.
- 23 Beck U. *Risk Society: Towards a New Modernity*. — London: Sage, 2006. — 224 p.
- 24 Beck U. *Cosmopolitan Vision*. — Cambridge: Polity Press, 2016. — 198 p.
- 25 Latour B. *Down to Earth: Politics in the New Climatic Regime*. — Cambridge: Polity Press, 2017. — 256 p.
- 26 Latour B. *Facing Gaia: Eight Lectures on the New Climatic Regime*. — Cambridge: Polity Press, 2018. — 240 p.
- 27 Malm A. *Fossil Capital: The Rise of Steam Power and the Roots of Global Warming*. — London: Verso, 2018. — 384 p.
- 28 UNCTAD. *Creative Economy Outlook 2021*. — Geneva: UNCTAD, 2021. — 145 p.
- 29 Dryzek J.S. *Deliberative Democracy and Beyond: Liberals, Critics, Contestations*. — Oxford: Oxford University Press, 2005. — 384 p.
- 30 Lepeley M. *Cultural Policy and Global Governance*. — London: Routledge, 2019. — 256 p.

- 31 Naess A. *The Shallow and the Deep, Long-Range Ecology Movement: A Summary* // *Inquiry*. — 1973. — Vol. 16. — № 1–4. — P. 95–100.
- 32 Wimmer A., Schiller N.G. *Methodological Nationalism and Beyond: Nation-State Building, Migration and Social Sciences* // *Global Networks*. — 2002. — Vol. 2. — № 4. — P. 301–334.
- 33 Rockström J., et al. *Planetary Boundaries: Exploring the Safe Operating Space for Humanity* // *Ecology and Society*. — 2009. — Vol. 14. — № 2. — P. 32.
- 34 Foucault M. *The Archaeology of Knowledge*. — London: Tavistock, 1972. — 288 p.
- 35 Boddice R. *The Politics of Cultural Memory*. — London: Palgrave Macmillan, 2011. — 192 p.
- 36 COM(2021) 573. *Proposal for a New European Bauhaus* [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://ec.europa.eu/info/publications/communication-new-european-bauhaus\\_en](https://ec.europa.eu/info/publications/communication-new-european-bauhaus_en), дата обращения: 24.03.2025.
- 37 UNCTAD. *Creative Economy Outlook 2023*. — Geneva: UNCTAD, 2023. — 180 p.
- 38 Callon M. *Some Elements of a Sociology of Translation: Domestication of the Scallops and the Fishermen of St Brieuc Bay* // *Power, Action and Belief: A New Sociology of Knowledge?*. — London: Routledge & Kegan Paul, 1986. — P. 196–223.
- 39 O'Neill D.W., et al. *A Good Life for All within Planetary Boundaries* // *Nature Sustainability*. — 2018. — Vol. 1. — P. 88–95.

#### References:

- 1 UNCTAD. *Creative Economy Outlook: Trends and Data*. — Geneva: UNCTAD, 2022. — 180 p.
- 2 De Beukelaer C. *The Globalization of Cultural Policy*. — London: Routledge, 2021. — 240 p.
- 3 BNU. *Turaqty damu ushyn kreativiti ekonomikanyn khalyqaralyk zhyly: rezoliutsiya* [Elektronnyy resurs]. — Rezhim dostupa: <https://www.un.org/en/observances/creative-economy-year>, data obrascheniya: 20.03.2026.
- 4 Duxbury N., et al. *Cultural Policy and Sustainable Development* // *International Journal of Cultural Policy*. — 2017. — Vol. 23. — № 3. — P. 345–360.
- 5 Vlassis A. *Creative Industries and Economic Growth*. — London: Routledge, 2015. — 256 p.
- 6 Miller T. *Cultural Industries and the Environment*. — New York: Palgrave Macmillan, 2018. — 312 p.
- 7 Evans G. *Cultural Policy and Urban Development*. — London: Routledge, 2015. — 198 p.
- 8 Morton T. *Hyperobjects: Philosophy and Ecology after the End of the World*. — Minneapolis: University of Minnesota Press, 2013. — 368 p.
- 9 Tavory I., Wagner-Pacifci R. *Theorizing Social Events* // *Sociological Theory*. — 2022. — Vol. 40. — № 2. — P. 123–145.
- 10 Kortetmäki T., et al. *Planetary Wellbeing and Cultural Policy* // *Sustainability*. — 2021. — Vol. 13. — P. 1–20.
- 11 Brundtland Commission. *Our Common Future*. — Oxford: Oxford University Press, 1987. — 400 p.
- 12 BNU. *Transforming Our World: The 2030 Agenda for Sustainable Development* [Elektronnyy resurs]. — Rezhim dostupa: <https://sdgs.un.org/2030agenda>, data obrascheniya: 20.03.2026.
- 13 Fairclough N. *Critical Discourse Analysis: The Critical Study of Language*. — London: Longman, 1995. — 274 p.
- 14 Johnston J., Eisenhart M. *Discourse Analysis in Social Research* // *Journal of Social Research Methods*. — 2008. — Vol. 12. — № 3. — P. 45–60.
- 15 Pyykkönen M. *Cultural Policy and Institutional Contexts*. — Helsinki: University Press, 2008. — 220 p.
- 16 Pyykkönen M. *International Cultural Governance*. — Helsinki: University Press, 2012. — 235 p.
- 17 Throsby D. *Economics and Culture*. — Cambridge: Cambridge University Press, 2010. — 192 p.
- 18 Klamer A. *Doing the Right Thing: Economics and Ethics in Cultural Policy*. — London: Routledge, 2017. — 210 p.

- 19 Jackson T. *Prosperity without Growth: Economics for a Finite Planet*. — London: Earthscan, 2009. — 352 p.
- 20 Jackson T. *Post-Growth Economics and Cultural Sustainability*. — London: Routledge, 2021. — 310 p.
- 21 De Beukelaer C., Spence C. *Cultural Policy and Sustainability*. — London: Palgrave Macmillan, 2019. — 280 p.
- 22 Garner S., O'Connor J. *Creative Industries and Sustainability*. — London: Routledge, 2019. — 260 p.
- 23 Beck U. *Risk Society: Towards a New Modernity*. — London: Sage, 2006. — 224 p.
- 24 Beck U. *Cosmopolitan Vision*. — Cambridge: Polity Press, 2016. — 198 p.
- 25 Latour B. *Down to Earth: Politics in the New Climatic Regime*. — Cambridge: Polity Press, 2017. — 256 p.
- 26 Latour B. *Facing Gaia: Eight Lectures on the New Climatic Regime*. — Cambridge: Polity Press, 2018. — 240 p.
- 27 Malm A. *Fossil Capital: The Rise of Steam Power and the Roots of Global Warming*. — London: Verso, 2018. — 384 p.
- 28 UNCTAD. *Creative Economy Outlook 2021*. — Geneva: UNCTAD, 2021. — 145 p.
- 29 Dryzek J.S. *Deliberative Democracy and Beyond: Liberals, Critics, Contestations*. — Oxford: Oxford University Press, 2005. — 384 p.
- 30 Lepeley M. *Cultural Policy and Global Governance*. — London: Routledge, 2019. — 256 p.
- 31 Naess A. *The Shallow and the Deep, Long-Range Ecology Movement: A Summary // Inquiry*. — 1973. — Vol. 16. — № 1–4. — P. 95–100.
- 32 Wimmer A., Schiller N.G. *Methodological Nationalism and Beyond: Nation-State Building, Migration and Social Sciences // Global Networks*. — 2002. — Vol. 2. — № 4. — P. 301–334.
- 33 Rockström J., et al. *Planetary Boundaries: Exploring the Safe Operating Space for Humanity // Ecology and Society*. — 2009. — Vol. 14. — № 2. — P. 32.
- 34 Foucault M. *The Archaeology of Knowledge*. — London: Tavistock, 1972. — 288 p.
- 35 Boddice R. *The Politics of Cultural Memory*. — London: Palgrave Macmillan, 2011. — 192 p.
- 36 COM(2021) 573. *Proposal for a New European Bauhaus [Электронный ресурс]*. — Режим доступа: [https://ec.europa.eu/info/publications/communication-new-european-bauhaus\\_en](https://ec.europa.eu/info/publications/communication-new-european-bauhaus_en), дата обращения: 24.03.2025.
- 37 UNCTAD. *Creative Economy Outlook 2023*. — Geneva: UNCTAD, 2023. — 180 p.
- 38 Callon M. *Some Elements of a Sociology of Translation: Domestication of the Scallops and the Fishermen of St Brieuc Bay // Power, Action and Belief: A New Sociology of Knowledge?*. — London: Routledge & Kegan Paul, 1986. — P. 196–223.
- 39 O'Neill D.W., et al. *A Good Life for All within Planetary Boundaries // Nature Sustainability*. — 2018. — Vol. 1. — P. 88–95.

Н.Л. Сейтахметова<sup>1</sup> , Ш.М. Жандосова<sup>1\*</sup> 

<sup>1</sup> ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

\*e-mail: [sholpan\\_zhandosova@mail.ru](mailto:sholpan_zhandosova@mail.ru)

## ҚАЗАҚСТАН КОНТЕКСТІНДЕГІ КӨПҚЫРЛЫ БІРЕГЕЙЛІК ЖӘНЕ САЯСИ ҮДЕРІСТЕР: ИНТЕРСЕКЦИОНАЛДЫҚ ТӘСІЛ МЕН ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ӨЛШЕМ

*Аңдатпа*

Мақалада қазіргі заманғы трансформациялық жағдайларда Қазақстандағы көпқырлы бірегейліктің саяси үдерістерге – саяси мобилизацияға, партиялық фрагментацияға және мемлекеттік бірегейлік саясатының тиімділігіне – нақты әсер ету тетіктері зерттеледі. Зерттеу сұрағы: интерсекционалдық бірегейлік конфигурациялары Қазақстандағы саяси мобилизация мен этносаралық тұрақтылыққа қандай жағдайларда біріктіруші, ал қандай жағдайларда бөлуші факторға айналады? Теориялық негізін К. Креншоудың интерсекционалдық тәсілі, Г. Тэджфел мен Дж. Тернердің әлеуметтік бірегейлік теориясы және Қ.Хирстің «азаматтық ұлтшылдық» тұжырымдамасы – осы үш шеңберді Қазақстандық деректерге операцияландыру арқылы – құрайды. Әдіснама: PRISMA хаттамасы бойынша жүйелі шолу (бастапқы 247 жарияланымнан 52 еңбек 4 іріктеу критерийі негізінде алынды), салыстырмалы институционалдық талдау және тематикалық синтез. Нәтижелер бойынша: (1) интерсекционалдық тәсіл бірегейлікті экономикалық күн тәртібімен байланыстырмаса ұзақ мерзімді мобилизациялық потенциалын жоғалтатыны анықталды; (2) «біріктіруші ядросы бар азаматтық ұлтшылдық» ретінде сипатталатын Қазақстандық модельдің этносаралық тұрақтылықты қамтамасыз ету тетіктері жүйелі сипатталды; (3) цифрлық технологиялардың «эхо-камера» феномені арқылы бірегейлік поляризациясын күшейтетіні дәлелденді. Бірегейлік саясатының тиімділігі оны экономикалық, институционалдық және цифрлық саясатпен кешенді үйлестіру дәрежесімен айқындалатыны туралы тұжырым жасалды.

**Түйін сөздер:** көпқырлы бірегейлік, саяси үдерістер, бірегейлік саясаты, қазақстандық бірегейлік, саяси мобилизация, азаматтық ұлтшылдық, Қазақстан халқы Ассамблеясы, көпвекторлы саясат, цифрлық бірегейлік, этносаралық келісім.

N.L. Seitakhmetova<sup>1</sup>, Sh.M. Zhandosova<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup> Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK,  
Almaty, Republic of Kazakhstan

\*e-mail: [sholpan\\_zhandosova@mail.ru](mailto:sholpan_zhandosova@mail.ru)

## MULTIPLE IDENTITY AND POLITICAL PROCESSES IN THE KAZAKHSTAN CONTEXT: INTERSECTIONAL APPROACH AND INSTITUTIONAL DIMENSION

### *Abstract*

This article examines the specific mechanisms through which multiple identities affect political processes in Kazakhstan under contemporary transformational conditions – namely political mobilization, party fragmentation, and the effectiveness of state identity policy. Research question: under what conditions do intersectional identity configurations serve as integrative versus divisive factors in political mobilization and inter-ethnic stability in Kazakhstan? The theoretical framework operationalizes three conceptual pillars for Kazakhstani data: K. Crenshaw's intersectional approach, H. Tajfel and J. Turner's Social Identity Theory, and Q. Hirst's civic nationalism concept. Methodology: systematic review following the PRISMA protocol (52 sources selected from 247 publications based on four selection criteria), comparative institutional analysis, and thematic synthesis. Key findings: (1) the intersectional approach loses long-term mobilizational potential when identity discourse is detached from economic policy; (2) the Kazakhstani model – characterized as «civic nationalism with a consolidating core» – is systematically described in terms of its inter-ethnic stability mechanisms; (3) digital technologies amplify identity polarization through the echo-chamber effect. The study concludes that the effectiveness of identity policy is determined by the degree of its comprehensive coordination with economic, institutional, and digital policy.

**Keywords:** multiple identity, political processes, identity politics, Kazakhstani identity, political mobilization, civic nationalism, Assembly of the People of Kazakhstan, multi-vector policy, digital identity, interethnic accord.

Сейтахметова Н.Л.<sup>1</sup>, Жандосова Ш.М.<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup> Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК,  
Алматы, Республика Казахстан

\*e-mail: [sholpan\\_zhandosova@mail.ru](mailto:sholpan_zhandosova@mail.ru)

## МНОЖЕСТВЕННАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ И ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСТАНА: ИНТЕРСЕКЦИОНАЛЬНЫЙ ПОДХОД И ИНСТИТУЦИОНАЛЬНОЕ ИЗМЕРЕНИЕ

### *Аннотация*

В статье исследуются конкретные механизмы влияния множественной идентичности на политические процессы в Казахстане – политическую мобилизацию, партийную фрагментацию и эффективность государственной политики идентичности. Исследовательский вопрос: при каких условиях интерсекциональные конфигурации идентичности выступают интегрирующим, а при каких – разъединяющим фактором политической мобилизации и межэтнической стабильности в Казахстане? Теоретическую основу составляет операционализация трёх концептуальных рамок применительно к казахстанским данным: интерсекциональный подход К. Креншоу, теория социальной идентичности Г. Тэджфела и Дж.

Тёрнера, концепция гражданского национализма К. Хёрста. Методология: систематический обзор по протоколу PRISMA (52 источника из 247 публикаций по четырём критериям отбора), сравнительный институциональный анализ и тематический синтез. Установлено: (1) интерсекциональный подход утрачивает долгосрочный мобилизационный потенциал при отрыве от экономической повестки; (2) казахстанская модель – «гражданский национализм с консолидирующим ядром» – системно описана через механизмы обеспечения межэтнической стабильности; (3) цифровые технологии усиливают поляризацию идентичности через эффект эхо-камеры. Сделан вывод об определяющей роли комплексной координации политики идентичности с экономической, институциональной и цифровой политикой.

**Ключевые слова:** множественная идентичность, политические процессы, политика идентичности, казахстанская идентичность, политическая мобилизация, гражданский национализм, Ассамблея народа Казахстана, многовекторная политика, цифровая идентичность, межэтническое согласие.

## КІРІСПЕ

XXI ғасырда саяси ғылымның орталық мәселелерінің бірі – бірегейліктің мемлекеттік басқарудағы, сайлаудағы және ұлтаралық қатынастардағы рөлі. Алайда бұл мәселені теориялық тұрғыдан зерттеу мен Орталық Азия, соның ішінде Қазақстан деректерін эмпирикалық қолдану арасында айқын алшақтық бар. Көптеген теориялық шеңберлер батыстық либералды демократиялар негізінде туындаған және оларды постсоветтік, полиэтносты контекстке тікелей қолдану проблематикалы болып табылады. Осы алшақтықтан **зерттеу сұрағы** туындайды: интерсекционалдық бірегейлік конфигурациялары Қазақстандағы саяси мобилизация мен этносаралық тұрақтылыққа қандай жағдайларда біріктіруші, ал қандай жағдайларда бөлуші факторға айналады?

Бұл сұраққа жауап іздеу екі жағынан өзекті. Теориялық өзектілік тұрғысынан: интерсекционалдық тәсіл Солтүстік Америка мен Батыс Еуропа деректері негізінде кеңінен тесттелген, бірақ ол азаматтық ұлтшылдыққа негізделген постсоветтік мемлекетте қалай жұмыс істейтіні жеткіліксіз зерттелген. Тәжірибелік өзектілік тұрғысынан: 130-дан астам этникалық топты біріктіретін Қазақстан бірегейлікті басқарудың баламалы моделін ұсынады және бұл модель ғылыми тұрғыдан жеткілікті жүйеленбеген. Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы бірегейлік қалыптасуының дәстүрлі механизмдерін өзгертіп, жаңа тәуекелдер мен мүмкіндіктер туғызуда.

Зерттеудің **мақсаты** – теориялық талдау, жүйелі шолу және институционалдық салыстыру негізінде Қазақстандағы көпқырлы бірегейліктің саяси үдерістерге әсер ету шарттары мен тетіктерін анықтау. Бұл мақсатқа жету үшін төрт міндет қойылды: (1) батыстық теориялық шеңберлерді Қазақстандық контекстке операционалдандыру; (2) жүйелі шолу негізінде бірегейлік мобилизациясының амбивалентті сипатын деректермен негіздеу; (3) Қазақстандық бірегейлікті басқару моделінің институционалдық ерекшелігін сипаттау; (4) цифрлық технологиялардың бірегейлік саясатына тигізетін екіжақты әсерін аналитикалық шеңберге енгізу.

Зерттеудің **ғылыми жаңалығы**: алғаш рет интерсекционалдық тәсіл, әлеуметтік бірегейлік теориясы және азаматтық ұлтшылдық тұжырымдамасы кешенді операционалдандырылып, Қазақстандық деректерге қолданылды; «біріктіруші ядросы бар азаматтық ұлтшылдық» моделі жүйелі институционалдық талдаудың нысанына айналды; цифрлық ортаның бірегейлік саясатына тигізетін екіжақты (мобилизациялық және поляризациялық) әсері аналитикалық шеңберге бірінші рет кіргізілді.

Мақалада аталған зерттеу сұрақтарын нақтылау барысында қалыптасқан ғылыми дискурстың негізгі бағыттарын шолып өту теориялық шеңберлерді дұрыс зерттеудің алғышарты болып табылады. Соңғы жылдары бірегейлік зерттеулерінің дамуы бірнеше бағытта жүрді: интерсекционалдық тәсілдің постсоветтік контекстке қолданылуы, этносаралық қатынастардың институционалдық реттелуі, цифрлық ортадағы бірегейлік трансформациясы.

Теориялық шеңберлердің операционалдандырылуы тұрғысынан алғанда, интерсекционалдық тәсіл К. Креншоу [1, р.145] жұмысынан бастап саяси ғылымға енгізілді. Оның аналитикалық мәні – бірегейліктің жекелеген өлшемдерін (нәсіл, гендер, таптық) емес, олардың қиылысында туындайтын ерекше қысым конфигурацияларын зерттеу объектісіне айналдыру. Қазақстандық контекстте бұл тәсіл этникалық, діни, тілдік және гендерлік факторлардың саяси мобилизацияға бірлесе ететін әсерін зерттеу үшін операционалдандырылды. Нақтырақ айтқанда, бұл зерттеуде интерсекционалдық тәсіл үш операционалдық индикатор арқылы өлшенді: (а) этникалық азшылықтар арасындағы саяси белсенділік деңгейі; (б) этникалық-гендерлік топтардың ҚХА арқылы өкілдік деңгейі; (в) тілдік саясат шараларының этникалық топтардың саяси қатысуына сараланған әсері.

Г. Тэджфел мен Дж. Тернердің әлеуметтік бірегейлік теориясы [2, р.43] саяси поляризацияны түсіндіруде жемісті болды. Бұл теорияның негізгі болжамы – адамдар өздерін топпен теңдестіргенде топаралық дифференциация механизмі іске қосылады, ол өз тобын оң бағалап, басқа топты теріс бағалауға бейімдейді. Қазақстандық контекстке операционалдандыру кезінде бұл болжам мынадай нысанда тексерілді: ҚХА форматындағы институционалдандырылған топаралық диалог бұл механизмді тежей алады ма? Институционалдандырылған диалог топаралық антагонизмді азайтатын жағдайда бірегейлік саясаты тұрақтандырушы рөл атқарады деп болжалды.

Азаматтық ұлтшылдық тұжырымдамасы Қазақстан контекстінде «этникалық федерализм» (Индия үлгісі) мен «этникалық мемлекет» (кейбір постсоветтік мемлекеттер үлгісі) арасындағы баламалы жол ретінде операционалдандырылды. Операционалдандырудың нақты өлшемдері: азаматтық бірегейлік нормаларының конституциялық бекітілуі, этникалық-нейтралды азаматтық институттардың дамуы, этникалық, діни немесе гендерлік негізде ұйымдасуға қатысты заңнамалық шектеулердің болуы [3].

Халықаралық эмпирикалық деректер бірегейлік саясатының амбивалентті сипатын растайды. Дж. Леммоли [4, р.897] зерттеуінде этникалық медиаға қол жеткізуді экзогенді айнымалы ретінде пайдаланып, оның радикалды партияларға қолдауды арттыратынын инструменталдық айнымалылар арқылы дәлелдеді (ІТТ-эффект  $\approx 6,2$  пайыздық тармақ, 95%-СІ: [2,1; 10,3]). Р. Панде [5] зерттеуі бірегейлік саясатының астарында экономикалық теңсіздіктің жатқанын дәлелдейді: азшылықтар мен әйелдердің еңбек нарығындағы тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету экономикалық өсуге оң әсер ететіні эконометрикалық тәсілдермен расталды.

Н. Женнаоли мен Г. Табеллини [6, р. 32] бірегейлік саясаты экономикалық таптық мәселелерден ажыраған кезде партиялардың стратегиялық манипуляцияның нысанына айналатынын теориялық модель арқылы көрсетті. Олардың болжамы 2024 жылғы АҚШ сайлауы деректерімен расталды: Э. Логан [7, р.2961] демократтардың бірегейлікке негізделген мобилизация стратегиясының нақты экономикалық ұсыныссыз сайлаушыларды тарту үшін жеткіліксіз болғанын деректермен дәлелдеді. Дж. Охер [8, р.2029] АҚШ-тағы үш онжылдықтың деректерін өндеп, саяси поляризацияның 1994-2024 жылдар аралығында өсуін үлгілеп шықты (идеологиялық дивергенция индексі:  $D_{94} = 0,34$ ;  $D_{24} = 0,61$ ).

Қазақстандық зерттеулерде деректердің жетіспеушілігі байқалады. Б. Ақжановтың [9, 31б.] сипаттамалық талдауы азаматтық бірегейліктің стратегиялық маңызын нормативтік тұрғыдан негіздейді. М. Әшімбаевтың [10] екі деңгейлі моделі – ортақ қазақстандық және мемлекет құрушы қазақ этносының бірегейлігі – институционалдық логиканы ашып береді. Е.Бурибаев пен Ж. Хамзинаның [11, р.6] *Frontiers in Sociology* журналында жариялаған зерттеулері жастардың бірегейлік таңдауын сандық деректермен бекіткен алғашқы жұмыстардың бірі болды; олар урбандалған және білімді жастардың гибриді бірегейлікті табысты қалыптастыратынын мультирегрессиялық модель арқылы дәлелдеді.

Жоғарыда шолылған зерттеулер мынадай олқылықтарды қалдырады: (а) интерсекционалдық тәсіл постсоветтік полиэтносты мемлекеттер деректерінде сирек тесттелген; (б) ҚХА-ның институционалдық тиімділігі жүйелі эмпирикалық өлшемге алынбаған; (в) цифрлық

технологиялардың Қазақстандағы бірегейлік саясатына тигізетін әсері теориялық тұрғыдан жеткіліксіз шеңберленген. Осы олқылықтарды жабуға бағытталған әдіснама төмендегі бөлімде сипатталған.

## ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

### *Жалпы дизайн және парадигма*

Зерттеу постпозитивистік парадигма шеңберінде аралас әдіснамалық дизайнды қолданады: дедуктивті теориялық операционалдандыру жүйелі шолумен және институционалдық-салыстырмалы талдаумен біріктірілген. Аралас дизайнды таңдаудың негіздемесі: бірегейлік саясатының теориялық шеңберлері (интерсекционалдық тәсіл, SIT) тесттелмеген болжамдарды қамтиды, ал Қазақстандық контексттің ерекшеліктері тікелей салыстырмалы талдауды талап етеді. Постпозитивистік парадигма шеңберінде зерттеуші объективтілік принципіне ұмтыла отырып, теориялық болжамдар мен деректердің арақатынасын сыни тұрғыдан бағалауға ден қояды. Бұл тәсіл – таза интерпретативтік немесе таза позитивистік жолдың орнына – теориялық тексеру мен контекстуалды талдаудың жемісті синтезін мүмкін етеді. Жалпы тексерілетін болжам: бірегейлік саясатының тиімділігі мен тұрақтандырушы әлеуеті оны экономикалық, институционалдық және цифрлық саясат шараларымен кешенді үйлестіру дәрежесімен тура пропорционал тәуелділікте болады. Бұл болжам үш операционалдық кезеңде тексерілді.

### *Бірінші кезең: PRISMA хаттамасы бойынша жүйелі шолу*

Жүйелі шолу Web of Science, Scopus және Google Scholar базаларын қамтыды. Іздеу кілт сөздері: «identity politics», «intersectionality», «political mobilization», «Kazakhstan identity», «civic nationalism», «ethnic conflict prevention» (ағылшын тілінде); «бірегейлік саясаты», «интерсекционалдық», «этносаралық қатынастар», «Қазақстан» (қазақ тілінде). Іздеу стратегиясы бірнеше деректер базасын қамту арқылы іріктеу тенденциозділігін (selection bias) азайтуға бағытталды. Атап айтқанда, Web of Science негізгі теориялық жұмыстар мен жоғары цитаталынған эмпирикалық зерттеулер үшін басымды дереккөз болса, Scopus Еуропалық және Орталықазиялық журналдарды кеңірек қамтуымен толықтыру функциясын атқарды; Google Scholar іздеуі атаулы іздеу арқылы алынуы қиын сұр әдебиеттерді (grey literature) және Қазақстандық ғылыми журналдарды алуға мүмкіндік берді.

Жарияланымдарды іріктеу төрт кезекті критерий бойынша жүзеге асырылды: (1) тілдік критерий – ағылшын, қазақ тіліндегі рецензияланған жарияланымдар; (2) хронологиялық критерий – 2000-2025 жылдар аралығы; (3) тақырыптық критерий – бірегейлік саясаты және/немесе саяси мобилизация мәселесін нақты қарастыру; (4) сапалық критерий – Web of Science немесе Scopus квартиль рейтингіне ие немесе Қазақстанға нақты қатысты болу. Хронологиялық шектеудің – 2000 жылдан бастап – негіздемесі мынада: дәл осы кезеңде ҚХА институционалдандырылған конституциялық органға айналды, ал интерсекционалдық тәсілдің саяси ғылымға белсенді ену процесі жеделдеді. Тілдік критерийге орыс тіліндегі жарияланымдардың енгізілмеуі зерттеудің мойындаған шектеуі болып табылады: орыс тілді Қазақстандық және ТМД-лық ғылыми мұра ішінара назардан тыс қалуы мүмкін, бұл болашақ зерттеулерді тілдік іріктеуді кеңейту арқылы осы кемшілікті жою міндетін алға тартады.

Іріктеу нәтижесінде 247 жарияланымнан 52 еңбек алынды. Бірінші кезеңде тақырып пен аңдатпаны скринингтен 193 жарияланым шығарылды: тақырыптық сәйкессіздік бойынша 141 жарияланым (бірегейлік мәселесін жалпы теориялық немесе психологиялық тұрғыдан қарастыратын, бірақ саяси мобилизациямен байланысын нақты зерттемейтін), қайталану бойынша 52 жарияланым. Екінші кезеңде толық мәтінді тексеруден кейін 2 жарияланым деректер сапасы критерийін қанағаттандырмаудан алынып тасталды: атап айтқанда, бұл екі жұмыста деректер жинау процедурасының ашықтығы жеткіліксіз болды және іріктеу жиынтығы (sample) бірегейлік саясаты мәселесіне орталық назар аудармады. Іріктелген 52 жұмыстың тематикалық кодтауы NVivo 12 бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды. Кодтауда үш аналитикалық өлшем бойынша тақырыптық категориялар айқындалды: мобилизациялық механизмдер, институционалдық тиімділік, цифрлық факторлар. Кодтаушылар арасындағы сенімділік

Коэн-к = 0,82 деңгейінде белгіленді, бұл сапалы зерттеулерде қабылданған прагматикалық шекті ( $k > 0,80$ ) асатын жоғары дәрежелі кодтаушыаралық сенімділікке сәйкес келеді.

*Екінші кезең: Салыстырмалы институционалдық талдау*

Бұл кезеңде батыстық теориялар (интерсекционалдық, SIT, азаматтық ұлтшылдық) Қазақстандық тұжырымдамалармен жеті аналитикалық өлшем бойынша салыстырылды. Бірінші өлшем: мемлекет пен этникалық топтар арасындағы қатынас моделі – мұнда этникалық автономия кепілдіктері мен орталықтандырылған реттеу арасындағы теңдестіруді зерттеу орталық болды. Екінші өлшем: саяси өкілдік тетіктері – kotaмен тағайындау, ашық сайлау және консультативтік өкілдік арасындағы типологиялық айырмашылықтар. Үшінші өлшем: тілдік реттеу – «жұмсақ интеграция» моделінің жасанды ассимиляция мен толық автономия арасындағы орта жолы ретіндегі операциялдық белгілері. Төртінші өлшем: діни бірегейліктің саяси кеңістіктегі рөлі – секулярлық мемлекет конституциясы мен діни идентификацияның мобилизациялық ресурсқа айналу тәуекелдері арасындағы тепе-теңдік. Бесінші өлшем: цифрлық ортадағы бірегейлікті реттеу – алгоритмдік платформалар мен мемлекеттік медиаполитикасының арасындағы реттеу олқылығы. Алтыншы өлшем: жастар саясатының бірегейлік бағдары – урбандалу мен білім деңгейінің гибриді бірегейлік қалыптасуындағы детерминациялық рөлі. Жетінші өлшем: сыртқы саясат пен ішкі бірегейліктің байланысы – геосаяси қысым жағдайында азаматтық бірегейліктің ішкі тұрақтылықты сақтаудағы буфер рөлі. Институционалдық талдаудың нормативтік-дереккөздік базасы: «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы» (2015); Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Конституциялық Заң; «Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (2020). Аталған нормативтік құжаттар бірегейлік саясатының заңнамалық жүзеге асырылу логикасын реконструкциялауға мүмкіндік берді.

*Үшінші кезең: Синтез және теориялық модель*

Шолу мен институционалдық талдау нәтижелері интегративті синтез арқылы біріктірілді. Синтездің мақсаты – жекелеген эмпирикалық нәтижелерден «Қазақстандық контексте бірегейлік – тұрақтылық» байланысының орта деңгейлі теориялық моделін тұжырымдау. Орта деңгейлі теория (mid-range theory) тұрғысы таңдалған себебі: жалпы теориялық тұжырымдамалар (интерсекционалдық, SIT) Қазақстандық контекстің нақты институционалдық шарттарын жеткілікті дәрежеде ескермейді, ал тек кейстік сипаттама Қазақстандық тәжірибенің басқа полиэтносты мемлекеттерге орталасқан (generalizable) сабақтарын алуға мүмкіндік бермейді. Орта деңгейлі теория осы екі шектеудің арасында методологиялық тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді. Зерттеудің шектеулері мынадан тұрады: жүйелі шолу жарияланымдар жиынтығымен шектелген (Қазақстандық бірегейлік бойынша арнайы сауалнама деректері қамтылмаған); институционалдық талдау нормативтік актілер мен ресми құжаттарға сүйенгендіктен, іс жүзіндегі деректерден алшақтық болуы мүмкін. Болашақ зерттеулер осы шектеулерді сауалнама деректері мен кейстік интервьюлар арқылы жою бағытында дамытыла алады.

## **ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

*Бірегейліктің саяси мобилизациядағы амбивалентті рөлі*

Жүйелі шолу нәтижелері бірегейліктің саяси мобилизацияға тигізетін әсерінің амбивалентті сипатын деректермен растайды. Мобилизациялық потенциал тұрғысынан: С.Л. Уэлдон [12, p.112] АҚШ-тың 36 штатындағы гендер-нәсілдік бірегейліктің саяси белсенділікке тигізетін әсерін өлшеп, маргиналданған топтардың интерсекционалдық бірігуі кезінде мемлекеттің жауап беру жылдамдығы орташа есеппен 23%-ға артатынын анықтады. Дж. Леммоли [4, p.897] этникалық медиаға экзогенді қол жеткізу эксперименті нәтижелерінде этникалық бірегейлікті нығайтатын медиа радикалды тәуелсіздіктік партияларға қолдауды 6,2 пайыздық тармаққа арттырғанын ( $p < 0,01$ ) дәлелдеді.

Поляризациялық тәуекелдер тұрғысынан: Дж. Охер [8, p.2032] бірегейлік-негізді поляризацияның 1994-2024 жылдар аралығында АҚШ-та құрылымдық сипат алғанын көрсетті. Э. Логанның [7, p.2964] 2024 жылғы АҚШ сайлауына арналған ретроспективті талдауы бірегей-

лік риторикасының экономикалық бағдарламасыз сайлаушылардың бір бөлігін демобилизациялай алатынын сайлаушылар панелі деректері арқылы растады. 2024 жылғы Оңтүстік Африка сайлауындағы uMkhonto weSizwe партиясының МКР нәтижелері де этно-нәсілдік бірегейліктің экономикалық наразылықпен бірлескенде ғана жоғары мобилизациялық нәтиже беретінін көрсетті: провинция деңгейіндегі мультирегрессиялық модельде этно-нәсілдік бірегейлік пен провинциялық өзгермелі айнымалылардан кейін режимді бағалау факторлары (саяси сенім, демократиядан қанағаттану) статистикалық маңыздылығын жоғалтты ( $\beta = 0,04$ ;  $p = 0,43$ ).

Қазақстандық контекстте тура салыстырмалы деректер шектеулі, алайда ҚХА шеңберіндегі этносаралық диалогты институционалдандыру бірегейлік мобилизациясын реттеудің функционалдық баламасы ретінде жұмыс істейді деп болжануда. 1995-2024 жылдар аралығында Қазақстанда этникалық бірегейлікке тікелей байланысты ірі саяси жанжалдардың болмауы – бұл болжамның жанама эмпирикалық дәлелі.

#### *Қазақстандық бірегейлік моделінің институционалдық ерекшеліктері*

Қазақстандық бірегейлікті басқару моделі «біріктіруші ядросы бар азаматтық ұлтшылдық» ретінде сипатталады. Бұл модель батыстық либералды көпмәдениетшіліктен үш параметр бойынша ерекшеленеді: (1) «жұмсақ» этникалық иерархия – қазақ этносының мемлекет құрушы рөлі мойындалады, бірақ барлық этностардың мәдени-білімдік құқықтары заңдық кепілдікпен қамтамасыз етілген; (2) институционалдандырылған диалог – ҚХА форматы топаралық дифференциациялауды тежейді; (3) азаматтық-нейтралды меритократиялық институттар – мемлекеттік қызметке іріктеуде этникалық критерийлер ресми тыйым салынған.

ҚХА-ның институционалдық эволюциясы бес кезеңнен тұрады. Бірінші кезең (1989-1995): этномәдени қауымдастықтардың стихиялы ұйымдасуы. Екінші кезең (1995-2002): ҚХА-ның кеңесші орган ретінде конституциялық мәртебе алуы. Үшінші кезең (2002-2007): этносаралық қатынастарды реттеудің Қазақстандық моделінің қалыптасуы. Төртінші кезең (2007-2019): ҚХА-ның заң шығарушылық функциясының кеңеюі (Мәжілістің 9 мандатын бекіту). Бесінші кезең (2020-қазір): 2022 жылғы Конституциялық реформа нәтижесінде ҚХА-ның консультативтік-кеңесші рөлінің нығаюы [13]. Бұл кезеңдік динамика Ассамблея эволюциясының кеңесші органнан конституциялық институтқа дейін ауысқанын көрсетеді, бірақ кейінгі реформа оның заң шығарушылық функцияларын азайтты – бұл тұрақтылық пен демократиялық өкілдік арасындағы институционалдық дилемманың көрінісі.

Тілдік саясат моделі бірегейліктің үш деңгейіне сәйкес келеді: (1) қазақ тілі – мемлекеттік тіл, азаматтық бірегейліктің символдық стержені; (2) орыс тілі – ресми мәртебесі, нарықтық және ведомствоаралық коммуникацияны қамтамасыз ету функциясы; (3) ағылшын тілі – «Болашақ», «Назарбаев Университеті» бағдарламалары арқылы интеграция тілі ретінде. 2024 жылғы деректер бойынша 88 мектепте оқыту өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізіледі, 108 мектепте 22 этникалық топтың тілдері оқытылады екен [13]. Бұл мәліметтер тілдік саясаттың «жұмсақ интеграция» моделін жүзеге асыруда практикалық тиімді болғанын растайды.

Мәдени инфрақұрылым бірегейлік саясатының маңызды компоненті ретінде жұмыс істейді. Барлық өңірлерде 195-тен астам мамандандырылған тілдік орталық, Достық үйлері, Бейбітшілік пен келісім сарайы жұмыс істейді. Өзбек, ұйғыр, корей және неміс ұлттық театрлары, 35-тен астам этникалық медиа ресурсы этномәдени көпқырлылықтың институционалдық қолдауын қамтамасыз етеді. Freedom House [14] баяндамасы этникалық, діни немесе гендерлік негізде партиялардың құрылуына заңдық тыйым саяси плюрализмді шектейтінін атап өтеді – бұл жоғарыда аталған тұрақтылық-өкілдік дилеммасының нормативтік дәлелі.

#### *Сыртқы саяси бірегейліктің институционалдық логикасы*

Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты ішкі бірегейлік саясатының өлшемін халықаралық аренаға кеңейту ретінде интерпретацияланады. «Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы» [15] ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтай отырып, халықаралық ынтымақтастықты дамыту стратегиясын анықтайды.

Операционалдық деңгейде бұл Ресей (ЕАЭО), Қытай («Белдеу және жол»), Батыс елдері (FDI тарту) және Ислам дүниесімен (ОИС) бір мезгілде тендестірілген серіктестіктің жүзеге асырылуын білдіреді.

Сыртқы саяси бірегейліктің тиімділігін растайтын институционалдық дерек: Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болды (2017-2018), ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті (2010), Түркі мемлекеттер ұйымы мен ШЫҰ-да белсенді қатысады. Алайда, Ресей мен Батыс арасындағы геосаяси поляризацияның күшеюі (2022-қазір) бұл балансты сақтаудың шегін сынға алуда. Бұл тәуекел ішкі бірегейлік саясатынан да байқалады: Chatham House [16] баяндамасы азаматтық және этникалық бірегейліктер арасындағы тартысты геосаяси контексттің шиеленісуімен байланыстырады.

#### *Цифрлық технологиялар және бірегейлік трансформациясы*

Цифрлық технологиялардың бірегейлік саясатына тигізетін екіжақты әсері эмпирикалық деректермен расталған. Поляризациялаушы әсер тұрғысынан: Дж.Т. Пиккарди [17, p.4] Science журналында жарияланған зерттеуінде алгоритмдік медиа лентасын реттеу аффективтік поляризацияны бір аптада орташа 2 балға өзгерткенін ( $p < 0,001$ ) – бұл орташа есеппен үш жылдағы табиғи поляризация деңгейіне тең екенін анықтады. Н. Цзя мен Л.Й. Фи [18, p.12] коррупция сезімін модератор ретінде пайдаланып, әлеуметтік медиа мазмұнының саяси бірегейлікке тигізетін әсері коррупциялық контекстте күшейетінін мультирегрессиялық модель арқылы көрсетті.

Мобилизациялаушы және тұрақтандырушы потенциал тұрғысынан: Қ. Аббас Шах [19] «цифрлық этнизм» феноменін анықтады – бірегейлік алгоритмдік курация арқылы гиперлокалды да, трансұлттық та нысанға ие бола алады. Бұл Қазақстан үшін маңызды: қазақстандық жастар TikTok пен Instagram арқылы жаһандық мәдениетпен жұмыс жасай отырып, сонымен бірге осы платформалар арқылы қазақ тілді мазмұн жасауда белсенді. 2024 жылғы деректер бойынша TikTok-тегі қазақ тілді контенттің өсуі жылдық 34%-ды құрады [20]. Бұл цифрлық ортаның бірегейлікті ұлттық-жаһандық тоғысу нүктесіне айналдыратынын растайды.

Зерттеу нәтижелері бірегейліктің саяси мобилизациядағы рөлі бір өлшемді емес, контекстке тәуелді күрделі феномен екенін айқындайды. Бірегейлік жекелей алғанда мобилизациялық ресурс ретінде жұмыс істей алмайды – оның нәтижелілігі экономикалық, институционалдық және медиалық факторлармен бірлескенде ғана анықталады. Қазақстандық модель бұл тұрғыда өзіндік ерекшелікке ие: ҚХА форматы этносаралық қайшылықтарды саяси жанжалға ұласпай тұрып институционалдық арна арқылы өңдеуге мүмкіндік береді. Алайда бұл тұрақтылық демократиялық өкілдіктің шектелуі есебінен қамтамасыз етілетіндіктен, тұрақтылық пен плюрализм арасындағы дилемма шешілмеген күйінде қалады. Цифрлық орта бұл теңдеуге жаңа айнымалы қосады: бірегейлік енді тек мемлекеттік институттар арқылы емес, алгоритмдік платформалар арқылы да қалыптасады, бұл болашақта реттеу тиімділігіне тікелей сын болып табылады.

#### **ТАЛҚЫЛАУ**

Зерттеу нәтижелері бірегейлік саясатының теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік тұрғыдан да маңызды бірнеше тұжырымды анықтауға мүмкіндік берді. Бұл тұжырымдар жекелеген эмпирикалық бақылаулардың жиынтығынан тұрмай, олардың арасындағы теориялық байланыстарды айқындайтын синтетикалық бағалаулар болып табылады. Талқылау төрт негізгі осьті – интерсекционалдық тәсілдің аналитикалық шектеулері, «біріктіруші ядросы бар азаматтық ұлтшылдық» моделінің салыстырмалы артықшылықтары мен ішкі кернеулері, цифрлық орта мен реттеу мәселесі, жастар бірегейлігінің трансформациялық маңызы – бойынша дамиды.

Біріншіден, интерсекционалдық тәсілдің аналитикалық жемістілігі мен шектеулері арасындағы тепе-теңдік. Тәсілдің күшті жағы – маргиналданған топтардың мүдделерін ыңғайлы нюанспен бейнелеуі. К. Креншоу [1, p.157] ұсынған аналитикалық шеңбер тек жекелеген бірегейлік векторларын (этникалық, гендерлік, тілдік) дербес зерттеудің орнына олардың

қиылысуы нүктесіндегі ерекше қысым конфигурациясын нысанаға алады. Бұл тәсіл Қазақстандық мысалда, атап айтқанда, этникалық азшылық мәртебесі мен гендерлік факторлардың бірлескен ықпалы нәтижесінде туындайтын саяси маргиналдану феноменін анықтауда жемісті болады. Алайда жүйелі шолу нәтижелері бір маңызды шектеуді айқындайды: тек бірегейлік риторикасына сүйенген мобилизация ұзақ мерзімде өз зарядын жоғалтады. Э. Логан [7, р.2964] мен Н. Женнаиоли мен Г. Табеллини [6, р.56] жұмыстары бірегейлік дискурсының экономикалық мазмұннан ажырау жағдайында саяси манипуляцияның ыңғайлы нысанасына айналатынын, ал нақты мобилизациялық нәтиже беру мүмкіндігін жоғалтатынын нақты деректермен дәлелдейді. Бұл кемшілікті жою Р. Панде [5] ұсынған бағытта мүмкін: бірегейлік риторикасын экономикалық саясатпен органикалық байланыстыру. Қазақстандық контекстте «Болашақ», «Жас маман» бағдарламалары осы байланыстыру механизмінің практикалық мысалы болып табылады: бұл бағдарламалар ұлттық бірегейлікті экономикалық инвестиция ретінде ұсынады, яғни азаматтық-бірегейлікті дискурсты нақты материалдық пайдамен тікелей байланыстырады. Демек, Қазақстандық модель интерсекционалдық тәсілдің шектеулерін ішінара практикалық деңгейде жеңіп өтуге талпынады деп айтуға болады, алайда бұл байланыстырудың институционалдық тиімділігін өлшейтін арнайы эмпирикалық зерттеу жоқтығы – болашақ ғылыми кеңістіктің ашық мәселесі болып қалады.

Екіншіден, «біріктіруші ядросы бар азаматтық ұлтшылдық» моделінің салыстырмалы артықшылығы мен ішкі қайшылығы. Артықшылығы – этносаралық тұрақтылықтың отыз жылдық деңгейі; ішкі қайшылығы – тұрақтылық этникалық, діни немесе гендерлік негізде партиялар құруға заңдық тыйым салу арқылы қамтамасыз етілгенде, саяси өкілдіктің толықтығы шектелуі мүмкін. Демократиялық теория тұрғысынан бұл классикалық Мајоне-дилемма: бейтараптандырылған саяси кеңістік тұрақтылықты қамтамасыз ете алады, бірақ азшылық топтардың шынайы саяси ұсыныстарын институционалдық деңгейде өкілдендіру мүмкіндіктерін тарылтады [14]. Осы тұста ҚХА-ның институционалдық эволюциясы аса маңызды: 2007-2019 жылдардағы заң шығарушылық функцияның (Мәжілістің 9 мандаты) кеңеюі ассамблея форматын кеңесші органнан шынайы заңнамалық актор ретінде қалыптастыруға бағытталса, 2022 жылғы конституциялық реформа бұл мандаттарды алып тастады. Бұл регресс пе, әлде институционалдық оңтайландыру ма? Бір жағынан, ол ҚХА-ның заң шығарушылық функциясының саяси өкілдік принципінен іргелі алшақтығын – бұл өкілдер тікелей сайлауда таңдалмайды – танып, ассамблеяны шынайы рөліне – консультативтік-медиациялық платформаға – қайтарды деп бағалауға болады. Екінші жағынан, заң шығарушылық мандаттардың алынуы азшылық топтардың парламенттік өкілдігі арналарының тарылуы ретінде де интерпретацияланады. Бұл тұрақтылық-плюрализм дилеммасының шешілмеген күйінде қалуы – ұзақ мерзімде институционалдық кернеудің жинақталуын туғызатын, болашақ саяси реформалардың орталық мәселесіне айналуы ықтимал факторды білдіреді.

Үшіншіден, цифрлық ортадағы бірегейліктің реттелуінің маңызы. Дж.Т. Пиккарди [17, р.5] зерттеуі алгоритмдік медиа мемлекеттік бірегейлік саясатынан тәуелсіз поляризациялық күш ретінде жұмыс істей алатынын эксперименттік деректермен растады: алгоритмдік лентаны реттеу аффеक्टивтік поляризацияны тек бір аптада орташа үш жылдық табиғи өсімге балама деңгейде өзгертетіні анықталды. Бұл Қазақстан үшін практикалық қорытынды туғызады. ҚХА форматындағы институционалдандырылған диалог – мейлі ол 195-тен астам мамандандырылған орталықты, театрларды, этникалық медиа ресурстарды қамтыса да – цифрлық «эхо-камера» эффекті бейтараптандыру үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Себебі алгоритмдік ортаның поляризациялық механизмі мемлекеттік реттеу шеңберінен тыс, нақты айтқанда – трансұлттық платформалардың инфрақұрылымы арқылы – жұмыс істейді. Н. Цзя мен Л.Й. Фи [18, р.12] зерттеуі коррупция сезімін модератор ретінде пайдаланып, бұл байланысты күшейтеді: мемлекеттік институттарға сенімнің төмендеуі жағдайында цифрлық поляризацияның бірегейлік белсенділігіне трансформациялану қаупі арта түседі. Қ. Аббас Шах [19] анықтаған «цифрлық этницизм» феномені – бірегейліктің алгоритмдік курация арқылы бір мезгілде гиперлокалды да, трансұлттық да нысанға ие болуы – Қазақстан үшін екіжақты болжамды туғызады. Оң жағынан:

қазақ тілді цифрлық мазмұнның жылдық 34%-дық өсімі (2024) тіл саясаты мен азаматтық бірегейліктің цифрлық кеңістікте өзін-өзі ұдайы жаңғыртуының куәсі болуы мүмкін. Теріс жағынан: дәл сол алгоритмдік орта бірегейліктің поляризацияланған нысандарын – қарапайым ресми дискурстан тыс – жаппай тарату мүмкіндігін береді. Бұдан шығатын практикалық қорытынды: бірегейлік саясаты цифрлық органы реттеудің жаңа механизмдерін – алгоритмдік аудит, мәдени медиация, цифрлық сауаттылық бағдарламалары – кешенді тәртіпте дамытуды міндеттейді, себебі тек нормативтік тыйым алгоритмдік инфрақұрылым деңгейіндегі поляризациялық динамиканы тоқтата алмайды.

Төртіншіден, жастар бірегейлігінің эволюциялық маңызы. Е. Бурибаев пен Ж. Хамзина [11, p.8] зерттеуі жастардың гибриді бірегейлігінің урбандалу мен білім деңгейіне тәуелді екенін деректермен дәлелдеді: урбандалған, жоғары білімді жастар қазақ тілін мемлекеттік бірегейліктің символдық маркері ретінде қабылдай отырып, жаһандық мәдени мазмұнмен күнделікті ағылшын тілінде жұмыс жасайды, орыс тілін ресурстық байланыс тілі ретінде сақтайды. Бұл гибриді модель «қайшылық» емес – «ресурс» ретінде зерттеу нысанына айналуға тиіс. Алайда зерттеу нәтижелері ауыл-қала арасындағы бірегейліктік дихотомияның теориялық маңызына назар аудартады: урбандалған жастардың гибриді бірегейлігі мен ауылдық аймақтардағы дәстүрлі рулық-этникалық идентификация арасындағы алшақтық болашақта бірегейлік саясатының жаңа геосаяси контурларын сызуы мүмкін. Қазақстандағы урбандалу қарқыны (2024 жылы қалалық халық 60%-дан асты) бұл тәуекелдің уақытша тезделуіне алып келуі мүмкін: ауылдан қалаға орын ауыстыру жастардың бірегейлік қайта конфигурациялану кезеңімен сәйкес келгенде, бірегейлік транзиттің саяси салдарлары айқындала бастайды. Осы тәуекелді ескере отырып, мемлекеттік жастар саясаты бірегейлікті «жалпы қазақстандық» деп декларациялаудан ауылдық-қалалық бірегейлік алшақтығын деректерге негізделген тәсілмен мониторингтеуге дейінгі эволюция жасауы стратегиялық тұрғыдан маңызды.

Талқылау барысында анықталған негізгі тұжырым мынада: бірегейлік саясатының тиімділігі оны жүзеге асыратын институционалдық орта мен контекстуалдық шарттардың сәйкестігіне тікелей байланысты. Интерсекционалдық тәсіл аналитикалық тұрғыдан күшті болғанымен, экономикалық мазмұннан ажыратылған бірегейлік риторикасы ұзақ мерзімді перспективада өз мобилизациялық зарядын жоғалтады. Қазақстандық модельдің отыз жылдық тұрақтылығы оның салыстырмалы артықшылығын дәлелдейді, алайда бұл тұрақтылық саяси өкілдіктің шектелуі арқылы ұсталып тұрғандықтан, жүйенің ішкі кернеуі жойылған жоқ — тек институционалдық түрде ұсталып отыр. Бұған цифрлық орта қосымша күрделілік қатарын енгізеді: алгоритмдік поляризация мемлекеттік реттеу шеңберінен тыс жұмыс істейтіндіктен, дәстүрлі институционалдық механизмдер жеткіліксіз болып қалуы мүмкін. Ең маңыздысы – урбандалу қарқынымен жеделдеп келе жатқан жастар бірегейлігінің трансформациясы болашақтағы саяси ландшафтты қайта пішіндейтін факторға айналуы ықтимал. Бірегейлік саясатының тиімділік шарты, сайып келгенде, оның экономикалық, институционалдық және цифрлық саясатпен бірігіп кешенді жүйе ретінде жұмыс істеуінде жатыр.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Осы зерттеу бастапқыда қойылған сұраққа – интерсекционалдық бірегейлік конфигурациялары Қазақстандағы саяси мобилизация мен этносаралық тұрақтылыққа қандай шарттарда біріктіруші, ал қандай шарттарда бөлуші фактор болады? – деректермен негізделген жауап беруге тырысты.

Зерттеу нәтижелері мынадай тұжырымдарды анықтады. Біріншіден, бірегейліктің мобилизациялық потенциалы оның экономикалық күн тәртібімен, нақты саяси ұсыныстармен үйлесу дәрежесіне тура пропорционал. Тек бірегейлік риторикасына сүйенген мобилизация қысқа мерзімді болып, ұзақ мерзімде демобилизациялық нәтиже беруі мүмкін. Екіншіден, «біріктіруші ядросы бар азаматтық ұлтшылдық» моделі отыз жылдық этносаралық тұрақтылықты институционалдандырылған диалог – ҚХА, тілдік саясат, мәдени инфрақұрылым – арқылы қамтамасыз ете алды. Алайда бұл тұрақтылық белгілі бір деңгейде саяси плюрализмнің шектелуі арқылы

ұсталды, бұл болашақтағы демократиялық транзитте шешуді талап ететін институционалдық дилеммаға айналады.

Үшіншіден, цифрлық технологиялар мемлекеттік бірегейлік саясатынан тәуелсіз жұмыс істейтін поляризациялық және мобилизациялық күшке айналды. Алгоритмдік «эхо-камера» эффектінің бейтараптандыру үшін тек нормативтік тыйым емес, білімдік-медиациялық тетіктер қажет. Төртіншіден, жастардың гибриді бірегейлігі – стратегиялық ресурс ретінде – урбандалу мен цифрлық мүмкіндіктерге байланысты асимметриялы дамып отыр, бұл ауыл-қала бірегейлікті алшақтығын болашақ саяси зерттеулердің нысанына айналдырады.

Бұл тұжырымдар бірегейлік саясатының теориясы мен тәжірибесіне маңызды үлес қосады. Теориялық тұрғыдан: интерсекционалдық тәсілді постсоветтік полиэтносты контекстте операционалдандырудың мүмкіндіктері мен шектеулері нақтыланды. Тәжірибелік тұрғыдан: Қазақстандық бірегейлік моделінің тиімділігі мен шектеулері эмпирикалық тұрғыдан жүйеленді, бұл саясат жасаушылар үшін дәлелдеме негізделген (evidence-based) ұсыныстардың бастапқы базасын қалайды.

**ҚАРЖЫЛАНДЫРУ:** Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым Комитетінің қаржыландыруы аясында дайындалған (BR31714927 «Қазақстандық динамиканың социеталды контекстіндегі көпқырлы бірегейлік пен қоғамдық консенсус: гибриді сын-қатерлер жағдайында азаматтық бірлік модельдерін іздеу»).

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Crenshaw K. *Demarginalizing the Intersection of Race and Sex: A Black Feminist Critique of Anti-discrimination Doctrine, Feminist Theory and Antiracist Politics* // *University of Chicago Legal Forum*. – 1989. – Vol. 1989, № 1. – P. 139-167.
2. Tajfel H., Turner J.C. *An integrative theory of intergroup conflict* // *The Social Psychology of Intergroup Relations* / Ed. by W.G. Austin, S. Worchel. – Monterey: Brooks/Cole, 1979. – P. 33-47.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы [Электронды ресурс]. – 2015. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001012> (қаралған күні: 15.02.2025).
4. Lemoli G. *Ethnic Media and the Mobilization of Identity* // *Comparative Political Studies*. – 2024. – Vol. 58, №5. – P. 890-923.
5. Pande R. "Identity politics" is economic policy // *Science*. – 2025. – Vol. 387, eadu9409.
6. Gennaioli N., Tabellini G. *Identity Politics* // *CEPR Discussion Paper*. – 2023. – № 18055. – P. 1-65.
7. Logan E. *The 2024 U.S. presidential election & the politics of race: responding to a moment of crisis with analysis, insight & action* // *Ethnic and Racial Studies*. – 2025. – Vol. 48, № 15. – P. 2953-2970.
8. Ojer J., Cárcamo D., Pastor-Satorras R. et al. *Charting multidimensional ideological polarization across demographic groups in the USA* // *Nature Human Behaviour*. – 2025. – Vol. 9. – P. 2027-2037.
9. Ақжанов Б. Қоғамдық сананың жаңғыруы: қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту // *Ақиқат*. – 2017. – № 11. – 30-33 б.
10. Әшімбаев М. «Қазақ ренессансы» туралы – 2050 жылды күтудің қажеті жоқ [Электронды ресурс]. – URL: <https://azattyq-ruhy.kz/politics/91398> (қаралған күні: 20.02.2025).
11. Buribayev Y., Khamzina Z., Buribayeva A. *Between traditions and globalization: value orientations of Kazakhstani youth* // *Frontiers in Sociology*. – 2025. – Vol. 10, 1563274. – P. 1-13. – URL: <https://doi.org/10.3389/fsoc.2025.1563274>
12. Weldon S.L. *When Protest Makes Policy: How Social Movements Represent Disadvantaged Groups*. – Ann Arbor: University of Michigan Press, 2013. – P. 223.

13. Azilkhanov M. *Assembly of People of Kazakhstan Credited with Shaping National Unity* [Electronic resource] // *The Astana Times*. – 2025. – URL: <https://astanatimes.com/2025/04/assembly-of-people-of-kazakhstan-credited-with-shaping-national-unity/> (accessed on: 15.02.2025).

14. Freedom House. *Kazakhstan: Freedom in the World 2024 Country Report* [Electronic resource]. – 2024. – URL: <https://freedomhouse.org/country/kazakhstan/freedom-world/2024> (accessed on: 15.02.2025).

15. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы [Электронды ресурс]. – 2020. – URL: [https://www.akorda.kz/kz/legal\\_acts/decrees/](https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/) (қаралған күні: 15.02.2025).

16. Chatham House. *Kazakhstan: Tested by Transition – Identity politics* [Electronic resource]. – 2019. – URL: <https://www.chathamhouse.org/2019/11/kazakhstan-tested-transition/5-identity-politics> (accessed on: 15.02.2025).

17. Piccardi J.T. et al. *Reranking partisan animosity in algorithmic social media feeds alters affective polarization* // *Science*. – 2025. – Vol. 390, eadu5584. – P. 1-7.

18. Jia N., Fee L.Y. *The influence of social media content on political identity with corruption perception as a moderator* // *Frontiers in Political Science*. – 2025. – Vol. 7, 1659804. – P. 1-14. – URL: <https://doi.org/10.3389/fpos.2025.1659804>

19. Shah Q.A. *Digital Ethnicism: The Rise Of Identity Politics In The Age Of Hyperconnected Anarchy* [Electronic resource] // *Eurasia Review*. – 2025. – URL: <https://www.eurasiareview.com/22042025-digital-ethnicism-the-rise-of-identity-politics-in-the-age-of-hyperconnected-anarchy-oped/> (accessed on: 15.02.2025).

20. *Digital 2024: основные выводы из ежегодного отчёта DataReportal*. — URL: <https://www.bybyd.me/ru/blog/2024/02/digital-2024-datareportal/> (дата обращения: 27.02.2024).

#### References:

1. Crenshaw K. *Demarginalizing the Intersection of Race and Sex: A Black Feminist Critique of Anti-discrimination Doctrine, Feminist Theory and Antiracist Politics* // *University of Chicago Legal Forum*. – 1989. – Vol. 1989, № 1. – P. 139-167.

2. Tajfel H., Turner J.C. *An integrative theory of intergroup conflict* // *The Social Psychology of Intergroup Relations* / Ed. by W.G. Austin, S. Worchel. – Monterey: Brooks/Cole, 1979. – P. 33-47.

3. *Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin Zharlygy. Qazaqstandyq biregeylik pen birlikti nygaitu zhane damytu tuzhyrymdamasy* [Elektronды resurs]. – 2015. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001012> (qaralghan kuni: 15.02.2025).

4. Lemoli G. *Ethnic Media and the Mobilization of Identity* // *Comparative Political Studies*. – 2024. – Vol. 58, No. 5. – P. 890-923.

5. Pande R. *"Identity politics" is economic policy* // *Science*. – 2025. – Vol. 387, eadu9409.

6. Gennaioli N., Tabellini G. *Identity Politics* // *CEPR Discussion Paper*. – 2023. – № 18055. – P. 1-65.

7. Logan E. *The 2024 U.S. presidential election & the politics of race: responding to a moment of crisis with analysis, insight & action* // *Ethnic and Racial Studies*. – 2025. – Vol. 48, № 15. – P. 2953-2970.

8. Ojer J., Cárcamo D., Pastor-Satorras R. et al. *Charting multidimensional ideological polarization across demographic groups in the USA* // *Nature Human Behaviour*. – 2025. – Vol. 9. – P. 2027-2037.

9. Aqzhanov B. *Qogamdyq sanamyn zhangyruy: qazaqstandyq biregeylik pen birlikti nygaytu zhane damytu* // *Aqiqat*. – 2017. – № 11. – 30-33 b.

10. Ashimbaev M. *«Qazaq renessansy» turaly – 2050 zhyldy kutudin qazheti zhoq* [Elektronды resurs]. – URL: <https://azattyq-ruhy.kz/politics/91398> (qaralghan kyni: 20.02.2025).

11. Buribayev Y., Khamzina Z., Buribayeva A. *Between traditions and globalization: value orientations of Kazakhstani youth* // *Frontiers in Sociology*. – 2025. – Vol. 10, 1563274. – P. 1-13. – URL: <https://doi.org/10.3389/fsoc.2025.1563274>

12. Weldon S.L. *When Protest Makes Policy: How Social Movements Represent Disadvantaged Groups*. – Ann Arbor: University of Michigan Press, 2013. – P. 223.
13. 13. Azilkhanov M. *Assembly of People of Kazakhstan Credited with Shaping National Unity* [Electronic resource] // *The Astana Times*. – 2025. – URL: <https://astanatimes.com/2025/04/assembly-of-people-of-kazakhstan-credited-with-shaping-national-unity/> (accessed on: 15.02.2025).
14. 14. Freedom House. *Kazakhstan: Freedom in the World 2024 Country Report* [Electronic resource]. – 2024. – URL: <https://freedomhouse.org/country/kazakhstan/freedom-world/2024> (accessed on: 15.02.2025).
15. 15. *Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin Zharlygy. Qazaqstan Respublikasy syrtqy sayasatynyn 2020–2030 zhyldarga amalghan tuzhyrymdamasy* [Elektronnyy resurs]. – 2020. – URL: [https://www.akorda.kz/kz/legal\\_acts/decrees/](https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/) (qaralghan kyni: 15.02.2025).
16. 16. Chatham House. *Kazakhstan: Tested by Transition – Identity politics* [Electronic resource]. – 2019. – URL: <https://www.chathamhouse.org/2019/11/kazakhstan-tested-transition/5-identity-politics> (accessed on: 15.02.2025).
17. Piccardi J.T. et al. *Reranking partisan animosity in algorithmic social media feeds alters affective polarization* // *Science*. – 2025. – Vol. 390, eadu5584. – P. 1-7.
18. Jia N., Fee L.Y. *The influence of social media content on political identity with corruption perception as a moderator* // *Frontiers in Political Science*. – 2025. – Vol. 7, 1659804. – P. 1-14. – URL: <https://doi.org/10.3389/fpos.2025.1659804>
19. 19. Shah Q.A. *Digital Ethnicism: The Rise Of Identity Politics In The Age Of Hyperconnected Anarchy* [Electronic resource] // *Eurasia Review*. – 2025. – URL: <https://www.eurasiareview.com/22042025-digital-ethnicism-the-rise-of-identity-politics-in-the-age-of-hyperconnected-anarchy-oped/> (accessed on: 15.02.2025).
20. *Digital 2024: osnovnye vyvody iz ezhegodnogo otcheta DataReportal.* — URL: <https://www.byvd.me/ru/blog/2024/02/digital-2024-datareportal/> (дата обращения: 27.02.2024)

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ  
ОРТАҚ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ  
СОВМЕСТНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ УЧЕНЫХ  
КАЗАХСТАНА И ЗАРУБЕЖЬЯ  
JOINT RESEARCHES OF SCIENTISTS OF KAZAKHSTAN AND ABROAD

---

IRSTI: 04.51.53

DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-6270.2026.93.1.012>

A.T. Sadyrova <sup>1</sup> , Zh.Y. Ishpekbayev <sup>1</sup> , D.Ye. Amirbayeva <sup>2\*</sup> , A.R. Özkan <sup>3</sup> 

<sup>1</sup>*Abai Kazakh National Pedagogical University  
Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Higher School of Humanities, Caspian University  
Almaty, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*Ankara University, Faculty of Divinity, Department of Philosophy and Religious Sciences,  
Department of Sociology of Religion  
Ankara, Turkey*

\*e-mail: [d.amirbayeva@cu.edu.kz](mailto:d.amirbayeva@cu.edu.kz)

INDEPENDENT LIVING CHALLENGES AMONG ORPHANAGE GRADUATES  
IN KAZAKHSTAN

*Abstract*

This article offers a theoretically informed and critically grounded analysis of the structural, relational, and psychosocial constraints encountered by orphanage graduates in their transition to independent adulthood. Drawing on qualitative methods including semi-structured interviews and focus group discussions with residents, caregivers, social workers, and field experts, the study moves beyond descriptive assessment to interrogate the institutional configurations that shape post-care trajectories. The authors argue that the difficulties experienced by orphanage graduates are not reducible to individual deficits but reflect structurally embedded discontinuities between institutional care and societal integration. Empirical findings indicate persistent deficits in familial and relational capital, limited preparation in practical life competencies (e.g., domestic management, financial planning, legal literacy), and heightened exposure to precarious employment and housing markets, particularly in smaller urban contexts. These material constraints intersect with psychosocial vulnerabilities attachment instability, diminished self-efficacy, and distrust thereby reinforcing patterns of marginalization. This convergence suggests a systemic underinvestment in capability formation within institutional environments, where custodial stability often supersedes developmental empowerment. Although formal social and psychological services are nominally available, their implementation remains fragmented and temporally limited. The resulting policy gap contributes to dependency orientations and misconceptions regarding state support, which, when combined with low financial literacy and weak legal awareness, perpetuate cycles of socio-economic precarity. The authors interpret these patterns as indicative of structural bias within welfare frameworks that prioritize short-term protection over long-term integration. The article advances a policy-oriented framework advocating integrated, multi-disciplinary interventions that embed life-skills education, sustained psychological support, mentorship, and community-based inclusion within a longitudinal support architecture. Such recalibration, the authors contend, is essential for transforming institutional care from custodial provision to emancipatory social integration.

**Keywords:** social integration, life skills, financial literacy, social services, youth marginalization.

А.Т. Садырова<sup>1</sup>, Ж.Е. Ішпекбаев<sup>1</sup>, Д.Е. Амирбаева<sup>2\*</sup>, А.Р. Озкан<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, Каспий Университеті  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Анкара университеті, Дінтану факультеті, Философия және дінтану кафедрасы,  
Дін социологиясы кафедрасы  
Анкара қ., Түркия

\*e-mail: [d.amirbayeva@cu.edu.kz](mailto:d.amirbayeva@cu.edu.kz)

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАР ҮЙІ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ДЕРБЕС ӨМІР СҮРУІ КЕЗІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН МӘСЕЛЕЛЕР

### Аңдатпа

Бұл мақала балалар үйі түлектерінің дербес өмірге көшу кезеңіндегі құрылымдық, әлеуметтік және психологиялық сипаттағы қиындықтарын кешенді талдауға бағытталған. Сапалық зерттеу дизайны аясында тәрбиеленушілермен, тәрбиешілермен, әлеуметтік қызметкерлермен және сарапшылармен жүргізілген тереңдетілген сұхбаттар мен фокус-топтар дербес өмірге өтудің тек жеке бейімделу мәселесі емес, институционалдық әлеуметтену үлгісінің шектеулерімен шартталған құрылымдық құбылыс екенін айқындады. Эмпирикалық деректер отбасылық қолдау желілерінің болмауы, тұрақты жұмыспен және баспанамен қамтамасыз етілуіндегі кедергілер, сондай-ақ тәуекелді мінез-құлықтарға бейімділік сияқты факторлардың өзара тоғысып, әлеуметтік маргиналданду тәуекелін күшейтетінін көрсетеді. Сонымен қатар, тұрмыстық және қаржылық дағдылардың жеткіліксіз қалыптасуы (тамақ дайындау, бюджетті жоспарлау, құқықтық сауаттылық) түлектердің автономиялық шешім қабылдау қабілетін шектейді. Бұл жағдай институционалдық қамқорлық жүйесінде қорғау логикасының даму логикасынан басым екенін көрсетеді, яғни қамқорлық бар, бірақ қабілеттілік қалыптастыру жеткіліксіз. Психоэмоциялық деңгейде байланыс орнатудағы қиындықтар, өзін-өзі бағалаудың төмендігі және сенім тапшылығы байқалады. Біз бұл құбылысты жеке әлсіздік ретінде емес, әлеуметтік капиталдың үзілуі мен қатынастық сенімнің институционалдық түрде қайта өндірілмеуінің салдары ретінде түсіндіреміз. Қолданыстағы әлеуметтік қолдау қызметтері көбіне фрагментарлы және қысқа мерзімді сипатта, бұл ұзақмерзімді интеграциялық нәтижелерге жеткізбейді. Мақала ерте жастан өмірлік дағдыларды жүйелі оқыту, үздіксіз психологиялық сүйемелдеу, тәлімгерлік институтын дамыту және қауымдастықтық қолдау желілерін қалыптастыруды қамтитын көпсалалы саясаттық модельді ұсынады. Біз дербестікке көшу процесін әлеуметтік қорғаудан әлеуметтік қабілеттілікке көшу парадигмасы арқылы қайта пайымдау қажет деп пайымдаймыз, өйткені тек осындай тәсіл ғана түлектердің қоғамға толыққанды интеграциясын қамтамасыз ете алады.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік интеграция, өмірлік дағдылар, қаржылық сауаттылық, әлеуметтік қызметтер, жастардың маргиналдандуы.

Садырова А.Т.<sup>1</sup>, Ишпекбаев Ж.Е.<sup>1</sup>, Амирбаева Д.Е.<sup>2\*</sup>, Озкан А.Р.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая  
г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Высшая школа гуманитарных наук, Каспийский университет  
г. Алматы, Казахстан

<sup>3</sup>Университет Анкары, Факультет теологии,  
Кафедра философии и религиоведения, Кафедра социологии религии  
г. Анкара, Турция

\*e-mail: [d.amirbayeva@cu.edu.kz](mailto:d.amirbayeva@cu.edu.kz)

## ПРОБЛЕМЫ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ ЖИЗНИ ВОСПИТАННИКОВ ДЕТСКИХ ДОМОВ В КАЗАХСТАНЕ

### Аннотация

В статье предлагается аналитически выверенное рассмотрение проблем, возникающих у выпускников детских домов при переходе к самостоятельной жизни и социальной интеграции. На основе качественного дизайна исследования (интервью и фокус-группы с воспитанниками, воспитателями, социальными работниками и экспертами) выявлены устойчивые барьеры: дефицит семейно-родственных сетей поддержки, вовлеченность в рискованные практики (включая употребление психотропных веществ), а также ограниченный доступ к стабильной занятости и жилью. Мы утверждаем, что указанные трудности следует интерпретировать не как сумму индивидуальных “несформированностей”, а как эффект институционально заданной раскрываемости жизненного курса, когда система опеки обеспечивает базовую защиту, но недостаточно формирует условия для автономии. Результаты показывают выраженный дефицит практических компетенций (приготовление пищи, ведение быта, финансовое планирование), что указывает на структурный перекос в сторону “содержания” вместо “развития способностей”. Параллельно фиксируются эмоционально-психологические уязвимости: нарушения привязанности, сниженная самооценка, дефицит доверия, которые осложняют формирование социального капитала и устойчивых горизонтальных связей. При этом действующие социальные и психологические службы поддержки нередко фрагментарны и краткосрочны, что объясняется нехваткой ресурсов и отсутствием долгосрочных комплексных программ. Отдельно подчёркиваются системные ограничения: жилищный дефицит, узкие рынки труда (особенно в малых городах), низкая финансовая и правовая грамотность, импульсивные траты. Это указывает на институциональный “провал сопровождения”: помощь декларируется, но не превращается в непрерывную траекторию поддержки, вследствие чего воспроизводится зависимое поведение и риск маргинализации. В качестве решения обосновывается междисциплинарная модель, сочетающая раннее обучение жизненным навыкам, длительное психологическое сопровождение, наставничество, юридическую помощь и сети общественной поддержки. Мы полагаем, что переход к самостоятельности требует смены парадигмы от реактивной социальной защиты к проактивному формированию возможностей, позволяющих выпускникам стать ответственными и автономными гражданами.

**Ключевые слова:** социальная интеграция, жизненные навыки, финансовая грамотность, социальные услуги, маргинализация молодежи.

### INTRODUCTION

The transition from institutional care to independent adulthood represents a critical and often fragile turning point for orphanage graduates [1], [2, p. 189–199], [3]. While institutional systems are primarily designed to provide protection, structure, and basic needs during childhood, they frequently fall short in preparing young people for the complex realities of adult life. This gap becomes

especially visible at the moment of leaving care, when institutional support is abruptly reduced and individuals are expected to function autonomously. In this context, the transition is not merely a life stage but a structurally conditioned process shaped by institutional practices, social expectations, and unequal access to resources.

Long-term residence in orphanages and foster care institutions remains a structurally embedded feature of child welfare systems in many countries. Although these arrangements aim to ensure stability and protection, research consistently shows that institutional protection does not automatically translate into developmental empowerment. Care leavers often experience insufficient financial, medical, and social support upon exit, which constrains their capacity to achieve sustainable autonomy [4, p. 23]. Empirical evidence further demonstrates significant disparities between youth involved in child welfare systems and their non-care peers in terms of education, employment, and social integration [5, p. 186], [6, p. 83], [7, p. 1900]. For instance, Williams [8, p. 69] estimates that approximately 500,000 young people in U.S. foster care are at elevated risk of adverse life outcomes, including homelessness and unemployment. Similarly, Landsverk et al. report that between 50% and 75% of children in foster care exhibit behavioral or socio-emotional difficulties [9]. These findings suggest that institutional care may inadvertently reproduce structural vulnerability rather than mitigate it.

A central theme in the literature concerns deficits in life skills acquisition. Institutional environments often limit children's participation in everyday domestic responsibilities, thereby restricting experiential learning and the development of practical competencies [10, p. 6],[11], [12, p. 46], [13]. This reflects a structural displacement of agency: routine tasks are performed by staff, while residents remain passive recipients of care. As a result, many young people leave institutions without basic skills such as cooking, budgeting, or household management.

This study draws on qualitative interviews with orphanage graduates, caregivers, teachers, and social workers to examine how institutional environments shape post-care trajectories. The findings confirm and extend existing research by highlighting multidimensional deficits that hinder successful integration into independent living. Gendered socialization patterns further exacerbate these inequalities: boys are rarely exposed to domestic responsibilities, while girls often lack opportunities to develop financial independence or spatial autonomy.

Emotional and psychological preparedness also remains insufficiently developed. The literature underscores the impact of disrupted attachment and limited relational continuity within institutional settings, which contributes to difficulties in forming trusting relationships and maintaining emotional stability [14, p. 192], [15, p. 762], [16, p. 4]. Although psychological services may be available, they are often episodic rather than continuous, limiting their long-term effectiveness. Without sustained mentorship and stable relational support, resilience cannot be adequately developed.

In addition, financial literacy and housing insecurity represent persistent structural challenges. Despite the provision of stipends or state assistance, many graduates struggle with budgeting and long-term planning, reinforcing patterns of dependency [17, p. 78]. Housing access is often constrained by bureaucratic barriers and limited availability, further complicating the transition to independent living [18].

Overall, the combined evidence suggests a fundamental tension between welfare provision and capability development. While institutional systems succeed in providing basic care, they often fail to equip young people with the skills, resources, and psychological capacities necessary for autonomous adulthood. Addressing this gap requires a shift from custodial models of care toward capability-oriented approaches that emphasize sustained skill formation, relational continuity, and structural integration mechanisms.

## **RESEARCH METHODOLOGY**

The primary objective of this study is to critically examine the structural and experiential dimensions of social and household skill deficiencies among orphanage graduates in the Republic of Kazakhstan. While the immediate analytical focus concerns practical competencies such as cooking, cleaning, laundry, budgeting, and personal administration these deficits are conceptualized within a

broader framework of institutional socialization and capability formation. This approach allows the study to move beyond a mere descriptive account of missing skills toward an in-depth exploration of how institutional practices shape trajectories of autonomy and independence. In doing so, the research emphasizes the interplay between structural provisions, relational experiences, and individual adaptation processes, reflecting the complex realities of post-institutional transition.

*Research Design and Epistemological Position.* This study adopts a qualitative research paradigm grounded in interpretive and constructivist epistemology. The authors posit that the transition from institutional care to independent adulthood constitutes a socially mediated process that cannot be adequately captured through purely quantitative indicators. By focusing on qualitative inquiry, the research can examine lived experiences, institutional routines, normative expectations, and perceived barriers that structure post-care integration. The interpretive stance acknowledges that knowledge is co-constructed between participants and researchers, enabling insights into subjective experiences while simultaneously situating them within broader structural and cultural contexts.

*Data Collection Methods.* A multi-method qualitative design was employed to ensure analytical depth, methodological triangulation, and robustness of findings.

1. *Semi-Structured Interviews:* Interviews were conducted with orphanage staff, caregivers, teachers, social workers, child development specialists, and orphanage graduates themselves. The semi-structured format allowed respondents to share personal perspectives on skill acquisition, institutional constraints, supervision practices, and systemic barriers to independence. This approach facilitates the identification of institutional logics and routines that may unintentionally reproduce dependency or hinder capability formation.

2. *Focus Group Discussions (FGDs):* FGDs included adolescents aged 14–18, particularly those nearing graduation, as well as caregivers and sector experts. These discussions explored collective narratives about socialization, peer influence, gendered expectations, and preparedness for independent living. The group setting enabled researchers to capture shared discourses, normative tensions, and community-level perceptions that may not surface in individual interviews.

3. *Direct Observation and Document Analysis:* Systematic observation of institutional routines and review of training manuals, policy documents, and educational materials were conducted to assess gaps between formal institutional frameworks and everyday practices. Observational data allowed verification of reported practices, while document analysis provided insight into policy intentions versus practical implementation. This triangulation strengthens analytical validity and supports the identification of structural discontinuities that shape post-care outcomes.

*Data Analysis.* All interviews and FGDs were transcribed verbatim and analyzed using thematic analysis following Braun and Clarke’s methodology [19]. Coding was conducted both inductively and deductively, identifying recurring patterns related to skill acquisition, institutional dependency, psychosocial vulnerability, and systemic barriers. Thematic convergence was interpreted as evidence of structural continuity rather than mere repetition, reflecting shared institutional constraints and cultural expectations across different orphanage settings. Analytical rigor was enhanced through iterative review, peer debriefing, and reflective memoing to minimize interpretive bias and strengthen credibility.

#### *Research Objectives*

The study addresses the following objectives:

1. To analyze socio-demographic characteristics of orphanage residents;
2. To identify systemic and experiential challenges across regions;
3. To examine institutional socialization patterns affecting autonomy;
4. To assess multi-dimensional support needs, including social, psychological, and legal domains;
5. To critically evaluate existing support mechanisms and policy frameworks for post-institutional integration.

*Subjects and Objects of Study.* The subjects of the study include current residents and graduates of orphanages, as well as professionals in the sector, including psychologists, social workers, educators,

integration specialists, employers, and representatives of support foundations. Objects of analysis comprise institutional socialization processes, practical life skill formation, and policy or organizational structures influencing post-care outcomes.

*Sampling and Scope.* The study includes a minimum of 100 orphanage graduates from multiple regions, with a concentration in Almaty City due to its demographic and administrative significance. At least five sector experts were interviewed to provide professional perspectives. While the study does not aim for statistical generalization, geographic diversity and inclusion of multiple stakeholder perspectives enhance the transferability of findings and allow for nuanced understanding of systemic and experiential challenges in different institutional contexts.

